орындау,Синквейн әдісі. 4 дағды орындалды. Мәтінмен жұмыстар орындалды. Оқушылардың сабаққа қатысымы қанағаттанарлық. Мұғалімнің дидактикалық материалдары бар.. Оқушы білімі бағаланды.Үйге тапсырма берілді.Дәптерлері тексерілген.

Қазақстан тарихы пәні. /пән мұғ Баймуратова Г./Күнтізбелік сабақ жоспарлары бар, журналмен күнтізбелік жоспарлар сәйкес келеді.Электрондық журнал толтырылған 8 қарашада «Мемлекеттік органдардың қызметі қандай » тақырыбындағы сабағына қатыстым Сабақтың мақсаты айтылды. Ұйымдастыру кезеңі болды. Миға шабуыл сұрақтарын қою арқылы үй тапсырмасын қайталап шықты. Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұралды.Ресурсы жоқ.Кітап бойынша текстпен жұмыс орындалды. Үйге тапсырма берілді.
Биология пәні./ Пән мұғалімі: Түлкібай Ж./Күнтізбелік сабақ жоспарлары бар, журналмен күнтізбелік жоспарлар сәйкес келеді.Электрондық журнал толтырылған. 09 қарашада «Анаэробты және аэробты тыныс алу » тақырыбындағы сабағына қатыстым , Оқушылар сабаққа жақсы қатысып отырды. Мұғалімнің оқушымен қарым қатынасы жақсы. Пәнаралық байланыс болды.АКТ қолданылды..Деңгейлік тапсырмалармен жұмыстанды.Ауызша тапсырмалар орындатқызды.

Қорытынды: 9 ә сыныбы бойынша жалпы сыныптық бақылау қанағаттанарлық деңгейде.

Ұсыныс:
1. Оқушылардың білім деңгейін көтеру үшін жұмыс жүргізілсін.
2. Сапасы төмен пәндер бойынша пән мұғалімдері жұмыстану жалғастырылсын.

11ә класында жалпы сыныптық бақылау жүргізілуі туралы

Мақсаты: 11ә класында сабақтардың оқытылу сапасы мен оқушылардың пәнге қызығушылығы, білім білік дағдыларының кеңейтілуін бақылау, зерттеу.

Мерзімі: 22 – 26 қаңтар 2024 ж.

Бақылау түрлері:
1. Пәндердің жүргізілуін, сапасын бақылауда сабақтарға қатысу. Талдау жасау.
2. Іс-құжаттарды тексеру (электронды журнал, дәптер)
3. Оқушылардың жеке іс-қағаздары
4. Оқушылардың игерген білім деңгейлерін анықтау (тоқсандық сапа)
5. Пән мұғалімдерімен пікірлесу.

22-26 қаңтар аралығында /2024 ж./ 11ә класында сабақтардың оқытылу сапасымен оқушыларға берілетін білім деңгейі, оқушылардың пәнге деген қызығушылақтарын бақылау, оның ішінде оқушылардың сабаққа қатысымы, сабақ кестесі бойынша пәндердің өткізілуі, оқу бағдарламаларының орындалуы, барлық іс-құжаттар, дәптерлер бақылауға алынды. Мұғалімдердің күнтізбелік жоспарлары, күнделікті сабақ жоспары, журнал толтыру сәйкестігі тексеріліп қаралды.
11ә класс жетекшісі: Акниязова Г.К.
11ә класында қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, алгебра,геометрия пәндерінен дәптерлері тексерілді. Дәптерлер нормаға сай тексерілген.
Пәндер бойынша 2-тоқсанның білім сапасы төмендегідей:
Қазақ тілі мен әдебиеті
пән мұғалімі: Исмагулова Ж.С.

Мұғалімнің аты-жөні	пәні	класы	бала саны	"5"	"4"	"3"	1 тоқсан	бала саны	"5"	"4"	"3"	2 тоқсан
Жумабаева К.Т. Исмагулова Ж.	қазақ әдебиеті	11 ә	18	3	10	5	72%	18	5	9	4	77%

Орыс тілі мен әдебиеті
пән мұғалімі: Акниязова Г.К.

Мұғалімнің аты-жөні	**пәні**	**класы**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**1 тоқсан**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**2 тоқсан**
Акниязова Г.	орыс тілі	11 ә	18	2	11	5	72%	18	2	11	5	72%

Ағылшын тілі
пән мұғалімі: Урунбаева Л.А.

Мұғалімнің аты-жөні	**пәні**	**класы**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**1 тоқсан**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**2 тоқсан**
Урунбаева Л.А.	ағылшын тілі	11 ә	18	1	9	8	55%	18	1	9	8	55%

Алгебра
пән мұғалімі: Искакова Ж.М.

Мұғалімнің аты-жөні	**пәні**	**класы**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**1 тоқсан**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**2 тоқсан**
Искакова Ж.М.	Алгебра	11 ә	18	1	11	6	66%	18	1	10	7	61%

Қазақстан тарихы
пән мұғалімі: Казбаева Ш.К.

Мұғалімнің аты-жөні	**пәні**	**класы**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**1 тоқсан**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**2 тоқсан**
Казбаева Ш.К.	Қазақстан тарихы	11 ә						18	1	10	7	61%

11ә класының BilimClass журналын тексеру бойынша төмендегідей мәліметтер анықталды:

- Қазақстан тарихы, алгебра, геометрия, ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша КТЖ жарияланған, бағалар қойылған.
- қазақ тілі, қазақ әдебиеті, дүниежүзі тарихы, АӘД, құқық негіздері пәндерінен КТЖ салынбаған.

Балмуханова М.Е. – жоғары білімді, география пәні мұғалімі, модератор. Электрондық журнал тарапынан ескерту берілді. Формативтік бағалар қойылуы аз. 11ә класында 24 қаңтар күні «Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Сабақтың мақсаты айтылды. Ұйымдастыру кезеңі болды. Сұрақ-жауап әдісі арқылы сұралды. Сабақ бір сарынды деңгейде өтті.Жаңа тақырыпты түсіндіру тек оқулықпен ғана шектелді. Оқушылар сабаққа қанағаттанарлық деңгейде қатысып отырды.

Жалпина Б.Н. - жоғары білімді, физика пәні мұғалімі. Күнтізбелік сабақ жоспарлары бар, журналмен күнтізбелік жоспарлар сәйкес. Электрондық журнал толтырылған, формативтік баға қойылған. 11ә класында 25 қаңтар күні «Салыстырмалы теорияның постулаттары.Лоренц түрлендірулері.» тақырыбындағы

сабағына қатыстым. Ұйымдастыру кезеңі болды. Үй жұмысы сұрақ жауап әдісі арқылы сұралды.Жаңа тақырыпты Миға шабуыл әдісін қолдану арқылы түсіндірді, АКТ қолданылды. Оқушылардың сабаққа қатысып жауап беруі қанағаттанарлық деңгейде. Сабақ соңында кері байланыс жасалды

Физика
пән мұғалімі: Жалпина Б.Н.

Мұғалімнің аты-жөні	**пәні**	**класы**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**1 тоқсан**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**2 тоқсан**
Жалпина Б.Н.	физика	11ә	18	2	8	8	55%	18	2	9	7	61%

Исмагулова Ж.С. – жоғары білімді, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, санаты – педагог-модератор. Күнтізбелік сабақ жоспарлары бар, журналмен күнтізбелік жоспары сәйкес келеді, формативтік бағалар қойылған. 25 қаңтар күні «Әлемнің бейбітшілік пен тұрақтылық ісіне Қазақстанның үлесі» тақырыбындағы қазақ тілі сабағына қатыстым. Сабақ барысында тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары қолданылды. АКТ қолданылды /аудиожазба, слайд, суреттер/. Сабақ барысында жедел жауап; көп нүктенің орнына қажетті сөзді қою; ақиқат, жалған; ассоциация бойынша бірнеше топтық, жеке тапсырмалар орындалды Оқушылардың сабаққа қатысуы жақсы, сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше тапсырмаларды орындауларына байланысты бағаланды

Қазақ тілі және қазақ әдебиеті
пән мұғалімі: Исмагулова Ж.С.

Мұғалімнің аты-жөні	**пәні**	**класы**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**1 тоқсан**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**2 тоқсан**
Исмагулова Ж.С.	қазақ тілі	11 ә						18	7	6	5	72%

Акмурзаева А.Б. – жоғары білімді, информатика пәні мұғалімі. Күнтізбелік сабақ жоспарлары бар, журналмен күнтізбелік жоспарлар сәйкес. Электрондық журнал толтырылған, формативтік баға қойылған. 11ә класында 25 қаңтар күні «Мобильді қосымшаны орнату» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Ұйымдастыру кезеңі болды. Сабақ барысында сұрақ-жауап арқылы үй жұмысы сұралды. Оқушылардың сабаққа қатысымы белсенді болды. Сабақта оқушылар мобильді қосымшаны орнату арқылы компьютерде жұмыстарын жасады. Оқушылардың сабаққа ынтасы жоғары деңгейде болды. Сабақ соңында кері байланыс жасалып, бағаланды

Информатика
пән мұғалімі: Акмурзаева А.Б.

Мұғалімнің аты-жөні	**пәні**	**класы**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**1 тоқсан**	**бала саны**	**"5"**	**"4"**	**"3"**	**2 тоқсан**
Акмурзаева А.Б.	информатика	11ә	18	3	10	5	72%	18	3	11	4	78%

Оқушылардың жеке іс-қағаздарын тексеру барысында анықталған мәліметтер:
- Қуаныш Айгерімнің тегі ауысқаны туралы жазба жазылмаған /Құлетеннен Қуанышқа ауысқаны/
Ұсыныс:

Жалпы сыныптың потенциалы орташа деңгейде, осыны ескере отырып сабақ берудің жаңа әдіс -тәсілін дұрыс қолдану керек. Яғни оқушыларды өздігінен білім алуға мүмкіндік жасау қажет. Көрнекілік құралдар, деңгейлік тапсырмалар мен проблемалық сұрақтар т.б.

Жалпы 11ә класс оқушылары сабаққа қатысымы , қызығушылықтары орташа.

1. Тоқсандық қорытынды бойынша «3»-ке шыққан оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілу керек .
2. Оқушылардың білім деңгейін көтеру үшін мұғалімдермен қосымша жұмыс жүргізілсін.
3. Сапасы төмен пәндер бойынша пән мұғалімдері жұмыстануды жалғастырсын.

Оқушы дәптерлерінің жүргізілу сапасын талдау
/Физика, химия пәндері 7-8 кл/

Тексеру мақсаты: Жазу каллиграфиясы мен орфографиялық режимнің сақталуы,жазба жұмыстарының талапқа сай жүргізілуі.

Мектепішілік бақылау барысында мектеп оқушыларының жазу каллиграфиясы мен орфографиялық режимінің сақталуын, жазба жұмыстардың зерттеуі кезінде төмендегідей жұмыстардың орындалуы тексерілді.

- Жұмыс дәптерлерінің талапқа сай болуы, тексерілуі;
- Оқушы дәптерлерін орфографиялық ережеге сай жүргізілуі;
- Оқушылардың жазу каллиграфиясының талапқа сәйкес болуы;
- Жазба жұмысының талапқа сай орындалуы;

Дәптер тексеру нәтижесі туралы:

2023-2024 оқу жылында мектепішілік бақылау жоспарына сай 27- қараша -01 желтоқсан аралығында 7-8 сынып оқушыларының **физика, химия** пәнінен дәптерлері тексерілді.

Тексеру мақсаты: Жазу каллиграфиясы мен орфографиялық режимінің сақталуы, жазба жұмыстарының талапқа сай жүргізілуі.

Тексеру барысында мұғалімдердің дәптерлерді тұрақты тексеретіндігі, оқушының жіберген қателерін түзетуі, үнемі бағалап, комментарий жазып отыратындығы көрінді.

Жалпы оқушылардың дәптерлерінің сырты толтырылып, мұқабасы қапталған. Оқушылардың дәптерлері таза, ұқыпты, дәптер ұстаулары, пайдалануы жақсы.

Дегенмен кейбір оқушының дәптерін тексерген кезде төмендегідей қателіктер болды.

Физика пәні бойынша
Пән мұғалімі: Бисембаева К.Т.

Сабақ беретін кластары -7а, 7в, 8а, 8ә.

7а сыныбы. Барлық оқушы саны - 22 . 20 оқушының дәптері тексерілді.

Тексеру барысында мұғалім дәптерлерді тұрақты тексерген. Дәптерге қойылатын талаптар орындалған. Үй жұмысы толық тексерілген. Қатемен жұмыс орындалған. Бір оқушының /Мухамбет Д/ дәптері көп боялған. Бір оқушының /Есетова Ж./ дәптерінің сырты толтырылмаған. Екі оқушының /Тажекенова П., Искакова А./ дәптерінде жазба толық емес..

7в сыныбы. Барлық оқушы саны-23. 21 оқушының дәптері тексерілді.

Дәптерлерінің сырты қапталмаған, толтырылмаған оқушылар: Ұзақбай Ж., Арман Т. Муратов Рустемнің дәптерінің сырты лас, боялған, Екі оқушының /Есенғали А., Сейдильдина Д./ дәптері қараша айында тексерілмеген. Кейбір оқушылардың дәптерлері қара қарандашпен, көк сиямен тексерілген.

8а сыныбы. Барлығы-16. 11 оқушының дәптері тексерілді. Үш оқушының /Дүйсенғали М., Умаров Р., Саматқызы А./ 17.10.2023ж. үй жұмысы бағаланбаған. Бір оқушының дәптерінің сырты толтырылмаған.

8ә сыныбы. Барлығы-18. 17оқушының дәптері тексерілді.

Дәптерлер таза. Екі оқушының дәптерлерінің сырты толтырылмаған. А.Тельманның дәптері корректормен көп боялған. А.Шарифолланың дәптері ішінара тексерілмеген.

Пән мұғалімі: Жалпина Б.Н.

7б сыныбы.

Барлық оқушы саны-23 . 15 оқушының дәптері тексерілді.

Дәптерге қойылатын талаптар орындалған. Үй жұмысы тексеріліп бағаланған. Өзіндік жұмыс түрі тест арқылы жүргізіліп, бағаланған. Үш оқушының дәптерінің сырты толтырылмаған.

8б сыныбы.

Барлық оқушы саны-17 . 12 оқушының дәптері тексерілді.

Үй жұмысы тексеріліп,қатемен жұмыстар жүргізілген. Жазбажұмыстарының нормасы,орфографиялық режим сақталған.Өзіндік жұмыс түрлері жүргізілген. Бір оқушының дәптерінің сырты толтырылмаған. Алпамысова Сабинаның дәптері тексерілмеген.

Химия пәні бойынша

Пән мұғалімі: Мусина Г.А.

7ә сыныбы.

Барлығы - 22 оқушы. 19 дәптер тексерілді. Жалпы үй жұмысын тексеру нормалары, қатемен жұмыстың тексерілу нормалары сақталған. Өз бетімен жұмыс түрі дәптерге орындалған. А.Әбілданың дәптері корректормен көп боялған.

8а сыныбы.

Барлығы -16 оқушы. 15 дәптер тексерілді. Үй жұмысы тексеріліп, қатемен жұмыстар жүргізілген. Жазба жұмыстарының нормасы, орфографиялық режим сақталған. Өзіндік жұмыс түрлері жүргізілген. Екі оқушының /Жақсыбек Н., Умаров Р./ дәптері сызылған, боялған.

8б сыныбы.

Тексеру барысында мұғалімнің дәптерлерді тексеретіндігі, оқушының жіберген қателерін түзетуі, үнемі бағалап отыратындығы көрінді.

Жалпы оқушылардың дәптерлерінің сырты толтырылып, мұқабасы қапталған. Оқушылардың дәптерлері таза, ұқыпты, дәптер ұстаулары, пайдалануы жақсы.

Қорытынды: Дәптер тексеру қанағаттанарлық деңгейде.

Ұсыныс:

1. Кейбір оқушылардың көркем жазуына көңіл бөлінсін.
2. Оқушы қатесі нақты көрсетіліп, қатемен жұмыс атқарылсын.
3. Оқушы дәптерінің үнемі болуы қадағалансын.

Оқушылардың жеке іс- қағаздарын тексеру қорытындысы туралы

Бақылау мерзімі: 2023 жыл. 25-29 қыркүйек

Бақылау түрі: жеке, дербес бақылау.

2023 – 2024 оқу жылындағы мектепішілік бақылау жоспары бойынша 5 және 10 класс оқушыларының жеке іс – қағаздарының талапқа сай жүргізілуі тексерілді.

Оқушының жеке іс-құжаттарының жүргізілуі*:*

Оқушылардың жеке іс-қағаздарынан мыналар тексерілді, оқушының туу туралы куәлігі, титул парақтың толтырылу тазалығы, оқушының 3х4 суреті, алфавиттік нөмір, оқушы мінездемесінің болуы.

Бақылау барысында мыналар анықталды:

Мектептегі нормативтік құжаттарды талапқа сай жүргізген класс жетекшілердің жұмысын атап өтуге болады. **Олар:**

10 «ә» класс жетекшісі: Мусина Г.А.

Тексеріс барысында төмендегідей кемшіліктер анықталды:

- Оқушылар тізімінің жаңартылмауы
- Оқушылардың ЖСН, ТУУ-ы туралы куәліктерінің, оқушылар санына байланысты толық жинақталмауы ;
-Оқушылардың жеке іс қағазындағы суреттерінде мектеп формасымен ауыстырылмауы;

5 «А» сыныбы, сынып жетекшісі: Махмудова А.А.

1. Барлық оқушының суретін ауыстырылмаған.

5 «Ә» сыныбы, сынып жетекшісі: Куанышбаева Д.С.

1. Шыңғысхан Жанқұттының суреті ауыспаған.
2. Шыңғысхан Жанқұттыда мінездеме салынбаған.

5 «Б» сыныбы, сынып жетекшісі: Түлкібай Ж.Ж.

1. Барлық оқушының суретін ауыстырылмаған.

5 «В» сыныбы, сынып жетекшісі: Намазбаев Б.А.

1. Жаңа тізім салынбаған (4в сынып тізімі тұр)
2. Оқушылардың суреттері жаңартылмаған.

10 «А» сыныбы, сынып жетекшісі: Иманбаева Д.Е.

1. 2 оқушының (Сабыржанова А., Сердалина К.) суретін ауыстыру керек.
2. 1 оқушының (Серік А.) жеке іс қағазы жоқ .
3. Оқушылардың туу туралы куәліктері мен мінездемелері салынбаған.

Ұсыныстар:

1. Класс жетекшілер оқушылардың іс-қағаздарын тоқсан сайын толық, сауатты , уақытылы толтыру жолға қойылсын.
2. Оқушылардың 3х4 фотосуретінің мектеп формасымен түсірілген, талапқа сай болуы қадағалансын.

«Мектеп оқушыларының білімін қалпына келтіру бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыстарының жүру барысы

Мақсаты: білімдегі олқылықтарды жою бойынша жеке жұмысты бақылау;

кеңес беру арқылы үлгерімі нашар оқушылармен жұмысты, оқытушылардың жұмысын, оларға қатысуды тексеру;

бір жыл ішінде үлгерімі нашар оқушыларды анықтау, үлгермеушілік себептерін талдау. Үлгерімі нашар оқушылар бастапқы бақылаудан (мектеп курсындағы бақылау срездері) кейін анықталады, жиналыстарда және педкеңестерде келесі мәселелер талқыланады: сабақтардағы жеке жұмыс арқылы олқылықтарды жою,оқушылардың ата-аналарымен байланыс, танымдық іс-әрекетке деген ынтаны арттыру.

Пән мұғалімдері үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жоспар бойынша жұмыс істейді, сабақтарда оқытудың сараланған тәсілі жүзеге асырылады.

Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, мұғалімдер үлгермеушіліктің алдын алу үшін жұмыс істейді, оның себебін анықтайды.

Ұсыныстар: Оқушы, мұғалім, ата-аналармен байланыста жұмыс істеу қажет.

Қандай пән болса да оқушының біліміндегі олқылықтың алдын алу мен оны жоюда пән мұғалімдерінің міндеті осы олқылықтардың алдын алып және бар олқылықты жоюдың әдіс-тәсілдерін ойластыру және жоспарлау.

Әр мұғалім алдына мынандай мақсат қою керек: оқушы біліміндегі олқылықтарды анықтау және жою.Тапсырмалар әзірлеу үшін алдымен өткен оқу жылында қарастырылған оқыту мақсаттарын (тақырыптарды) іріктеп алу.

Екінші кезеңде жаңа оқу жылындағы пән бойынша оқыту мақсаттарына сәйкес келетін оқу мақсаттарын ескере отырып, жоспар жасау.

Үшінші жүзеге асыру жұмыстарын сабақтан тыс уақытта жүргізу.

Төртінші кезеңде білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жүргізілген жұмысты міндетті түрде талдау қажет. Талдауды әр тоқсанның соңында жүргізілу керек.

9-сыныптарда /химия, физика, информатика,биология/пәндерінің үш тілде оқытылу жағдайы

Жалпы мектепте үштілділік бойынша жаратылыстану математика бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде оқытудан 7 мұғалім курстан өтті. Соның ішінде: 1 мұғалім химия, 2 мұғалім биология, 2 мұғалім информатика және 2 мұғалім физика пәні бойынша.

2023-2024 оқу жылында жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту жағдайы 9- кластар бойынша мектепішілік бақылауға/29.01-02.02.2024 ж/қойылды. Биология пәні мұғалімдері-Коптенова Н.М, Түлкібай Ж.Ж. Сабақ 9 сыныптарға білім беру стандарты бойынша жүргізіледі. Сондықтан 9 сыныптарға CLIL әдісі арқылы биология пәнін ағылшын тілінде кіріктіріліп оқытылады. Bioloqy оқулығында терминдердің аудармалары үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілінде берілген. Сабақты жоспарлаған кезде сабақтың оқу мақсаттарын да, тілдік мақсаттарын да негізге ала отырып, құрылған.Bioloqy оқулығында terminology, key terms тапсырмалары,мәтінмен жұмыс бойынша жұмыстар жүргізілген..2 ақпанда Көптенова Н.М 9а,9 б сыныптардағы « Тұқымқуалаушылық заңдылықтарының цитологиялық негіздері.Моногибридті және дигибридті будандастыру» тақырыбындағы сабағына қатыстым. Биология пәнінен тест, суретпен жұмыс, термин сөздерді ағылшын тілінде анықтау, бос орындарға жазу, түрлерін анықтау, кестемен жұмыс тапсырмалары қамтылып отырды. Терминологиялық сөдіктерді қайталатып, мәтінмен жұмыстар орындатылды.Есептер шығарылды.Оқушылар термин сөздерді айтуда,мәтінді ағылшын тілінен аударылым жасап отырды.Кері байланыс жасалып,үйге тапсырма берілді.АКТ қолданылды .



Химия пәні мұғалімі-Мусина Г.А.

30 қаңтарда 9 а сыныбында **«**Сұйытылған күкірт қышқылының қасиеті» тақырыбындағы сабағына қатыстым**.**Сабақта оқушылар химиялық элементтерді қазақ-орыс-ағылшын атауларымен сәйкестендіру, кестемен жұмыс, тест, бос орындарды толтыру сияқты тақырыпқа негізделген тапсырмалар орындалды.. Сабақ барысында қосымша берілетін химиялық элементтерді үш тілде жазу және айтылды. Нақты терминдердің ағылшын тіліндегі түсіндірмесі оқыту тілінде берілді. АКТ қолданылды. Терминологиялық сөдіктерді қайталатып, мәтінмен жұмыстар орындатылды. Кері байланыс жасалды. Оқушылар өз бетімен тапсырмаларды ағылшын тілінде оқып,аудармасын жасап отырды.

Физика пәні мұғалімдері і- Жалпина Б., Бисембаева К,

2 ақпанда К.Бисембаева ,Б.Жалпина- ның 9 б ,а сыныптарына «Тербелмелі қозғалыс» тақырыбындағы сабақтарына қатыстым. Б.Жалпинада ҚМЖ да ағылшын тілінде тапсырмалары болған жоқ. К.Бисембаева сабақты жоспарлаған кезде сабақтың оқу мақсаттарын да, тілдік мақсаттарын да негізге ала отырып, құрған. Физика оқулығында terminology, key terms, activity, facts, literacy,practice тапсырмалары бойынша жұмыстар бар. Сабақта тек терминологиялық сөздіктер қайталанып айтылды. Терминдер тізбесі, мәтін аудару сабақ барысында пайдаланылды. Есептер шығарылды. Кері байланыс болды. АКТ қолданылған жоқ.

Қорытынды:

Үш тілділікке үйрету бойынша алынған жаратылыстану бағытындағы пәндердің /физика,химия,биология / жүргізілуі қанағаттанарлық деңгейде.

Ұсыныс:

Физика,химия,биология пәндерінің жүргізілуіне әдістемелік қолдау көрсету.

Биология пәнінен зертханалық жұмыстардың барысын тексеру туралы

Мектепішілік бақылау жоспарына сай 29.01.-02.02.24ж. аралығында 7-9 сынып оқушылардың биология пәнінен зертханалық жұмыс дәптерлерінің жағдайы тексерілді.

Мақсаты: зертханалық жұмыстардың уақытында орындалуы

Әдістері:

- оқушылардың дәптерлерінің түгел болуы
- мұғалімнің сыртқы бетіндегі қателерді,толтырылуын,ұқыптылығын қадағалауы
- мұғалімнің тексеру жиілігі.

Мектепте 1 биология кабинеті бар. Кабинеттегі демонстрациялық, зертханалық құрал-жабдықтар мен мультимедиалық көрсетілімдер арқылы зертханалық жұмыстар жүргізіледі.

Зертханалық жұмыстар оқу бағдарламасына енгізілген. Зертханалық жұмыстар тақырыпты оқығаннан кейін жүргізіледі. Бұл оқушының алдымен теориялық білімді терең меңгеріп, жасалған жұмыстың нәтижесін дұрыс түсінуіне мүмкіндік береді. Жұмыстың дұрыс орындалуы үшін жеке-жеке орындайды.

Биология сабағында зертханалық жұмыстар жасау арқылы – оқушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына, ойын жинақтауда сонымен қатар, өз бетінше ізденіп жаңа білімді игеруге ықпал жасайды.

Зертханалық жұмыс дәптерлері зертханада сақталған. 7-9 сыныптарда зертханалық жұмыстар жұмыс дәптерлеріне орындалады. Зертханалық жұмыс дәптеріне жұмыстың мақсаты, керекті құрал жабдықтар кестелер және жұмыстың нәтижесінің қорытындысы жазылған. Биология пәнінен зертханалық тәжірибе және көрнекі көрсетілімдерге арналған бейнежазбалар, виртуалды тәжірибелер жинағы бар. Оқушыларға осы кабинеттегі жұмыс кезіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау берілген.

Биология пәні бойынша сабақ беретін пән мұғалімдері:

1. Коптенова Н.М.
2. Түлкібай Ж.Ж.
3. Жубаназарова Г.Е. /биология таңдау/

Биология пәні бойынша оқу пәнінің мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларына сәйкес зертханалық жұмыстардың саны

№	Сыныптар	Зертханалық жұмыстар
1	7 сынып	14
2	8 сынып	14
3	9 сынып	8

Пән мұғалімі: Көптенова Н.М. */сабақ беретін сыныптары: 7а, ә, б; 8а, ә, б, в; 9а,9б/*

Биология пәні бойынша оқушылардың зертханалық жұмыс дәптерлерін тексерудің қорытындысы бойынша анықталғаны: практикалық жұмыстар бағдарлама сай жүргізілген. Зертханалық жұмыстың жоспарлары жасалған. Зертханалық жұмыс бойынша сұраныс дәптері бар, күнделікті сұраныстар жазылып отырылған, мұғалімнің, зертханашының қолдары қойылған. Жалпы дәптерлердің жағдайы жақсы, таза. Дәптерлер саны түгел. Барлық тапсырмалар уақытында орындалған. Дәптерлер тұрақты түрде тексеріліп тұрған.

Пән мұғалімі: Түлкібай Ж.Ж. */сабақ беретін сыныптары: 7в; 9ә,9в/*

Биология пәні бойынша оқушылардың зертханалық жұмыс дәптерлерін тексерудің қорытындысы бойынша анықталғаны: практикалық жұмыстар бағдарлама сай жүргізілген. Зертханалық жұмыстың жоспарлары жасалған. Зертханалық жұмыс бойынша сұраныс дәптері бар, күнделікті сұраныстар жазылып отырған, мұғалімнің, зертханашының қолдары қойылған.

Практикалық жұмыстар бағдарлама сай жүргізілген. Зертханалық жұмыстың жоспарлары жасалған.

-Тексеру барысында 9в сыныбы бойынша Сабырова Саяжанның №8 зертханалық жұмысы тексерілмеген.

Қорытынды: биология пәнінен зертханалық жұмыс дәптерлерінің жүргізілуі қажетті деңгейде.

Ұсыныс:
1. Оқушылардың дәптерлерінің тазалығына және жазу мәнеріне назар аударылсын.
2. Тапсырманың толық орындалуы талап етілсін.
3. Уақытында барлық жұмыстар орындалсын.

«BILIM CLASS» электрондық журналымен жұмысты талдау

«BILIM CLASS» электрондық журналдарын жүргізу талаптарға толық жауап береді. ЭЖ жүргізу туралы ережеге сәйкес пән мұғалімдері сабаққа қатыспағандарды белгілеуі, оқушыларға формативті баға қоюы, оқушыларға ұсыныстар мен түсініктемелер жазуы, сабақ жоспары мен үй тапсырмасының жазбаларын жүргізуі тиіс.
Жыл бойы пән мұғалімдері пәндері бойынша сабақ беретін сыныптарындағы КТЖ-ны уақытылы тоқсан сайын жариялап отырды. Сонымен қатар күнделікті сабақта оқушыларға формативті баға қойылып, үй тапсырмасы беріліп отырды. Дегенмен, журналдарды күнделікті тексеру барысында кейбір пән мұғалімдеріне толтыру барысында ескертулер жасалып орындатылып отырды.

2023 – 2024 оқу жылында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылармен
жұмыс туралы

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында үйден оқыту 5 ә, 9 «в», 10 «ә»сыныптарында ,09 қаңтарда 9 а сыныбында,12 қаңтарда 10а сыныбында,13 ақпанда 9б сынып оқушыларына ұйымдастырылды. Үйден оқытылатын білім алушыларына пән мұғалімдері бекітіліп, үйден оқыту туралы бұйрық, сабақ кестесі әзірленді. Білім алушыларға пән мұғалімдері күнделікті уақытымен сабақ береді. Мектеп бойынша ерекше білім беруді қажет ететін , соның ішінде үйден оқытылатын білім алушылардың құжаттарын реттеліп, жұмыс жоспарын құрылды . 2023 - 2024 оқу жылында үйде оқыту процесін ұйымдастыруда (Қазақстан Республикасындағы бастауыш,негізгі орта,жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгертулер енгізілген) ,бекітілген және ғылым министрінің сәйкес үйде жеке тегін оқыту жоспары басшылыққа алынды. Үйден оқытудың оқу жұмыс жоспары білім берудің деңгейіне сәйкес үйде жеке түрде тегін оқытудың типтік оқу жоспарының негізінде оқыту сағаттарын орналастыруға қатысты ПМПК ұсынымдарына сәйкес жасалады . Облыстық психологиялық – дәрігерлік кеңес беру орталығы қорытындысы және ата аналардың өтініші бойынша денсаулығына байланысты үйде оқытылатын балаларды оқумен қамту мақсатында төмендегі оқушыларға үйде оқыту ұйымдастырылды:

№	*Оқушының аты-жөні*	*Туған жылы*	*Кл*	*Мекен – жайы, телефоны*	*Оқыту формасы*	*Диагноз*	*ПМПК*	*ДКК/ВКК*
1	Есентай Әділет	13.12.2008	9 «В»	Имангазина 8а	Обучение по адаптированной общеобразовательной учебной программе. .	Нарушение опорно-двигательного аппарата:.	№25927 15.09.2023 До 05.2025	№172/3 20.09.2023
2	Изтай Адилбек Тулегенович	02.02.2008	10«Ә»	Асанова 1а	Ребенок с особыми образовательными потребностями.	Интеллектуальное и речевое развитие соответствует возрасту.	ПМПК №24659 17.11.2022	ВКК№ 149/5 22.08.2022
3	Каирманова Аялы	20.04.12	5«Ә»	Есет батыр 7 а-108	Обучение по инд уч программе на дому	Умеренная нарушение интеллекта..	ПМПК №23072 21.04.2022 До 05. 2024 г.	ВКК №89/3 24.05.2021

4	Сұлтанов Арман	14.06.2009	9 «А»	Абая 1/31	Обучение на дому плану на 2023-2024 г.г.	Параноидная шизофрения	-	ВКК № 4/2 09.01.2024
5	Алиев Ернур Нурланович	19.05.2008	10 «А»	Кенжалина 1/1	Обучение на дому,.	Доброкачественное новообразование головного мозга	-	ВКК №7/2 12.01.2024

Мұғалімдердің тақырыптық – күнтізбелік жоспарлары бекітілген. Барлық оқушылардың сабақ кестесі бекітілген. Класс жетекшілер баланың даму динамикасын бақылап арнайы дәптерге жазады. Сабақтар бекітіліп, уақытылы кестеге сай өтіледі. Күнбе – күнгі өтілген сабақтарға ата-ананың қолы қойылып отырады. Мұғалімдердің үйде оқытуға байланысты іс-құжаттарыталапқа сай, оқушының даму динамикасы/ күнбе –күнгі /, оқушының даму динамикасын

зерттеу дәптері/ айлық/ класс журналы, оқушының бақылау күнделігі Әр мұғалім оқушыға папка жинақтаған , керекті іс – құжаттар сол жинақта.Мектеп психологы М.Изгалиева балалармен танымдық диагностикалық зерттеу , түзету - дамыту жұмыстарын жүргізді. Үйден оқытылатын білім алушылардың ата – аналармен үнемі байланыста болып, әлеуметтік – психологиялық, педагогикалық кеңес беру жұмыстары берілді.

Жекеленген пәндер бойынша 10ә оқушы Істай Ә жақсы үлгерім деңгейін көрсетті. Оқушының білім алу барысында ешқандай тежелушілік жоқ, өте зейінді. Ойын жүйелі жеткізе біледі,оқуға қажетті барлық оқу-құралдарымен қамтамасыз етілген. Ата-анамен мұғалім қарым-қатынасы жақсы.Ата-ана оқушының жағдайын жасаған.Арнайы бөлме,жұмыс орны, компьютер,оқу құралдары бар.

Қорытынды:

Үйде оқыту жұмыс барысы «қанағаттананарлық»

Ұсыныс:

1.Үйде оқытумен жұмыс жасайтын мұғалімдер арнайы курстан өту қажет.

2.Ата- анамен байланысты нығайту. Мектеп психологі тоқсан сайын баланың даму ерекшелігін диагностикалау, зерттеу, өзгерісін, кері әсерін дер кезінде анықтауға бағытталған жұмыстар жүргізу;

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылармен жұмыс туралы

2023 – 2024 оқу жылында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылармен

инклюзивті оқыту 5ә,7а,9в,9а кластарында ұйымдастырылды. 2023 жылдың 01 қыркүйегінен бастап 5 «Ә» сынып білім алушысы Асқар Арнұр Маратұлы Ақтөбе облыстық Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы №25218 26.04.2023ж. негізінде, 5 «Ә» сынып білім алушысы Сабыр Ерасыл Ерболұлы Ақтөбе облыстық Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы №25751 19.06.2023ж, 9 «А» сынып білім алушысы Балтабай Заңғар Байниязұлы Ақтөбе облыстық Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы №24359 13.10.2022ж. негізінде, 7 «а» сынып білім алушысы Алдамжаров Нұрсәт Жанатұлы Ақтөбе облыстық Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы №25751 19.06.2023ж, 9 «в» сынып білім алушысы Бисембаева Гулназ Ақтөбе облыстық Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы №24360 12.10.2022ж. мектепте /инклюзивтік/ ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған оқытумен. қамтамасыз етілді.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға білімді ұйымдастыруда ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен

бекітілген әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынды. Аталған білім алушыға жалпы орта білім беру бағдарламасы бойынша денсаулығына байланысты жеңілдетілген бағдарлама даярлау арқылы оқыту жүзеге асырылды.
Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға білімді ұйымдастыруда ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынды.
Әр мұғалім инклюзивті оқытуға байланысты іс – құжаттар папкасын толықтырған және әр бала туралы толық мағлұмат беретін жеке папка арналған. Мұғалімдердің сабақ жоспарлары, әдістемелік нұсқаулықтары жинақталған. Мұғалімдердің тақырыптық- күнтізбелік жоспарлары баланың психофизикалық мүмкіндіктерін, даму ерекшелігін ескере отырып құрылған , мектеп директорымен бекітілген. Күнбе-күнгі сабақ жоспарлары уақытылы бекітіледі. Мұғалімдер сабақтарында жеңілдетілген тапсырмалар береді.

Қорытынды:

Жалпы инклюзивті оқыту жұмыс барысы «қанағаттананарлық» деңгейде.

Ұсыныс:

1. Инклюзивті білім беру жағдайында ЕБҚЕ оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауда танымдық қабілеттері төмен білім алушылармен дамыта-түзету жұмыстарын ұйымдастыру жұмыстар жандандырылсын.
2. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың білім алуына қолайлы жағдайлар жасау, мектепте өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету, баланы мектепішілік іс шараларға қатыстыру арқылы белсенділігін, қызығушылығын арттыру жұмыстарын ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
3. Пән мұғалімдерінің ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту, түзету – дамыту жұмыстарын ұйымдастыруда оқушыларға жекелеген тапсырмалар беру арқылы жүргізуді жетілдіру қаматамасыз етілсін.

2023-2024 оқу жылындағы 9 - кластар бойынша
білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу туралы

2023-2024 оқу жылында 9-кластарда 80 білім алушы /1 оқушы үйден денсаулығына байланысты оқиды/. ББЖМ –ге дайындық жоспары жасалып бекітілді.

ББЖМ –ді өткізу мақсаты: оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтау.

ББЖМ-ға дайындық2021 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» №204 бұйрығына сәйкес, директор жанындағы отырыстың шешімі негізінде білім сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкестігін дайындау мақсатында 9-сыныптар үшін мектеп басшысының 2023 жылдың 01 қыркүйек №203/9 (НҚ) бұйрығы шығарылды.Осы бұйрық негізінде ББЖМ-ға дайындық жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында 4,9-сынып білім алушыларының білім жетістіктерінің мониторингіне дайындау жоспары жасалды.Мектеп бойынша қосымша сабақ кестелері құрылып, қыркүйек айынан бастап дайындық жұмыстары жүргізілді. 4,9-сынып оқушыларына, ата-аналарына білім жетістіктеріне мониторингжүргізу мәселелері бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстары жасалды. Ата-аналар үшін түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жиналыс жасалды және хаттамаланды. 4-сынып мұғалімдері оқу сауаттылығы, математика,жаратылыстану,9-сыныптың пән мұғалімдері оқу сауаттылығы, жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша оқушылармен бекітілген кесте бойынша дайындық жұмыстарын жүргізілді. Әрбір оқушыға сапа бойынша талдау жұмыстары жүргізіліп отырылды, дайындық жұмыстарына зерттеу жүргізу мақсатында 2023 жылдың қазан айынан бастап 4, 9-сыныптардан ай сайын 4 рет байқау тест жұмыстары алынып, талдау жасалған.Мектеп директорының жеке қаражаты есебінен жеке тұлғаға арналған қолжетімділікпен наурыз айынан бастап «bilimcenter.kz»,iTest, testter.kz, google

форма, Online Test Pad, edu.kz/Ustudy/платформалары арқылы 4,9-сынып білім алушыларымен дайындық жұмыстары жалғасын тауып, әрбір оқушының білім сапасына мониторинг жүргізілді. Наурыз айында ББЖМ тапсыратын 4-сынып бойынша 42оқушы, 9-сыныптан 42 оқушы тізімі анықталып,осы анықталған оқушылармен дайындық жұмыстары күшейтілді.

ББЖМ жұмыстары бойынша бекітілген жұмыс жоспары бар. ББЖМ дайындығына қосымша оқыту тестілеу кестесі құрылған.4, 9-сынып оқушыларына психологиялық тренингтер, апта сайын сынақ тест жұмысын алу және мониторинг жүргізу жұмыстары дұрыс жолға қойылды.

4, 9-сыныптар үшін ББЖМ тест кестесі мектеп директорымен 01.09.2023ж.бекітілді. Дайындық әр аптаның 4-ші сыныптары үшін дүйсенбі,сейсенбі,сәрсенбі,бейсенбі, жұма күндері, 9-шы сыныптар үшін дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері қосымша қойылды. 4-ші оқу тоқсанынан бастап 4,9-сыныптар үшін анықталған 84 білім алушымен күнделікті дайындық жұмыстары бекітілген және де жүргізілуде.

ББЖМ дайындық барысындabilimcenter.kzплатформасымен жұмыстануда.

ББЖМ-ге дайындық барысында 4-сыныптарға жауапты мұғалімдерКукенова Нурзинаш Ергенован, 9-сыныптарға Ермаханова Мадина Ертлеуовна бекітілген.

ББЖМ-гекатысатын оқушылардың цифрлық сауаттылық деңгейі қанағаттанарлық.

Ата-аналарға ББЖМ тестілеудің өткізілетіндігі туралы және нұсқаулығы таныстырылып отырылды.

Ұсыныс:

1.Кл жетекшілер ББЖМ оқушылардың қатысымын қадағалау.

2. Пән мұғалімдері ББЖМ дайындық шараларын күшейту.

Жазғы мектеп бойынша

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің «2023-2024 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» № бұйрығын, «2023-2024 оқу жылында жазғы мектепті ұйымдастырудың ерекшеліктері жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын негізге ала отырып, 27 мамырдан 31 мамырға дейін білім сапасын арттыру және негізгі пәндер бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8 және 10-сыныптар (қалауы бойынша) білім алушылары үшін Жазғы мектеп жұмыс істейтін болды.

Білім сапасын арттыру ,білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында ата-аналардың немесе заңды өкілдерінің өтініші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін оқытуды 2024 жылдың 27 мамырдан 31 мамырға дейін жазғы мектеп ұйымдастырылды. Жазғы мектепке 5, 6, 7, 8,10 сынып оқушыларының ата-аналары өтініш жазып, барлығы 65 оқушы қатысты. Сабақ кестелері құрылып, бекітілді.Жазғы мектеп сабақтарының ұзақтығы 40 минутты құрайды.Сабақ сағ9.00-12.00 аралықтаоқытылды.Қазақтілі,қазақәдебиеті,ағылшын тілі,жаратылыстану,математика,алгебра,геометрия,физика,биология,тарих,химия география, пәндері таңдап алынды.

«Қазақ тілі» пәні бойынша аралық аттестаттау /5-8,10 сыныптар/

2023-2024 оқу жылы бойынша 5-8 сыныптардың және 10 сыныптардың білім алушылары «Қазақ тілі» пәнінен аралық аттестаттау бойынша әзірленген әдістемелік ұсынымды басшылыққа ала отырып , 5-8,10 сыныптарда емтихан ұйымдастырылды.

Аралық аттестаттау қорытындысы

Қатысқандар саны	5-сыныпта	6-сыныпта	7-сыныпта	8-сыныпта	10-сыныпта

360 оқушы	**78**	**78**	**88**	**71**	**45**

Қатысқандар саны	**"5" алғандар**		**"4" алғандар**		**"3" алғандар**		**"2" алғандар**	
	Барлығы	**%**	**Барлығы**	**%**	**Барлығы**	**%**	**Барлығы**	**%**
360	95	26	174	48	91	25	0	0

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ

2023-2024 оқу жылында №3 Хромтау орта мектебінің 36 түлегінің жоғары оқу орнына түсуге өтініш берген 32 білім алушысы ҰБТ-ға баруға үміткер болып тіркелді. Ол 88 % құрайды.
ҰБТ-ның форматы/өзгерістері/ бойынша ата- аналар мен оқушыларға түсіндіру жұмыстары өткізілді ҰБТ-ға сынақ тестілерін ай сайын өткізіп, мониторингін жүргізілді,. Пән мұғалімдерімен тест нәтижесінен кейін талқылау жұмыстары жасалынды. Психологиялық кеңес беріліп отырылды.
ҰБТ бойынша 5 пәннен тапсырады
Оның үшеуі міндетті және талапкердің жоғары оқу орнындағы мамандығына байланысты бейіні бойынша екі таңдау пәнінен . **Үш міндетті пәндер төмендегіше:**
— Математикалық сауаттылық /10 балл/
— Оқу сауаттылығы (оқу тіліне қарай) 10 балл
— Қазақстан тарихы /20 балл/
Бейінді пәндер (мамандығына сәйкес 2 пән):50 балл
Максималды балл саны: **140 балл**

2023-2024 оқу жылын аяқтау және қорытынды аттестаттау бойынша

« Оқу жылының аяқталуы және
білім алушыларды сыныптан сыныпқа көшіру» туралы

2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты және білім алушыларды сыныптан сыныпқа көшіру негізінде (педагогикалық кеңес шешімі №5. 24.05.2024ж.)

1.2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты 1-4 сыныптың білім алушылары сыныптан сыныпқа көшірілді:
1-сыныптың 92 білім алушысы 2-сыныпқа
2- сыныптың 86 білім алушысы 3-сыныпқа
3- сыныптың 82білім алушысы 4-сыныпқа
4- сыныптың 76 білім алушысы 5-сыныпқа
Барлығы 311 білім алушы сыныптан сыныпқа көшірілді.

2. 2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты 5-8,10 сыныптың білім алушылары сыныптан сыныпқа көшірілді:
5 -сынып - 79 білім алушы
6 -сынып - 78 білім алушы
7 -сынып - 88 білім алушы
8 -сынып - 71 білім алушы
10 - сынып- 46 білім алушы

Барлығы 698 білім алушы сыныптан сыныпқа көшірілді.

2023-2024 оқу жылында мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу жоспарының барлық пәндері бойынша жылдық, қорытынды бағалары «үздік» 118 білім алушы

педагогикалық кеңесінің шешімі(№ 5 24.05.2024ж/1-4 кл/,№6 31.05.2024ж) негізінде мақтау қағазымен марапатталды.

3.Негізгі мектептің оқу бағдарламасын меңгерген 9-сыныптың 76 білім алушысы қорытынды бітіру емтиханға жіберілді./4 білім алушы емтиханнан босатылды/денсаулығына байланысты/

4.11-сыныптың оқу бағдарламасын меңгерген 36 білім алушысы мемлекеттік бітіру емтиханына жіберілді
9-сыныптарда-76 білім алушы қорытынды аттесттаттаудан өтті. Негізгі орта білімінің толық курсын бітірген 74 білім алушыға негізгі орта білімді бітіргені туралы аттестат-, 6 білім алушыға **«Үздік аттестат»** берілді.

№	Оқушыныңаты-жөні	Сыныбы	«Үздікаттестат »
1	Тукешова А	9 «А» сынып	«Үздікаттестат »
2	Искакова Н	9 «А» сынып	«Үздікаттестат »
3	Тлеужанова Н	9 «б» сынып	«Үздікаттестат »
4	Оразов А	9 «б» сынып	«Үздікаттестат »
5	Алиева А	9 «в» сынып	«Үздікаттестат »
6	Жақсылық Ж	9 «в» сынып	«Үздікаттестат »

Сонымен қатар жалпы орта білімнің толық курсын бітірген 34 білім алушыға жалпы орта білімді бітіргені туралы аттестат, 1 білім алушыға **«Алтын белгі»,** 1 білім алушыға **«Үздік аттестат»** берілді.

№	Оқушыныңаты-жөні	
1	Тлеуханов Б	«Алтын белгі»
2	Аманғос М	«Үздік аттестат»

Емтихан нәтижелеріне қарай пәндер бойынша төмендегідей сапа көрсеткіш көрсетіп тұр:

9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2024 жылғы 29 мамыр-10 маусым аралығында өткізілді.

Кл.	**Пәні**	**Оқушылар саны**	**Бағалары**			**Сапасы**
			«5»	**«4»**	**«3»**	
9А	Қазақ тілі	16	6	5	5	68
	Алгебра	16	3	9	4	75
	Орыс тілі	16	4	8	4	75
	География	7	2	4	1	85
	Қазақ әдебиеті	9	4	2	3	66
9Ә	Қазақ тілі	22	3	11	8	64
	Алгебра	22	0	13	9	59
	Орыс тілі	22	3	11	8	64
	Биология	12	3	4	5	58,3
	Қаз тарих	10	1	6	3	70
9Б	Қазақ тілі	20	2	11	7	68
	Алгебра	20	2	9	9	55
	Орыс тілі	20	3	12	5	75
	Биология	10		5	5	50
	Қазақстан тарихы	10	2	7	1	90
В	Қазақ тілі	18	2	12	4	77
	Алгебра	18	2	10	6	66
	Орыс тілі	18	2	13	3	83
	Қазақстан тарихы	9	1	5	3	66
	Қазақ әдебиеті	9	1	5	3	66

11 (12) сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамыр-11 маусым аралығында өткізілді.

Кл.	Пәні	Оқушылар саны	Бағалары			Сапасы
			«5»	«4»	«3»	
11а	Қазақ тілі	18	5	7	6	67
	Алгебра және анализ бастамалары	18	1	9	8	55
	Қазақстан тарихы	18	3	9	6	67
	Орыс тілі мен әдебиеті	18	2	9	7	61
	Таңдау пәндер жазасыз					
	География	6	0	4	2	66
	Биология	6	1	2	3	50
	Дүниежүзі тарих	6	0	3	3	50

Кл.	Пәні	Оқушылар саны	Бағалары			Сапасы
			«5»	«4»	«3»	
11ә	Қазақ тілі	18	7	8	3	83
	Алгебра және анализ бастамалары	18	1	11	6	66
	Қазақстан тарихы	18	2	11	5	72
	Орыс тілі мен әдебиеті	18	2	11	5	72
	Таңдау пәндер жазасыз					
	География	10	1	8	1	90
	Дүниежүзі тарих	8	2	4	2	75

Қорытынды:

Ұсыныстар:

1.Мектептің оқу тәрбие үдерісіндегі іс-құжаттарын /күнделік кз/ білім алушылардың жеке іс қағаздарын т.б мемлекеттік қатаң есептегі құжаттар талабына сәйкес жүргізу.
2.Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартындағы білім алушылардың меңгеруге міндетті білім,білік және дағдының міндетті көлемін меңгеру деңгейіне зерделеу жүргізу арқылы ,білім сапасын көтеру жұмысын ұйымдастыру.
3. Үлгерімі төмен және қабілеті бар оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды жандандыру
4.Пән кабинеттердегі құрылғылардың жаңартылуы мен жарамсыз құрал жабдықтарды жөндеуден өткізу жұмыстарын жүргізу қажет.

2024-2025 оқу жылына қабылданған жаңа міндеттер:

1. Білім алушылардың мемлекеттік білім стандартындағы деңгейіне ,пәннің оқытылу сапасы мен педагогтардың қызметіне зерделеу арқылы білім сапасын көтеру жұмысын ұйымдастыру.
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмысқа бағытталған іс шаралар жоспарын жүзеге асыру арқылы білім сапасын көтеру жұмыстарын жалғастыру.
3.Әрбір педагогтың сабақ үстінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын тапсырмаларды қолдану тәжірибелерін кеңейту және тапсырмалар базасын жасақтау жұмысын жетілдіру
4.Білім сапасын арттырудың жаңа инновациялық технологияларын сабақ жүргізу үрдісіне енгізіп, педагогтардың инновациялық жұмыс жасауын ұйымдастыру.
5. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша іс шаралар жүйесін жоспарлау,математикалық сауаттылықты дамытуға жүйелі жұмыстар ұйымдастыру.

№3 Хромтау орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылында қабілеті жоғары оқушылармен жүргізілген жұмыс қорытындысы

«Дарынды оқушы – ұлт болашағы» десек, әр мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады. Дарынды балалар – мемлекеттің және халықтың рухани байлығы. Сол себепті дарынды оқушыларымыздың талабын одан әрі ұштай түсу мақсатында мектеп бойынша аудандық, облыстық пәндік олимпиадаларға, шығармашылық , спорттық байқауларға , зияткерлік жарыстарға мектеп оқушылары қатысып, жүлделі орындарды иеленеді.

Облыстық, республикалық кезеңдер бойынша :

№	Оқушының аты-жөні	кл	Байқау атауы	Жетекшісі	облыстық	Республикалық
1	Шамшадин Альбина	11	Бояулар құпиясы	Имекешева К.М	1-орын	Сертификат
2	Тлеуханов Бекболат	11	Президенттік олимпиада	Мусина Г.А Коптенова Н.М	2-орын	Сертификат
3	Тлекбаева Жанарым	9		Жумабаева К.Т	3-орын	-
4	Кеулимжаева Зарина	10	«Дарынды жас ғалым»	Балмуханова М.Е	3-орын	-
5	Қайырбек Наргиза	6	М.Жұмабаев оқулары	Жумабаева К.Т	1-орын	
6	Тукешова Аружан	9	«Абай әлемі» байқауы	Жумабаева К.Т	Серт.	
7	Темірғали Аружан	10	«Абайтану» олимпиадасы	Имекешева К.М	Серт.	
8	Нұржан Арнат	2	«Бастау» олимпиадасы	Умарова Г.К	3-орын	
9	Аманғос Нұрайым	10	«Алтын түлек»	Искакова Ж.М	-	МҚ
10	Куракова Жұлдыз	11	«М.Мақатаев оқулары»	Жумабаева К.Т	3-орын	
11	Темірғали Аружан	10	«Абай оқулары»	Имекешева К.М	Бас жүлде	12.06 өтеді
12	Аманғос Нұрайым	10	«Абай оқулары»	Махмудова А.А	1-орын	12.06 өтеді
13	Орынбасарова Дильназ	8	Пәндік олимпиада,биология	Коптенова Н.М	3-орын	
14	Жақсыбек Сағыныш	7	Пәндік олимпиада.химия	Мусина Г.А	3-орын	

Тамыз айының соңында өткен аудандық **«Театрдың ғажайып әлемі**» атты сахна қойылымы байқауынан 2а-сынып оқушыларынан құрылған «Қуыршақ» қойылымы 2-орын алды. Жетекшісі Жаппақова А.Ж

Қазақ тілі пәні бойынша өткен «Ақберен» олимпиадасынан

Облыстық «**Дарын**» ғылыми жоба байқауынан 9-сынып оқушысы Тлекбаева Жанарым 3-орын алды. Жетекшісі Жумабаева К.Т

Аудандық «**Жас дарын**» ғылыми жоба байқауынан 9-сынып оқушысы Тлеужанова Нұрдана 2-орын, жетекшісі КазбаеваШ.К

10-сынып оқушысы Орынбасарова Гүлжүзім 2-орын алды. Жетекшісі Иманбаева Д.Е

Кеулимжаева Зарина 10-сынып оқушысы 1-орын алды. Жетекшісі Балмуханова М.Е

Аудандық **«Аламан**» олимпиадасынан химия пәнінен 9-сынып оқушысы Жақсылық Жанайым I орын,жетекшісі Мусина ГА,Математика пәнінен Ұбайдолла Санжар 2-орын,жетекшісі Намазбаев Б.А ,география пәнінен Қобланов Дәулет 3-

орын, жетекшісі Калиева А.С ,Тукешова Аружан физика пәнінен мақтау қағазы ,жетекшісі Бисембаева К.Т

Аудандық география пәнінен өткен **ұлттық олимпиададан** 8-сынып оқушысы Ізмұхан Әділет мақтау қағазымен марапатталды. Жетекшісі Балмұханова М.Е

Аудандық «**ЗЕРДЕ**» ғылыми жоба байқауынан :

№	Оқушының аты-жөні	кл	нәтиже	Жетекшісі
1	Есенғали Аймерей	7	II	Акниязова Г.К
2	Азаматұлы Жомарт	6	III	Иманбаева Д.Е
3	Қази Аянат	7	III	Өтетілеу Ф.Қ
4	Төреғали Альбина	4	III	Қазақбаева Н.И
5	Сағынғалиқызы Қаракөз	7	МҚ	Балмуханова М.Е

Аудандық «**Кішкентай білгірлер**» сайысынан 4-сынып оқушылары II орын алды. Жетекшілері Қазақбаева Н.И ,Ерназарқызы Н

Аудандық «**Лингвистикалық олимпиада**» 8б-сынып оқушысы Леонтий Әдемай МҚ ,

Жетекшісі Өтетілеу Ф.Қ , 10-сынып оқушысы Аманғос Нұрайым 2-орын алды. Жетекшісі Искакова Ж.М .Аудандық «**Ғ.Сұлтанов**» олимпиадасынан 8-сынып оқушысы Қази Аружан 3-орын алды.Жетекшісі Намазбаев Б.А .Аудандық математикалық «**Алтын түлек**» олимпиадасынан 11-сынып оқушысы Сұлтанкерей Асылгүл 3орын,жетекшісі Искакова Ж.М , 10-сынып оқушысы Аманғос Нұрайым 1-орын алды. Жетекшісі Искакова Ж.М , «Алтын түлек» олимпиадасының **республикалық кезеңінен** Аманғос Нұрайым мақтау қағазымен марапатталды.





Аудандық 3-4 класс «**Алтын сақа» олимпиадасынан** Серік Мырза 1-орын ,Нұржан Сағыныш 2-орыналды, жетекшісі Қазақбаева Н.И , 3-сынып оқушысы Советова Жансель 2-орын алды. Жетекшісі Беляшева М.М .Аудандық «**Математика-ғажайып әлем**» олимпиадасынан 3-сынып оқушысы Нұрғалиева Мадина II орын алды. Жетекшісі Қосжанова М.А , 4-сынып оқушысы Серік мырза 3-орын алды. Жетекшісі Қазақбаева Н.И.

Аудандық «**Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама**» эссе байқауынан 9-сынып оқушысы Тлекбаева Жанарым 1-орын алды. Жетекшісі Жумабаева К.Т

2023 жылдың 20-22 желтоқсан аралығында 9-11 –класс бойынша аудандық пәндік олимпиада өткізілді. Оған мектебімізден гуманитарлық бағыт бойынша 15 оқушы, математикалық бағыт бойынша 15 оқушы қатысты. Пән мұғалімдері тарапынан алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіліп, тексерілді. Оқушылар олимпиадаға жақсы дайындықпен барды.Нәтижесі төмендегі кестеде берілген.

№	**Оқушының аты-жөні**	**кл**	**пәні**	**нәтиже**	**жетекшісі**
1	Кеулимжаева Зарина	10	география	3-орын	Балмұханова М.Е
2	Шамшадинова Альбина	11	география	1 орын	Балмұханова М.Е
3	Аманғос Нұрайым	10	химия	2- орын	Мусина Г.А
4	Қуандықов Аян	10	физика	3- орын	Жалпина Б.Н

5	Ұбайдолла Санжар	9	математика	2-орын	Намазбаев Б.А
6	Алдамжар Құралай	10	математика	МҚ	Искакова Ж.М
7	Тлеуханов Бекболат	11	математика	3-орын	Қайырмағанбетова Б.М
8	Алиева Асемай	9	құқық	2-орын	Иманбаева Д.Е
9	Сабитова Лаура	10	құқық	МҚ	Қазбаева Ш.К
10	Сисекенова Ерке	11	құқық	2-орын	Қазбаева Ш.К
11	Тілекбаева Жанарым	9	Қазақ тілі	3-орын	Жумабаева К.Т
12	Орынбасарова Гүлжүзім	10	Қазақ тілі	3-орын	Имекешева К.М
13	Жанаберген Аяжан	11	Қазақ тілі	3-орын	Исмагулова Ж.С
14	Ұзақбаева Уәлихан	9	Орыс тілі	3-орын	Мутигулина Н.С
15	Рамазанова Аделя	10	Орыс тілі	3-орын	Казиева М.З
16	Каирова Диана	11	Орыс тілі	2-орын	Акниязова Г.К
17	Тілеужанова Нұрдана	9	Қазақстан тарихы	2-орын	Казбаева Ш.К
18	Амангелді Гүлсезім	10	Қазақстан тарихы	2-орын	Иманбаева Д.Е
19	Ешмұхамбетова Сұлу	11	Қазақстан тарихы	3-орын	Баймұратова Г.А
20	Утегалиева Гүлзат	11	Биология	Алғыс хат	Коптенова Н.М
21	Оразов Алихан	9	Ағылшын	3-орын	Урунбаева Л.А
22	Искакова Назира	9	информатика	2-орын	Ермаханова М.Е
23	Барлықұлы Әліби	10	информатика	Алғыс хат	Акмурзаева А.Б
1-1,2-8,3-10		АХ-2,МҚ-2		63%	





7-8-класс пәндік олимпиадасының аудандық кезең қорытындысы

№	Оқушының аты-жөні	кл	пәні	нәтиже	Мұғалімі
1	Сәрсенбай Айару	7	Қазақ тілі	3-орын	Исмагулова Ж.С
2	Есенғали Аймерей	7	Орыс тілі	2-орын	Акниязова Г.К
3	Төлеужанова Райхан	7	ағылшын	3-орын	Исатаева П.Р
4	Қуандық Нұрқадір	7	математика	2-орын	Өтетілеу Ф.Қ
5	Нұрғалиева Дина	7	Тарих	2-орын	Қазбаева Ш.К
6	Мендибекова Алина	7	география	3-орын	Калиева А.С
7	Қази Аянат	7	Биология	2-орын	Коптенова Н.М
8	Жақсыбек Сағыныш	7	Химия	1-орын	Мусина Г.А
9	Абай Нұрдана	7	Физика	3-орын	Жалпина Б.Н
10	Садуақасов Жұбаныш	7	информатика	Алғыс хат	Акмурзаева А.Б
11	Алимбаева Ақпейіл	8	Қазақ тілі	---	Бітімбай А.С
12	Серикова Айгерім	8	Орыс тілі	2-орын	Мутигулина Н.С

13	Леонтий Әдемай	8	ағылшын	----	Урунбаева Л.А
14	Қази Аружан	8	математика	2-орын	Намазбаев Б.А
15	Нұрланқызы Жаннұр	8	тарих	МҚ	Казбаева Ш.К
16	Ізмұхан Әділет	8	география	МҚ	Балмуханова М.Е
17	Орынбасарова Дильназ	8	Биология	1-орын	Коптенова Н.М
18	Шарифолла Алдияр	8	Физика	2-орын	Бисембаева К.Т
19	Байғали Дамир	8	информатика	---	Акмурзаева А.Б
	Барлығы			68%	

5-6 сынып бойынша аудандық пәндік олимпиада қорытындысы

№	Оқушының аты-жөні	кл	пәні	нәтиже	жетекшісі
1	Сексенгазиева Ақгүлім	6	жаратылыстану	1-орын	Балмуканова М.Е
2	Нұрали Гүлназ	6	Орыс тілі	2-орын	Казиева М.З
3	Алмасова Нұрила	6	Қазақ тілі	2-орын	Махмудова А.А
4	Серік Іңкәр	5	Қазақ тілі	3-орын	Бітімбай А.С
5	Қайырмағанбетов Жәнібек	5	Қазақстан тарихы	2-орын	Куанышбаева Д.С
6	Жалекешова Айназым	6	Қазақстан тарихы	3-орын	Баймұратова Г.А
7	Талғат Махаббат	5	Орыс тілі	Мақтау қағазы	Жолтаева А.Ж
8	Сәрсенбай Біржан	6	ағылшын	_____	Бердалина А.Е
9	Тлеуханова Инабат	5	ағылшын	---	Исатаева П.Р
10	Сәрсенбай Еркежан	5	жаратылыстану	---	Түлкібай Ж.Ж
11	Мұстафа Мейірлан	5	математика	---	Намазбаев Б.А
12	Нұрлыбайқызы Айару	6	математика	---	Намазбаев Б.А

Мектепішілік 3-4-сынып бойынша алынған пәндік олимпиада қорытындысы

№	**Оқушының аты-жөні**	**кл**	**пәні**	**Нәтиже**	**Мұғалімі**
1	Советова Жансель	3а	Әдебиеттік оқу	II	Беляшева М.М
2	Әлихан Ернар	3б	әдебиеттік оқу	III	Қосжанова М.А
3	Баймағанбетов Алихан	3а	математика	I	Беляшева М.М
4	Мұхтар Кәмшат	3б	математика	II	Қосжанова М.А
5	Нұрболат Әділет	3в	математика	II	Маденова Д.Б
6	Серік Мырза	4ә	математика	I	Қазақбаева Н.И
7	Алмасова Нұрай	4а	математика	II	Ерназарқызы Н
8	Серікбай Айлин	4б	Әдебиеттік оқу	III	Жолмағанбетова Н.М
9	Еркін Айша	4а	дүниетану	I	Ерназарқызы Н
10	Нұрлан Аружан	4ә	дүниетану	II	Қазақбаева Н.И
11	Аманғос Әлимұхаммед	3ә	Дүниетану	II	Көптілеуова А.М
12	Істлеу Серікбол	3в	дүниетану	II	Маденова Д.Б
13	Маратқызы Айару	3б	Орыс тілі	I	Бримова Ұ.Ұ
14	Жарасбек Айару	3а	Орыс тілі	II	Бримова Ұ.Ұ
15	Айкен Айбек	4б	Орыс тілі	II	Бримова Ұ.Ұ
16	Хабибулла Ғани	3в	Орыс тілі	I	Бримова Ұ.Ұ
17	Арыстанова Айнара	3б	Қазақ тілі	II	Қосжанова М.А
18	Қалдыбек Жанел	4а	Қазақ тілі	I	Ерназарқызы Н

19	Есболсын Ермұрат	4б	Қазақ тілі	II	Қазақбаева Н.И
20	Ибраким Айдана	3а	Қазақ тілі	I	Беляшева М.М

Аудандық «Табиғи ресурс» ғылыми жоба байқауынан 10ә-сынып оқушысы Аманғос Нұрайым 1-орын, облыстық кезеңінен 2-орын жетекшісі Мусина Г.А , 10ә-сынып оқушысы Сарбасова Жанель 1-орын алды , жетекшісі Коптенова Н.М .**Облыстық кезеңінен** Аманғос Нұрайым 2-орын, Сарбасова Жанель МҚ марапатталды.

Аудандық «**Бастау» олимпиадасына** Нұржан Арнат 2-кл, Баймағанбетов Алихан 3-кл, Серік Мырза 4-кл оқушыларынан құралған «Зерек» командасы II орын алды, жетекшілері: Умарова Г.К ,Беляшева М.М ,Қазақбаева Н.И



Аудандық «Мағжан оқуларынан» 6-кл оқушысы Қайырбек Наргиза 2-орын, 9-кл оқушысы Тукешова Аружан 3-орын алды, жетекшісі Жумабаева К.Т

Аудандық «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасынан 8-кл Қази Аружан 2-орын, жетекшісі Бітімбай А.С , 8-кл Саматқызы Асылжан 2-орын, жетекшісі Жумабаева К.Т , 10-кл оқушысы Амангелді Гүлсезім 2-орын, 11-кл оқушысы Шамшадин Альбина МҚ ,жетекшісі Имекешева К.М , 11-кл Аманғос Мансур 3-орын алды, жетекшісі Бодыкова Ж.Т

Аудандық «Яссауи оқулары» байқауынан 8-класс оқушылары Нұрланқызы Жаннұр, Тілеужанова Нұрдана 3-орын алды, жетекшісі Казбаева Ш.К

Аудандық «Әбіш оқулары» байқауынан Орынбасарова Дильназ 3-орын, Дүйсенғали Меруерт мақтау қағазын алды. Жетекшісі Жумабаева К.Т

Облыстық «Бастау» олимпиадасынан Нұржан Арнат 3-орын алды, жетекшісі Умарова Г.К

Облыстық «Ғажайып әлем» байқауының қорытындысы :

№	Оқушының аты-жөні	кл	нәтиже	Мұғалімі
1	Рүстем Дінмұхамед	1б	3-орын	Халыкова Г.У
2	Маратқызы Көзайым	1б	3-орын	Халыкова Г.У
3	Талғат Исмайл	1б	МҚ	Халыкова Г.У
4	Мұхтар Камшат	3б	3-орын	Қосжанова М.А
5	Нұрмұхамедова Гүлден	2а	МҚ	Жаппакова А.Ж
6	Алдамжаров Нұрдаулет	0	3-орын	Сейтова Б.О
7	Құдабаев Бейбарыс	0	2-орын	Сейтова Б.О
8	Мақсат Мадияр	0	3-орын	Сейтова Б.О
9	Тұралы Қарақат	0	3-орын	Сейтова Б.О
10	Таңжарық Салтанат	1в	МҚ	Аманбаева А.А
11	Жақсылық Көзайым	1в	2-орын	Аманбаева А.А
12	Жасұланұлы Руслан	1в	3-орын	Аманбаева А.А
13	Мнайдаров Мадияр	1в	3-орын	Аманбаева А.А
14	Мукашев Дінмұхамед	1в	МҚ	Аманбаева А.А
15	Нұрлан Ислам	1в	3-орын	Аманбаева А.А
16	Шынжырбай Ибраһим	1а	3-орын	Алмаганбетова Л.М

17	Медетқызы Назым	1а	МҚ	Алмаганбетова Л.М
18	Қайырбек Шынтас	1ә	3-орын	Сарсенбаева З.Ш
19	Букебаев Қайсар	2ә	МҚ	Умарова Г.К
20	Баймағанбетов Айдар	2ә	2-орын	Умарова Г.К
21	Баймағанбетов Ернар	2ә	3-орын	Умарова Г.К
22	Әкімжан Даулет	2ә	2-орын	Умарова Г.К
23	Раев Амир	2ә	2-орын	Умарова Г.К
24	Сапин Сырым	3ә	2-орын	Коптилеуова А.М
25	Коптилеуова Жанерке	3ә	3-орын	Коптилеуова А.М
26	Сұлтанғали Сезім	3а	3-орын	Беляшева М.М
27	Бексары Сезім	6а	3-орын	Бердалина А.Е
28	Баймағанбетов Алихан	3а	3-орын	Беляшева М.М
29	Сердалы Айсұлу	4а	МҚ	Қазақбаева Н.И
30	Сапина Іңкәр	0а	3-орын	Тагибергенова О

Аудандық М.Мақатаев оқуларынан 11-кл оқушысы Куракова Ж 1-орын, Тукешова А 3-орын, жетекшісі Жумабаева К.Т , Алимбаева А 2-орын, жетекшісі Бітімбай А.С.

Аудандық «І.Жансүгіров оқулары» байқауынан 9-кл оқушысы Қобланов Даулет 2-орын, Тукешова Аружан 2-орын, жетекшісі Жумабаева К.Т ,Қази Аружан 3-орын, жетекшісі Бітімбай А.С

Аудандық «**Мәшһүр –Жүсіп оқуларынан**» Орынбасарова Гүлжүзім 2-орын, жетекшісі Имекешева К.М ,Сарбасова Жанель 2-орын ,жетекшісі







Бітімбай А.С .

Аудандық **«Достық**» олимпиадасы нан Леонтий Әсемай 5-кл 3-орын, 6-кл Алмасова Нұрила 3-орын алды. **Облыстық кезеңінен** Леонтий Әсемай мақтау қағазын алды. Жетекшісі.Махмудова А.А Куанышбаева Д,Исатаева П,Сагимбаева А.Т

Аудандық «**С.Баярстанов**» олимпиадасынан 5-кл оқушысы асылбай Құраплай 3-орын алды.Жетекшісі Сагимбаева А.Т

Аудандық **«Абай оқуларынан**» 10-кл Темірғали Аружан 1-орын, жетекшісі Имекешева К.М ,Аманғос Нұрайым 1-орын,жетекшісі Махмудова А.А , Сарбасова Жанель 3-орын алды, жетекшісі Бітімбай А.С

Облыстық «**Абай оқуларынан»** Темірғали Аружан Бас жүлде, Аманғос Нұрайым 1-орын алды.





Аудандық «Ұлы жеңіске тарту» байқауынан 0в-кл оқушысы Хамит айым 2-орын, жетекшісі Сәндібекова Г.Е,0б-кл оқушысы Абдурахим Асылым 2-орын алды. Жетекшісі Ермеккарина Ж.Ұ

у жылына міндеттер:

1.Дарынды балалармен жұмыс жоспарын бір жүйеге келтіріп,сайыстың түрлеріне қарай оқушыларды таңдап, кестеге сай оқушылармен жұмыстану ;

2.Аудан, облыс көлемінде өтетін ғылыми жобалар байқауына оқушыларды сапалы дайындап , қатыстыру;

3.Пәндік олимпиадаларға, түрлі зияткерлік сайыстарға қатысатын оқушыларға сапалы дайындық жұмыстарын жүргізу;

4.Математикалық бағыттағы олимпиадаларға оқушыларды нақты анықтап, сапалы дайындық жұмыстарын жүргізу;

№3 Хромтау орта мектебінің әдістемелік қызметінің 2023-2024 оқу жылғы педагогикалық талдамасы

Талдау мақсаты:

1.Мұғалімдердің сапалық құрамын тұрақтандыру, біліктілік санатын арттыру,білімдерін жетілдіру жұмыстарының ұйымдастырылуына талдау жасау

2.Мұғалімдердің өзін-өзі жетілдіруі мен кәсіби деңгейін көтеру,шеберлігін жоғарылату жұмыстарын талдау

3.Талдау негізінде ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді мақсаттар қою

Әдістемелік қызмет мақсаты:

-мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыруда білім беру ұйымдарында әдістемелік қолдауды жүзеге асыру;

- педагогтардың үздіксіз білім беруі үшін жағдай жасау, педагог кәсіби құзыреттілігін жетілдіру;

- Педагогтың шығармашылдығын, жеке білім беру бағытын іске асыруға ұмтылысын дамыта қолдау,кәсіби шеберлігін арттыру.

Әдістемелік қызмет негізі


Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мақсатталған педагогикалық ғылымның жетістіктері, озық педагогикалық тәжірибе және болып жатқан педагогикалық үдерістерді талдау,педагогикалық практикаға ендіру.

Әдістемелік қызметтегі басымдық:
Педагогикалық кадрлардың кәсіби дамудағы әлеуетті қажеттіліктерін анықтау ,кәсіби дамуға жағдай жасау, педагогтардың өз қызметіне қанағаттануына көмек көрсету
Келесі бағыттарда жұмыс жүрді:
1.Қазіргі педагогикалық жаңашылдықты педагогикалық ұжымда талдау;
2.Педагогтердің кәсіби дайындық деңгейін, олардың кәсіби қажеттіліктері мен мәселелерін зерттеу.
3. Оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін сараптау;
4. Педагогтың ғылыми және теориялық құзіреттілігіне ерекше назар аудару
5. Педагогикалық құралдармен тұлғаның мотивациялық саласын дамыту
6. Бөлінген көшбасшылық принципімен озат педагогтар еңбегінің жекелеген жақтарын ұтымды ету
7.Педагогтардың кәсіби өзін-өзі жетілдіруне баса назар аудару
Оқу-әдістемелік қызметтің басшылыққа алынған нормативтік құқықтық құжаттар:
2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (5-тарау, 29-бап, 1, 2 -тармақ) - «Білім мен ғылымды интеграциялау, оқу- тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүзеге асыру»
«Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016жылғы 18 қаңтардағы
№ 40 бұйрығы;
«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы;
«Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылық жасау: орта білім беру ұйымдарында – облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әдістемелік кабинеттеріне және аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттеріне; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беруді басқару органдарының әдістемелік кабинеттеріне және бейіндер бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бірлестіктері»

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ МОДЕЛІ

№3 Хромтау орта мектебінің әдістемелік қызметі моделі

Түрі :Бөлінген кәсіби басқару



« Педагогикалық Даму » қоғамдастығы

Мақсаты: Оқу мен тәрбие процесінің әдістемелік қамтылуын қамтамасыз ете отырып, педагогтардың кәсіби дамуы мен шеберлігін жоғарлату арқылы білім сапасының өсуіне әдістемелік ықпал ету

«Табысты тәжірибе »

Мақсаты: шығармашылықпен жұмыс істегісі келетін және жұмыс істей алатын, ынталы және тиімді еңбек ететін педагогтардың кәсіби дамуына ықпал ету.
Тәжірибелі педагогтардың практикалық қызметінің келесі алгоритмін іске асыру болып табылады: жаңа идея – сабақтарда зерттеу – талдау – идеяның шығармашылық дамуы- тәжірибе тарату.

«Шабыт »

Мақсаты: шығармашылықпен жұмыс істегісі келетіндер, бірақ әлі де осы еңбек деңгейіне жетуде қиындықтарға тап болып кәсіби даму кедергілері бар мамандарды кәсіби жетілдіру.
Топтың жұмыс алгоритмі: қиындықтарды талдау- проблеманы қою– өздігінен,өзара тәжірибе алмасу арқылы білім жетілдіру-практикалық жаттығу сабақтары – педагогикалық қызмет

«Педагогикалық үміт»

Мақсаты: әрбір жас педагогты өсірудің жеке бағдарламасын іске асыру,жас маманды кәсіби қалыптастыру
Міндеті – қазіргі жағдайда педагогикалық қызметті моделдеу бойынша жас мамандардың жұмысын ұйымдастыру, педагогтың өз шеберлігін жетілдіру жолдары мен құралдары туралы түсініктерін қалыптастыру.

Барлық кадр саны- 66
Білімі:
Жоғары-55 (77 %)
Арна орта-16 (22 %)
Санаты:

ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІ- 21 (30%)
ПЕДАГОГ-САРАПШЫ- 17(24%)
ПЕДАГОГ-МОДЕРАТОР- 19(21 %)
ПЕДАГОГ- 13(20 %)
САПА- 54, 2 %

№ 3 Хромтау орта мектебінің әдістемелік өзекті мәселесі:
“ Сабақ беру үдерісін жетілдіруге бағытталған технологияларды мектеп тәжірибесіне енгізу арқылы білім сапасын арттыру”
Мақсаты:
Жаңаша білім беру бағытында сындарлы оқытуға негізделген технологияларды қолдану арқылы жеке тұлғаның көшбасшылық қабілеттерін дамыту арқылы жан-жақты білім мен тәрбие беру; педагогтардың жаңаша білім беру форматында кәсіби жетілуі мен шыңдалуын ұйымдастыру арқылы кәсіби дамуына ықпал ету;
Міндеттері:
- жаңаша білім беру, сындарлы оқытуды мектеп тәжірибесіне ендіруге әдістемелік көмек беру , әр оқушының тұлғалық дамуының жан –жақтылығын қамтамасыз етуге жағдай жасау;
- мектептегі әр оқушының ойлау, рухани физологиялық дамуын жайлы жағдай тудыру ;
- сындарлы оқыту технолгияларын қолдану,жаңаша білім беру форматын мектеп үдерісіне ендіруде мектеп үйлестірушілерінің жұмысын белсенді ету;
- мұғалімнің зерттеушілік- ізденушілік ,шығармашылық мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін дамыту бағытында мектептегі кәсіби қоғамдастықтар жұмысының сапалы жүруіне ықпал ету;
- мұғалім тарапынан әр оқушының даралық, көшбасшылық қабілетін дамытуына ықпал ету;
- жаңаша оқытудың тиімді әдістері негізінде сабақтардың өткізілу сапасын арттыру,олардың әдістемелік жағынан жоғары деңгейде жүргізілуін қамтамасыз ету;
- педагогтардың іздену, зерттеу,өзін –өзі жетілдіру құзыреттіліктерін жоғарлату;
- ұжым арасындағы озат педагогикалық тәжірибе жетістіктерін зерттеу және тарату; педагогикалық жаңашылдықтар мен ойлармен тәжірибе алмасу;
- мұғалімдердің педагогикалық қызметтегі қиыншылықтары мен кемшіліктерінің алдын алу;
- педагогикалық қызметтегі жасандылық пен тиімсіз шектен тыс жүктеудің алдын алу;
- педагогикалық шығармашылдық пен белсенділікті көтермелеу;
- оқу- тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыру арқылы өз ойын еркін жеткізіп, өзгермелі әлемге бейімді,өзін-өзі ұйымдастыру қызметін жоспарлай алатын,ізденімпаз, өз білімін тиімді пайдаланып, қоғамға пайдалы көшбасшы қалыптастыру;

ПЕДАГОГТЕРДІҢ САЙЫСТАРҒА ҚАТЫСЫМЫ

№	Мұғалім аты –жөні	Сайыс атауы	Деңгейі	Нәтиже	Өту түрі
	РЕСПУБЛИКАЛЫҚ				

1	Коптенова Н.М.	«Үздік педагог» олимпиадасы	Республика	І дәрежелі	қашықтық
		VI Республикалық пәндік олимпиада	Республика	II дәрежелі	қашықтық
2	Калиева А.С.	І Республикалық «TeachStart-2024»	Республика	II-орын	Онлайн
3	Балмұханова М.Е	«TeachStart-2024» педагогикалық олимп	Республика	1-орын	қашықтық
		«Үздік жаратылыстану ғылыми пәндер мұғалімі» республикалық байқауы	Республика	1 Дәрежелі	қашықтық
4	Өтетілеу Ф.Қ	«TeachStart-2024»	Республика	II орын	Онлайн
5	Искакова Ж.М	«TeachStart-2024»	Республика	І орын	Онлайн
6	Сагимбаева А.Т	«TeachStart-2024»	Республика	І орын	Онлайн
7	Намазбаев Б.А	«TeachStart-2024»	Республика	І орын	Онлайн
		«Дарынды балаларға-талантты ұстаз»	Республика	III орын	Офлайн
8	Казбаева Ш.К	Республикалық үздік сабақ жоспары	Республика	1-орын	Қашықтық
		«TeachStart-2024» олимпиада тарих пәні	Республика		
9	Куанышбаева Д	«TeachStart-2024» олимпиада	Республика	Диплом 2	қашықтық
10	Баймуратова Г.А	Е.Бекмаханұлы атындағы Қазақстан тарихы пәнінен VI Республикалық олимпиада.	Республика	Диплом 2-орын	қашықтық
11	Бримова УУ	Педстарт республикалық олимпиадасы	Республика	3 орын	Онлайн
		«TeachStart – 2024» пәндік олимпиадасы	Республика	2 орын	Онлайн
		Өрлеу «Үздік орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» байқауы	Республика	1 орын	Онлайн
12	Акниязова Г.К	«TeachStart-2024»	Республика	1 орын	кашыктык
13	Мутигуллина Н.С	«TeachStart-2024»	Республика	1 орын	кашыктык
14	Бітімбай А.С	«Жүзден жүйрік» пәндік олимпиадасы	Республика	Алғыс хат	Қашықтық
15	Коптилеуова А	«TeachStart-2024»	Республика	II орын	Қашықты
16	Умарова Г.К	TeachStart-2024	Республика	II орын	Қашықты
		Педстарт	Республика	II орын	Қашықтық
17	Жапакова А.Ж	«TeachStart-2024»	Республика	2 орын	кашыктык
18	Беляшева М.М	ПЕДСТАРТ(матем.пәні бойынша) 2024 ж.	Республика	2 орын	кашыктык
		ПЕДСТАРТ(қазақ тілі пәні бойынша) 2024	Республика	3 орын	кашыктык
		TeachStart-2024	Республика	II орын	Қашықты
19	Косжанова М.М	ПЕДСТАРТ-2024 ж	Республика	3 орын	кашыктык
		TeachStart-2024	Республика	3 орын	Қашықтық
		«Мақатаев оқулары» атты конкурс	Республика	Мадақтама	Қашықты
20	Маденова Д.Б	ПЕДСТАРТ-2024 ж	Республика	3 орын	кашыктык
		TeachStart-2024	Республика	2 орын	Қашықтық
21	Тайшыбаева С.Б	ПЕДСТАРТ-2024 ж	Республика	2 орын	кашыктык
		TeachStart-2024	Республика	2 орын	Қашықтық
		«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» эссе байқауы	Республика	2 орын	Қашықты
22	Ерназарқызы Н.	TeachStart-2024	Республика	2 орын	Қашықты

23	Алмагамбетов аЛ М	TeachStart-2024	Республика	2 орын	Қашықтық
		ПЕДСТАРТ-2024 ж	Республика	1 орын	кашыктык
24	Сарсенбаева З	TeachStart-2024	Республика	2 орын	Қашықтық
		ПЕДСТАРТ-2024 ж	Республика	3 орын	кашыктык
		ZIATKER.KZ өткізген олимпиада	Республика	3 орын	кашыктык
25	Халыкова Г.У	TeachStart-2024	Республика	2 орын	Қашықты
		ПЕДСТАРТ-2024 ж	Республика	2 орын	кашыктык
		«bilim –orkenieti» ұйымдаст эссе байқауы	Республика	1 орын	кашыктык
26	Жолмагамбето ва Н	TeachStart-2024	Республика	3 орын	Қашықты
27	Аманбаева А.А	TeachStart-2024	Республика	2 орын	Қашықтық
		ПЕДСТАРТ-2024 ж	Республика	1 орын	кашыктык
28	Жақсылықызы Ү	Респу. мұғалімдер спартакиадасы Бес асық	Республика	III орын	офлайн
		TeachStart-2024	Республика	2 орын	Қашықты
29	Абилов БК	TeachStart-2024	Республика	2 орын	Қашықтық
30	Сагындыков ББ	TeachStart-2024	Республика	3 орын	Қашықтық
31	Елманова Т	Үздік оқырман байқауы	Республика	3 орын	Офлайн
	ОБЛЫСТЫҚ				
1	Мусина Г.А	Облыстық пәндік олимпиада	Облыстық	III диплом	онлайн
2	Коптенова Н.М	Педагогикалық олимпиада	Облыстық	Алғыс хат	Онлайн
3	Өтетілеу Ф.Қ	Пед олимпиада	Облыстық	III орын	Онлайн
4	Искакова Ж.М	Пед олимпиада	Облыстық	II орын	Онлайн
5	Сагимбаева А.Т	Пед олимпиада	Облыстық	I орын	Онлайн
6	Намазбаев Б.А	«Математикалық регата»	Облыстық	II орын	Офлайн
		«Дарынды балаларға-талантты ұстаз»	Облыстық	II орын	Офлайн
7	Казбаева Ш.К	“Үздік сабақ жоспары” тарих пәндері	Облыстық	1 орын	Қашықтық
		Педолимпиада Қазақстан тарихы	Облыстық	1 орын	Қашықтық
		“Үздік сабақ жоспары” тарих пәндері	Облыстық	3 орын	Қашықтық
		Пед олимпиада ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ	Облыстық	1-орын	Қашықтық
8	Куанышбаева Д	Пәндік олимпиада.Казакстан тарихы	Облыстық	2 орын	Қашықтық
9	Иманбаева Д.Е	Пәндік олимпиада.Казакстан тарихы	Облыстық	2 орын	Қашықтық
		ПәндіколимпиадаДүниежүзі тарихы	Облыстық	2 орын	Қашықтық
10	Баймуратова Г.А	Пәндік олимпиада.Казакстан тарихы	Облыстық	2 орын	Қашықтық
11	Жумабаева К.Т	Пәндік олимпиада	облыстық	I орын	онлайн
12	Бримова У.У.	Облыстық пәндік олимпиада	Облыстық	Алғыс хат	Онлайн
13	Акниязова Г.К	Облыстық педагогикалық олимпиада	Облыстық	3 дәрежелі	кашыктык
14	Мутигуллина Н.С	Облыстық педагогикалық олимпиада	Облыстық	1 дәрежелі	кашыктык
15	Бітімбай А.С	Пәндік олимпиада	Облыстық	1 орын	Қашықтық
16	Умарова Г.К.	Үздік эссе	Облыстық	Мақтау қағ	Қашықтық
		Облыстық пед олимпиада	Облыстық	1орын	Онлайн
17	Жаппакова А.Ж	Үздік эссе	Облыстық	Мақтау қағ	Қашықтық

18	Косжанова М А	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	2 орын	Онлайн
19	Маденова Д.Б	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	2 орын	Онлайн
20	Тайшыбаева С.Б	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	2 орын	Онлайн
21	Коптилеуова А	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	1орын	Онлайн
22	Беляшева М М	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	2орын	Онлайн
23	Тайшыбаева С.Б	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	2орын	Онлайн
24	Ерназарқызы Н	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	2орын	Онлайн
25	Алмагамбетов аЛ	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	1 орын	Онлайн
26	Халыкова Г.У	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	2орын	Онлайн
		Үздік сабақ жоспары	Облыстық	2орын	Онлайн
27	Жолмагамбетова Н	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	2орын	Онлайн
28	Казакбаева Н.И	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	2орын	Онлайн
29	Аманбаева АА	Облыстық пед олимпиада	Облыстық	1орын	Онлайн
30	Елманова ТА	Облыстық үздік эссе байқауы	Облыстық	Мақтау қағ	Онлайн
31	Жақсылықызы Ү	Бес асық	Облыстық	1 орын	Офлайн
		Облыстық жазғы Президенттік сынақ	Облыстық	1 орын	Офлайн
		Ақтөбе облысының чемпионаты бес асық	Облыстық	1 орын	Офлайн
		Обл.мұғалімдер спартакиадасы Бес асық	Облыстық	1 орын	Офлайн
		ЧемпионатҚысқы Президенттік көпсайыс	Облыстық	II орын	Офлайн
	АУДАНДЫҚ				
1	Калиева А.С	«Педагогикалық идеялар фестивалі»	аудандық	номинация	Офлайн
2	Өтетілеу Ф.Қ	«Квант» олимпиада	Аудандық	Мадақтама	Офлайн
3	Искакова Ж.М	«Квант» олимпиада	Аудандық	III орын	Офлайн
4	Намазбаев Б.А	«Квант» олимпиада	Аудандық	I орын	Офлайн
		«Математикалық регата»	Аудандық	I орын	Офлайн
		«Дарынды балаларға-талантты ұстаз»	Аудандық	Бас жүлде	Офлайн
		«Тәуелсіз елдің ұрпағы»	Аудандық	II орын	Офлайн
5	Бітімбай А	«Тәуелсіз елдің ұрпағы» дебат турнирі	Аудандық	II орын	Оффлайн
6	Жаппакова А.Ж	Үздік бастауыш мұғалімі-2023	Аудандық	III орын	Оффлайн
7	Халыкова Г.У	«Алтын тұғыр» математ. олимпиадасы	Аудандық	III орын	Оффлайн
8	Жақсылықызы Ү	Аудандық мұғалімдер спартакиад Бес асық	Аудандық	I орын	Офлайн
9	Абилов Б	Ұлттық Спорт күніне аудандық Асық ату	Аудандық	III орын	Оффлайн
		Ұлыстын ұлы күніне аудандық Асық ату	Аудандық	III орын	Оффлайн
10	Сагындыков ББ	Ұлыстын ұлы күніне аудандық Асық ату	Аудандық	I орын	Оффлайн
11	Сермагамбетов аГ	Аудандық мұғалімдер спартакиад Бес асық	Аудандық	I орын	Оффлайн
12	Бримжанов Н.К	Ұлыстын ұлы күніне аудандық Асық ату	Аудандық	I орын	Оффлайн
	МЕКТЕПІШІЛІК				

1	Өтетілеу Ф.Қ	«Жас маман-2024»	Мектепішілік	Бас жүлде	Офлайн
2	Тайшыбаева С Б	«Жас маман-2024»	Мектепішілік	1 орын	Офлайн
3	Бітімбай А С	«Үздік сабақ» байқауы	Мектепішілік	Мадақтама	Оффлайн
4	Елманова Т.А	«Үздік сабақ» байқауы	Мектепішілік	Бас жүлде	Офлайн
5	Халыкова Г.у	«Үздік сабақ» байқауы	Мектепішілік	III орын	Офлайн
6	Казакбаева Н.И	«Үздік сабақ» байқауы	Мектепішілік	I орын	Офлайн
7	Жолмагамбетова Н	«Үздік сабақ» байқауы	Мектепішілік	II орын	Офлайн

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУЫ

Баспа арқылы тәжірибе тарату

№	Мұғалімнің аты –жөні	Атауы	Деңгейі Түрі	Шыққан жері	Баспа атауы
	Халықаралық				
1	МусинаГА	"Тепе - теңдік константасын мен тепе-теңдік күйдегі концентрацияларды табу" тақырыбына есептер шығару	Халықаралық	Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция жинағы	«SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD:CHALLENGES OF THE XXI CENTURY» XII Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция жинағы
		«Химия пәнінен пәнаралық интеграция арқылы құзыреттілікті дамыту» мақала	Халықаралық	Халықаралық әдістемелік - танымдық журнал	«Achievement» Халықаралық әдістемелік - танымдық журнал
2	КоптеноваН.М.	Биология пәнін ағылшын тілінде кіріктіріп оқыту	Халықаралық	Ақтөбе қаласы	Халықаралық ғылыми – әдістемелік танымдық шығармашылық журналы «Achievement» №7/қараша/
		Сапалы білім – сабақты тиімді жоспарлау	Халықаралық	Астана қаласы	Халықаралық ғылыми - әдістемелік журнал «GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2023: CENTRAL ASIA»
	РЕСПУБЛИКАЛЫҚ				
1	Мусина Г. А.	« 2(II)топэлементтеріКальций №8 зертханалық тәжірибе Кальцийдің сумен және қышқыл ерітіндісіменәрекеттесуі »	Республикалы	Республикалық ғылыми, әдістемелік - танымдық журнал	«Педагогтардың шыңдалуы» республикалық ғылыми, әдістемелік - танымдық журнал
2	Коптенова Н.М	Бағаналы жасушалар ұғымы және олардың қасиеттері	Республикалық	Ақтөбе қаласы	Республикалық ғылыми – әдістемелік танымдық журналы «Педагогтардың шыңдалуы»
3	Казбаева.Ш.К	«Қазақстандықтардың ұлы отан соғысы шайқастарына қатысуы»	Республикалық	Республикалық 2024ж	«Білім айнасы» Республикалық журналы
4	Жаппакова АЖ	«Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру»	Республикалық	Авторлық бағдарлам17.01.2024 ж.	
5	Ерназарқызы Н		Республикалық		Республикалық-ғылыми әдістемелік,педагогикалық журнал
6	Халыкова Г.У	Пәні: Ана тілі:Әліпби. "Түлкі мен Тырна ертегісі" Бөлімі : Буын және тасымал.	Республикалық	"Дидактика" журналы	

		Негізгі және туынды зат есім /қазақ тілі	Республикалық	"Алтын білім кілті" журналы	Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналы
		Ж ж дыбысы және әрпі/ әліппе	Республикалық	"Ұстаз мінбері"	Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналы
	ОБЛЫСТЫҚ				
1	Мусина Г.А	Катализ. *№2 зертханалық тәжірибе* "Реакцияжылдамдығына әр түрлі катализаторлар әсерінің тиімділігін зерттеу"	Облыстық	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	«Тірек және магниттік мектеп: ынтымақтастық, қолайлы орта»
		«Гальваникалық элементтер»	Облыстық	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	
		Әдістемелік құрал «Химия пәнінен қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар» әдістемелік құрал	Облыстық	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Химия
		Электронды орта «Шағын жинақты мектептерде химия пәнінен сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету» электронды орта	Облыстық	Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы	Химия
2	Коптенова Н.М	Сперматогенез бен оогенездің айырмашылықтары. Сперматогенез бен оогенезді салыстыру	Облыстық	Ақтөбе ғылыми – тәжірибелік орталығы	«ТІРЕК ЖӘНЕ МАГНИТТІК МЕКТЕП: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ, ҚОЛАЙЛЫ ОРТА»
		Әдістемелік құрал: «Биология пәнінен қалыптастырушы бағалау тапсырмалары» *11 сынып білім алушыларына арналған*	Облыстық	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы	
		Электронды орта: «Биология пәнінен «Стриминг» моделі бойынша сабақтар топтамасы *11 сынып білім алушыларына арналған*	Облыстық	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы	
3	Жумабаева К Т	«М.Қабанбай "Бауыр" әңгімесі» сабақ	Облыстық	Ақтөбе ғылыми – тәжірибелік орталығы	«Тілдерді оқыту: ізденіс және әдістеме» журналында
4	Казбаева.Ш.К	«Абылай хан саясаты»	Облыстық	2023ж ОБлыстық	Ақтөбе: «Ұстаз» оқу-әдістемелік орталығы ұстазы»
		«Ұлттың ұлы -перзенті»	баяндама	2024ж Өңірлік	
5	Елманова Т.А.	Жаһандық құзіреттілік - уақыт талабы.	Облыстық	«Ұстаз»оқу-әдістемелік орталығы	Ақтөбе: «Ұстаз» оқу-әдістемелік орталығы ұстазы»
6	Срсенбаева ЗШ	Х дыбыс ы мен әрпі	Облыстық	Ақтөбе үстазы	
7	Халыкова Г.У	«Жолың болсын, балақай	Облыстық	«Ақтөбе ұстазы» газеті25.12.2023 Анықтама №926	

8	Умарова Г. К	Авторлық бағдарлама Математика және логика2023	Облыстық	Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығы “EDU PRINT” баспаханасы	
9	Беляшева М М	Авторлық бағдарлама Математика және логика	Облыстық	№276 хаттамасымен мақұлданған және баспаға ұсынылған	Халықаралық ғылым және білім қолдау орталығы«EDU PRINT»баспаханасы
10	Сарсенбаева З.Ш. Жаппакова А.Ж.	Әдістемелік құрал »Бастауыш сынып оқушыларыныі функционалдық сауаттылықтарын арттыру.»	Облыстық	17.01.2024.	Алматы 2024
11	Жолмагамбетова Н.М	“Шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған технологиялар:Бастауыш сыныптарда шығармашылық ойлау мен көркемдік қабылеттерді дамыту үшін сандық құралдармен қосымшаларды қолдану	Облыстық	2024ж	“Мақсат” Халықаралық ғылыми -әдістемелік Журналы

Семинар,конференцияларда тәжірибе таратуы

№	Мұғалім аты –жөні	Тәжірибе атауы	Деңгейі	Таратқан жері	Тарату түрі
	РЕСПУБЛИКАЛЫҚ				
1	Мусина Г.А	«Цифрлық технология мүмкіндіктерін пайдалану арқылы Ақтөбе облысындағы шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін дамыту» республикалық семинар – практикум Шебер класс:« «Оқыту мен оқудың белсенді әдістеріне негізделген цифрлы сабақ»	Республикалық	Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы	ZOOM платформасы
2	Коптенова Н.М	«Цифрлық технология мүмкіндіктерін пайдалану арқылы Ақтөбе облысындағы шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін дамыту» Шебер класс:«Цифрлы білім беруде қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын қолдану».	Республикалық	Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы	ZOOM платформасы
	ОБЛЫСТЫҚ				
1	Мусина Г.А	**Семинар-практикум:«**Тірек және магниттік мектеп: ынтымақтастық, қолайлы орта» «Оқыту мен оқудың белсенді әдістеріне негізделген цифрлы сабақ»	Облыстық	АОҒТО	Онлайн
2	Коптенова Н.М	*«Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің»* пилоттық жобасының *стриминг* моделін жүзеге асырушы виртуалды педагог – *Биология 11 сынып* /онлайн оқыту/	Облыстық	АОҒТО	Онлайн
		Семинар-практикум: «Тірек және магниттік мектеп: ынтымақтастық,қолайлы орта»«Мембраналық потенциалды сақтаудағы белсенді тасымалдың рөлі» - *панорамалық сабақ*	Облыстық	АОҒТО	Онлайн
		Облыстық конференция:«Lesson Study: Қазақстан педагогтарының тәжірибесі» тақырыбындағы VII конференциясы –	Облыстық	ПШО	Офлайн

		зерттеушілік тәжірибе бөлісу			
4	Калиева А.С.	«География сабақтарында оқытудың белсенді әдістері»тақырыбындағы республикалық семинар «Қызықты география ойын сабағы».	Облыстық	«Өрлеу»АК	офлайн
5	Өтетілеу Ф.Қ	«Цифрлық кеңістікте оқушылардың функцияналдық сауаттылығын қалыптастыру»	Облыстық	Өрлеу	Офлайн
6	Намазбаев Б.А	«Цифрлық кеңістікте оқушылардың функцианалдық сауаттылығын қалыптастыру» облыстық семинар	Облыстық	Өрлеу	Қашықты
		«Олимпиада есептерінде кездесетін теңсіздіктерді дәлелдеу әдістері»	Облыстық	АОҒТО	офлайн
8	Казбаева Ш.К	Рухани адамгершілік білім беру мен тәрбиеніоқу процесіне интеграциялау арқылы жаһандық құзіреттілікті дамыту	Облыстық	Өрлеу БАҰО	офлайн
		«Үздік тәжірибе-нәтижелі жұмыс»	Облыстық	Өрлеу БАҰО	офлайн
		Қ.Сәтбаевтың125 жылдығына «Сәтбаев салған сара жол- ұрпаққа ұлағат»	Өңірлік		офлайн
	Иманбаева. Д.Е	Жоба қорғау .Тәжірибемен бөлісу	Облыстық	Ақтөбе телеарнас	Офлайн
		«АКТ мүмкіндіктері арқылы тарих сабағын жаңаша ұйымдастыру»	2023ж	АОҒТО	Облыстық
	Баймуратова Г.А	«НЗМ»ұйымдастыруымен педагогтердің республикалық тамыз кеңесі	Облыстық	Ақтөбе қаласы № 39 ОМ	Офлайн
		«Lesson study: Қазақстан педагогтерініңтәжірибесVIIөңірлікконференциясы	Облыстық	Зуум платформасы	Онлайн
		«Іс әрекеттегі зерттеу (Action Research) және сабақты зерттеу Lesson study: білім беру ұйымдарында іске асыру тәжірибесі» аймақтық практикалықконференция	Облыстық	Зуум платформасы	Онлайн
	Елманова Т.А	«Мектеп пен отбасы бала тәрбиесіндегі әріптестер»	Облыстық	АҒТО	Қашықты
		Рухани адамгершілік білім беру мен тәрбиеніоқу процесіне интеграциялау арқылы жаһандық құзіреттілікті дамыту	Облыстық	Өрлеу БАҰО	офлайн
	Жумабаева КТ	"Оқушыларды шығармашылық жұмыстарға үйретудегі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді жолдары"идеялар аукционы	Облыстық	"Олимп шыңына жетелеуші" атты облыстық Тілдер Ассоциациясы	онлайн
	Бітімбай А.С	«Оқушыларды шығармашылық жұмысқа үйретудегі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді жолдары» идеялар аукционы	Облыстық	Тілдер Ассоциациасы	онлайн
	АУДАНДЫҚ				
	Коптенова Н.М	«Цифрлық сабақ үшін оқу мақсаттарына сәйкес ресурстарды жоспарлау» - *панорамалық сабақ*	Аудандық	Семинар - практикум	Офлайн
		«Оқу үдерісінде білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын қалай жетілдіруге болады?» - *зерттеу жұмысы*	Аудандық	Копа мектебі	Офлайн
		«Бірлескен қызмет – тәжірибені зерттеу» - *шебер класс*	Аудандық	Аудандық семинар	Офлайн
	Мусина Г.А	«Білім беру үдерісін цифрлық форматта ұйымдастыру»	Аудандық	Каникулдық мектеп: білім беру жобасы семинары	Офлайн
	Өтетілеу Ф.К	«Қаржылық сауаттылықты қалыптастыру»	Аудандық	аудан	Офлайн
	Намазбаев Б.А	«Қаржылық сауаттылықты қалыптастыру»	Аудандық	аудан	Офлайн
	Искакова Ж.М	«Оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру » Коучинг	Аудандық	Аудандық	Офлайн
		Математикалық сауаттылық бағыты бойынша тест тапсырмалары	Аудандық	Семинар-практикум	Офлайн
	Казбаева	«Зерттеу сабағы –мұғалімнің дамуының	Аудандық	№5 МГ	офлайн

	Ш.К	қозғаушы күші»			
	Акниязова Г К	«Формирование читательской грамотности в процессе ркаботы над различными видами чтения в современной школе»	Аудандық	№2 мектеп гимназиясында	Семинар-практикум
	Өтетілеу Ф.Қ	Жаңартылған білім беру-заман талабы тәжірибе алмасу семинар	Аудандық		офлайн

Жас мамандармен жұмыс

2024 жылдың 22-26 қаңтары аралығында «Шарықта,шыңдал жас маман!» атты жас мамандар апталығы өтті. Апталық аясында 6 жас маман:
1.Намазбаев Бегжан Абдугаппарұлы
2.Өтетілеу Фариза Қазиқызы
3.Орынбасар Асылнұр Таңатқанқызы
4.Тайшыбаева Сандуғаш Бекболатқызы
5.Аблаева Зухра Русланқызы
6.Сәндібекова Гулжайна Ерболқызы ашық сабақтар көтсетті. Мектеп директорының бұйрығымен жас мамандар апталығын бағалау қазылар алқасы құрылды. Оның құрамы:
Отаров Шерхан Табиғатұлы- қазылар алқасы төрағасы
Кулумгарина Рахия Жарасхановна -қазылар алқасы төрағасы орынбасары
Қазылар алқасы мүшелері:
1.Кайырмагамбетова Бакзада Мерзиновна
2.Алмагамбетова Ляззат Мырзатаевна
3.Мутигуллина Нургул Сагинтаевна
4.Махмудова Айнур Амандыковна
5. Искакова Жаркынай Мейрмановна
6.Ерназарқызы Назипа
7. Нурмагамбетова Айкенже Скаковна





Апталық аясында 26 қаңтар күні «Жас маман-2024» атағын иелену сайысы өтті. Жас мамандар сайыстың келесі кезеңдерінде сынға түсті.
1-ші кезең. «Нәтижеге бағытталған мақсат» тақырыбында ашық сабақтар көрсетілімі.





2-ші кезең
1 тур. «Менің даму жолым » тақырыбында жас маманның кәсіби даму жолының көрсетілімі.
2 тур. «Ойы ұшқыр,тілі өткір» бөлімінде жас мамандар «Дарындылық -білімге тәуелді емес» тақырыбында пікірталасқа түсті.
3 тур. «Өлең- сөздің патшасы...» айдарында жас мамандар өлең оқып жарысты.





Сайыс қорытындысы бойынша қазылар алқасы шешімімен Бас жүлде «Жас маман-2024» атағын математика пәні мұғалімі Өтетілеу Ф.Қ, 1 орынды бастауыш сынып мұғалімі Тайшыбаева С.Б, 2 орынды ағылшын тілі пәні мұғалімі Орынбасар А.Т, 3 орынды педагог-ұйымдастырушы Сәндібекова Г.Е иеленді. Сайысқа қатысқан жас мамандар математика пәні мұғалімі Намазбаев Б.А «Жаңашыл жас маман», тәлімгер Аблаева З.Р «Шығармашыл жас маман» номинацияларымен марапатталды.



2023-2024 оқу жылында жас мамандар республикалық, облыстық сайыстар жеңімпаздары болып, мектептің,ауданның, облыстың мерейін өсірді. Математика пәні мұғалімі Намазбаев Бекжан Абдугаппарұлы Қазақстанның барлық өңірлерінен 180 педагог қатысқан Алматы қаласында өткен «Дарынды балаларға-талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадаға қатысып, жүлделі III орын иеленді. 2024ж мамыр айында облыстың белсенді, дарынды жас мамандарымен өткізілген «Жастар алаңы» кездесуінде Ақтөбе облысы білім басқармасы басшысының Алғыс хатымен марапатталды.





ҚОҒАМДАСТЫҚТАР ЖҰМЫСЫ

Педагогтерді кәсіби серіктестік,қоғамдастық жұмыстар арқылы кәсіби дамыту – әдістемелік жұмыстың негізгі бағыты.

«ІЗДЕНІС» желілік қоғамдастығы. Жетекшісі Мусина Г.А

Аудандық білім бөлімінің *«Жетекші мектептер жұмысын ұйымдастыру туралы» 05.09.2022ж №658 бұйрығына сәйкес №3 Хроммау орта мектебінің көшбасшысы Г.А. Мусина серіктес тірек мектептермен (№3 ХОМ , Қопа ОМ, Жазық НМ)* жұмыс жүргізілуде. Серіктес мектеп мұғалімдеріне *«Ізденіс»* желілік қоғамдастығының жұмыс жоспары, мақсаты, міндеті, ережесі ,негізгі қадамдары мен күтілетін нәтиже түсіндірілді.

Желілік қоғамдастықтың мақсаттары:

- ✓ бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру;
- ✓ тәжірибемен алмасу, қолдау көрсету және ынтымақтастық;
- ✓ нәтижелі педагогикалық практиканы тарату;
- ✓ кәсіби тақырыптарда формальды және формальды емес қарым-қатынасты ұйымдастыру;
- ✓ виртуальды өзара әрекеттесуге ынталандыру, одан кейінгі ғаламтордан тыс өзара әрекеттесуге белсендендіру;
- ✓ кәсіби деңгейін арттыру;
- ✓ жаңа педагогикалық бастамаларға қолдау көрсету.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу жолдары:

Қоғамдастық мүшелерімен сенімді қарым-қатынас құру, қауымдастық ішінде жағымды ахуалды қалыптастыру, қауымдастықтың ережесін жасау, қоғамдастықтың шеңберін кеңейтіп отыр

Бағыты: Оқушылардың оқу үлгеріміне қойылатын талаптарды арттырып, қоғамдастық жұмысына қатысатын ересектерге арналған оқу бағдарламасын жетілдіру үшін Педагогикалық шеберлік орталығының Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасын қолданып оқушыларды оқыту үдерісін жақсартуға бағытталған.

Негізгі қадамдары:

1. Желілік қоғамдастықты басқаратын барлық негізгі топтарды: басшылық етуші топ, зерттеуші топтар, тәлімгерлік топтар және оқу орындарымен жергілікті мектептермен байланысты көрсететін негізгі топтарды құру.
2. Топтардың қызметіне көмектесу мақсатында олардың арасында жұмыс істейтін адамдарды анықтау.
3. Қос мүшелік немесе топтар арасындағы қарым-қатынас арнасын көрсететін байланыстарды жетілдіру.

Осы жұмыстарды одан әрі жетілдіру үшін, қоғамдастық мүшелерінің байланысын нығайту мақсатында, ZOOM платформасы және WhatsApp желісінде ***«Ізденіс»* атты** топ жұмыс жасайды. Желілік топқа қоғамдастық аясында болып жатырған іс-шаралар жоспары, ақпараттар, қажетті материалдар салынып, қаралады.

Мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарлатуда, бірлесіп оқушыларды жан — жақты зерттеу арқылы жұмыс жасайтын педагогикалық тәсіл туралы білуге, тәжірибе алмасуға бағыттау мақсатында ***«Lesson study әдісін сабақта қолданудың тиімділігі»*** тақырыбында *семинар - практикум* ұйымдастырылды.

Семинардың алғашқы бөлімінде ***«Lesson Study тәсілі сабақты зерттеу әдісі»*** тақырыбында *коучинг* өткізілді. Коучингті әуелі тренингтен бастадық. ***Тренинг. «Менің мінезім»*** *Мақсаты:* Өзіне деген сенімділігін, өзін тануға деген қабілеттерін анықтау. Әрбір қатысушы білезіктей шеңбер сызып, оны төртке бөледі.Әр бөлікке төмендегі жануар,аң, құс аттарын жазып шығады. Түйе, Жылқы, Сиыр, Қой, Ешкі, Ит, Мысық, Тауық, Қаз, Аққу, Қарлығаш, Үйрек, Бұлбұл, Арыстан, Қасқыр, Түлкі, Тауешкі, Тасбақа, Жылан, Балық. Соңында үйде, жұмыста, жолдастарының арасында, өзіндік баға деп бөлінген бөліктерге жазылған жануарлар, құстар адамның сол бөлікке қатысты мінездемелермен танысады. Шаттық шеңберінде бір-біріне тілек тілек айтылып, психологиялық ахуал тудырылды. Нәтижесінде: кез келген адам бір-біріне жақсы лебіз сөздер тілеп, жақсы көңілмен жұмыс істеуге бағытталды. *«Мозайка»* әдісі арқылы қатысушылар сурет қиындыларынан композиция құрастыру арқылы 3 топқа бөлінді.

Қызығушылығын ояту кезеңінде «Пікірлер себеті» әдісі арқылы коучингтің тақырыбы ашылды.





Топ мүшелері «Lesson Study» сөзіне ассоциация құрды. «Қошемет» әдісі арқылы бағаланды. Мұғалімдерге ***«Lesson Study»*** тақырыптық слайд арқылы түсінік берілді. Мұғалімдер зейін қойып тыңдады, пікір алмасты, сұрақтар қойды.«Lesson Study» дегеніміз мұғалімнің кәсіби білімдерін оқыту мен оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған сабақтағы іс-әрекеттерді зерттеудің педагогикалық тәсілі. «Lesson Study» - де ең бастысы сабақты зерттеу немесе сабақты зерделеу үдерісі болып табылады. Бұл үдеріс барысында ынтымақтастағы мұғалімдер оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтай мақсатында оқушылардың оқу үдерісін зерделейді. /МАН, 96 бет 2 деңгей/

Мағынаны тану кезеңінде **мұғалімдер *«Көкейде жатқан көрікті ой...»*** айдарымен әр топқа тапсырма берілді.

1-топ: Lesson Study-дің басты мақсаты қандай? 2-топ: Lesson Study сабақта қалай жүргізіледі? 3-топ: Бірінші *Lesson Study-ді* жоспарлау және «бақылаудағы» оқушыларды анықтау. Постерді салу және қорғау барысында әр топқа постердің критериалары ұсынылды. Бақылаушы постер салғанда топтардың қатысуларын қадағалап жүрді. Мұғалімдер тапсырмаларын ынтымақтастықпен зерттеп, зерделеп берілген тапсырмаларды топтарында бірлесіп орындады. Әр топтан шығып өздерінің жобаларын қорғады. «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау жүргізілді.





Ой толғау бөлімінде мұғалімдер *«О важности единства команды»* бейнекөріністі тамашалады. LS тиімділігі туралы ақпаратты тыңдады. Кәсіби дамудың тиімді тәсілі екендігін анықтадық. Әрине, бұл үшін LS үдерісі мұғалімдірдің кәсіби қоғамдастығын құруға ықпал етуі мүмкін. Әріптестер арасында берік байланыс орната алады. LS жай ғана сабақтарды оқуға жай ғана қатысу кәсіби оқу үшін қоғамдастық құру идеясының өзін қатысудың өзін кез келген мектеп үшін мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығын құру идеясын қабылдау үдерісін жеделдетуге көмектесе алады деген пікірлерді естіді. LS тиімділігін мұғалімдерге оқушылар қалай ойлайтынына көбірек назар аударуға көмектесетіндігінен көруге болады. Егер мұғалімдер оқушыларды тыңдауға, олардың не айтатынын құрметтеуге және сабақты жоспарлау кезінде бұнын құнды екендігін түсінуге үйрете алсақ, LS оқыту әдістемесіне қатты әсер ете алады деген ойлар айтылды.Мұғалімдер бейне көріністі зейін қойып көргеннен кейін өз ойларымен бөлісті.



Сабақ басында 3 әріптесінің коучинг барысындағы іс-әрекетін зерттеуге белгіленген мұғалімдерге сөз берілді. Мұғалімдер әріптестерінің коучинг барысында байқаған іс – әрекеттері талқыланды. Басты мақсат – мұғалімнің бақылау дағдысын дамыту, бірақ бірін-бірі бақылаған кезде мұғалімдер үшін өте қызықты болды. Мұғалімдер өздерін бақылағаннан бір сергіп қалды. Топ мүшелеріне сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

1.Коучинг –сессия басталғанда біз қандай әрекет орындадық?
2.Осы әрекетті сыныпта қолдануға бола ма?Неге?
3.Топқа бөлу әдісі сіз қолданып көресіз бе? Неге?
4.Топ болып жұмыс жасаған ұнады ма? Неге?
5. Біз қандай тәсілмен таныстық?

«WhatsApp» кері байланысы жүргізілді. Whatsapp желілік технологияны қолданып, мұғалімдер кері байланысты жазбаша және ауызша түрде коучинг туралы ой-пікірлерін, тілектерін, ұсыныстарын білдірді. Бақылаушылар арасындағы талқылау, оның мақсаты сабақтан алынған ой-пікірді талқылау, сабақты жақсарту жөніндегі жаңа идеялармен алмасуы және мұғалімнің мақсатын, оқушылардың білім алу жолын түсінуге тырысу, мұғалімдердің көзқарасын түзету, мұғалімнің бақылау дағдысын дамыту түрлері айтылды.

Қопа ОМ мектебінің мұғалімі Г. Дүйсенгалиева «Lesson stadu зерттеу сабағын тиімді жоспарлау және өткізу» *тақырыбында* іс – тәжірибесімен бөлісті. Қопа орта мектебінде Лессон стади зерттеу сабақтарын 2018 жылдан бері тәжірибемізде қолданып келеміз. Лессон Стади зерттеу сабағы оқушының оқуына, мұғалімнің кәсіби тәжірибесінің артуына ықпал ететін педагогикалық тәсіл, яғни оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятып, білім сапасын арттыруда тиімді тәсіл. Зерттеу сабағын тәжірибемізге енгізу барысында, біраз қиындықтар болды, тығырыққа тірелдік. Бірақ «қиын болды» деп ісімізді аяқсыз қалдырмадық. Қиындық туғызған проблеманы бірлесе, ақылдаса отырып шешуге тырыстық. Соның нәтижесінде өткізген зерттеу сабақтарымыз біршама нәтиже берді. Осы зерттеу сабақтарында алған тәжірибемізбен бөліскелі отырмын. Lesson study – дің басты мақсаты: Оқушыларға білім алуға көмектесу; топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету.

Зерттеудің нақты мақсатын басшылыққа алып, жұмыс тобы оқушылардың ойлауын бақылау мен талдауға ашық болатындай «көзге көрінетін» етуге мүмкіндік беретін оқытудың әдістерін, тәсілдерін және формаларын ұсынады. Бұл өте маңызды, себебі оқушылардың оқуды үйреніп жатқаны туралы сенім қажет. Әрбір өткізілген сабақтан кейін команда жоспарлар өзгертулер енгізіп, сабақты бақылау жүргізіледі. Сабақтан сабаққа қарай жоспар жақсара түседі және мұғалімдер оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқудың ең үздік стратегияларын анықтайды. Бірлесіп жоспарлауда мұғалімдерге сабақ жоспарын бүге – шүгесіне дейін талқылаудың қажеті жоқ, әсіресе олардың пәндері әр-түрлі болған жағдайда. Дегенмен жоспар басқа мұғалім қолдана алатындай жете сипатталуы тиіс. Мұғалімдер нақты бірізділікті қолдана алады. Мысалы, қызығушылықты ояту кезеңін қалай жүзеге асыру, үй жұмысын тексеру, жаңа тақырыпты түсіндіру, формативті бағалауды жүргізу, инклюзивті оқытуды ұйымдастыру және сыни ойлауды дамыту туралы ойлану.

Сабақты талқылау сабақты өткізіп болған соң жүзеге асырылады. Сабақ топтың әрбір мүшесінің жадында әлі жақсы сақталып, ұмытылмай тұрған кезде сабақты талқылау және талдауға арналған кездесуді өткізу қажет.

Сабақты талдау *басты үш сұраққа* негізделеді: Оқушылар қалайша сабақ мақсатына жетті? Сабақты қалайша жақсартуға болар еді? Бұл тәжірибеден біз не білдік?

Қорытынды жасау барысында қатысушылар өздерінің бақылауларын, интерпретацияларын және сабаққа арналған коментарийлерді ұсынады. Бұндағы мақсат оқушылардың оқуы, олардың ойлауы және қарым – қатынасы тұрғысынан сабақты егжей-тегжейлі талдау және бағалау болып табылады. Қорытынды жасап болған соң топ алдағы ұйымдастыру және нәтижелерді талдау мақсатында қосымша кездесулер өткізеді.

Деңгейлік бағдарлама идеялары аясында қазіргі таңда мектебімізде «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілі іске асырылып жатыр. Мектебімізде мұғалімдердің іс – әрекетті зерттеуші дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдарын табу өте маңызды. Мектептегі «Іс-әрекеттегі зерттеуді» жүргізу барысында мұғалімдердің әсіресе деректермен жұмыс жүргізуінде кедергілер мен қиындықтар туындайды. Мұғалімдер кейде қажетті деректерден гөрі, зерттеу мәселесіне жанама қатысы бар деректерге

сүйенеді. Мектебімізде іс – әрекетті зерттеудің сапалы жүргізілуіне және нәтижелілігіне өз ықпалын тигізеді деген оймен әріптестерге
«Іс-әрекеттегі (ACTION RESEARCH) зерттеу – оқытуды жақсартудың кепілі» тақырыбында шеберлік сынып өткізілді.





Шеберлік сынып *«Алақан»* тренингтен басталды. Жасыл түсті алақанды көрсетеді, бір- біріне қол беріп танысады.
Сары түсті көрсеткенде бір -біріне тілек айтады. Көк түсті алақан көрсеткенде есімінің алғашқы әріпі бойынша өз бойындағы жақсы бір қасиетін атайды. Мұғалімдер өз қалаулары бойынша төрт топқа топтастырылды. Мұғалімдердің қызығушылығын оятуда *«Ротация» әдісі* жүргізілді. Төрт топқа төрт түрлі сұрақтар берілді. 1.Lesson Study тәсілі мен «Іс-әрекет негізінде зерттеу» әдісінің айырмашылығы қандай?
2.Іс-әрекетті зерттеудің негізгі мақсаты қандай? 3.Іс-әрекетті зерттеудің кезеңдері 4.Іс-әрекетті зерттеудің тиімділігі қандай?
1 топ: Lesson Study тәсілі мен «Іс-әрекет негізінде зерттеу» әдісінің айырмашылығы түсіндірді. *2 топ:* Оқу үрдісінде іс-әрекетті зерттеудің негізгі мақсаттарын толық түсіндірді. *3 топ:* Іс - әрекетті зерттеудің кезеңдерін сипаттады. *4 топ:* Іс-әрекетті зерттеудің тиімділігі туралы өз ойларымен бөлісті.





Мұғалім үшін — сапалы нәтижеге әкелетін іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға болатындығын түсіндірді. Топта талқылап, постер жасады. Топтан бір – екі адам қорғады. «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланды. Мұғалімдер бас бармақтарын көрсету арқылы сіз түсіндіргенді олардың ұғу деңгейін тексерілді. Мағынаны тануда *«Іс-әрекеттегі зерттеуде деректермен жұмысты қалай ұйымдастыруға болады?»* тақырыптық слайд арқылы түсінік берілді.







Проблемалық сұрақтарға ой қозғалып, мұғалімдер іс-әрекеттегі зерттеудегі деректерді басқару және талдау қадамдарын түсінді.
Практикалық бөлімде *«Мұғалімнің зерттеуі қандай болуы керек?»* тақырыбында топтық тапсырма берілді. Әр топ өздеріне қатысты бір проблеманы анықтап, зерттеу тақырыбын, зерттеу сұрағын, зерттеу мақсатын, күтілетін нәтиже, әрекет жоспарын құрды.
Мәселе: Оқушылар сабаққа нашар қатысады.
Тақырып: Топтық жұмыстарды пайдалану арқылы оқушылардың тәртібін жақсарту.
Зерттеу сұрағы: Топтық жұмыстар арқылы сабаққа қатыспайтын оқушыларды қалай ынталандыруға болады?
Күтілетін нәтиже: оқушылардың сабаққа қызығушылығы артады, топта жұмыс жасауға дағдыланады, оқушылардың тәртібі жақсарады.

Жоспар құру: топтық ереже құру, топқа бөлу әдістерін үйрету, алдын-ала тапсырма беру, рольдерді бөлу, бірлескен топтық жұмыстар ұйымдастыру және т.б.
Нәтижені талдау: Кері байланыс алу, рефлексия жасау, видеоға түсіру, оны талдау.





Мұғалімдер өз ойларын дәлелдерімен жеткізіп, тұжырымдап, қорытындылады.
«Оқу үдерісінде білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын қалай жетілдіруге болады?» тақырыбында зерттеу жұмысы мұғалімдерге үлгі ретінде ұсынылды.
Зерттеу жұмысының мақсаты: Білім алушының сыни ойлау дағдысын дамыту.
Күтілетін нәтиже: Тапсырманы орындау арқылы сыни ойлай алады. Зерттеу жұмысының қалай жүргізілгені туралы толық түсінік берілді.


Шебер сынып соңында *«Пирамида»* кері байланысы жүргізілді.
Еске сақтау керек маңызды бір нәрсе
Сіз көбірек білгіңіз келетін екі нәрсе
Сіз бұрыннан білетін үш нәрсе
Сіз үйренген төрт нәрсе
Мұғалімдер іс-әрекеттегі зерттеу туралы ойларын айтты. Іс – әрекетті зерттеу бойынша жазылатын рефлексивті есептердегі деректер талдамасы, есеп қосымшаларындағы сандық көрсеткіштердің визуалды қолданылуы да мұғалімдерде жетілдіруді қажет ететін аспектілердің бірі. Шеберлік сыныпта жүргізілген зерттеу әдістерін сауатты таңдау мен дереккөздерді яғни, сауалнама немесе сұхбатқа да мұғалімдер үшін маңызды мәселе екенін білді. Іс-әрекеттегі зерттеу – Action research (Іс-әрекеттегі зерттеу) – оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру мақсатында бірізді, тізбектелген, жоспарланған іс-әрекеттерді орындауды, сондай-ақ зерттеу барысында алынған нәтижелерге жүйелі түрде мониторинг жүргізуді көздейтін үдеріс екенін мұғалімдер түсінді.
Мұғалімдер не білді?
• деректерді жинақтау үшін файлдар атауын белгілеу;
• дәлелдемелерді сақтаудың тиімді және сенімді түрлерін анықтау;
• маңызды жеке деректерді жасырын түрге айналдыру;
• қауіпсіздік мен құпиялылықты сақтау шараларын ойластыру, қосымша көшірмесін жасау.

Қопа орта мектебінде жоспар бойынша "Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілі: мәселе, әрекет, шешу жолдары" тақырыбында *семинар - практикум* ұйымдастырылды. Семинар *«Алақан»* тренингтен басталды. «Іс-әрекеттегі зерттеуде деректермен жұмысты қалай ұйымдастыруға болады?» тақырыптық слайд арқылы түсінік берілді.





Төрт топқа төрт түрлі сұрақтар берілді. *1 топ:* Lesson Study тәсілі мен «Іс-әрекет негізінде зерттеу» әдісінің айырмашылығы түсіндірді.

2 топ: Оқу үрдісінде іс-әрекетті зерттеудің негізгі мақсаттарын толық түсіндірді. *3 топ:* Іс - әрекетті зерттеудің кезеңдерін сипаттады. *4 топ:* Іс-әрекетті зерттеудің тиімділігі туралы өз ойларымен бөлісті. Мұғалім үшін — сапалы нәтижеге әкелетін іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға болатындығын түсіндірді. Топта талқылап, постер жасады. Топтан бір – екі адам қорғады. «Бас бармақ» әдісі арқылы бағаланды.




Іс – әрекетті зерттеу бойынша жазылатын рефлексивті есептердегі деректер талдамасы, есеп қосымшаларындағы сандық көрсеткіштердің визуалды қолданылуы да мұғалімдерде жетілдіруді қажет ететін аспектілердің бірі. Шеберлік сыныпта жүргізілген зерттеу әдістерін сауатты таңдау мен дереккөздерді яғни, сауалнама немесе сұхбатқа да мұғалімдер үшін маңызды мәселе екенін білді. Іс-әрекеттегі зерттеу – Action research (Іс-әрекеттегі зерттеу) – оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру мақсатында бірізді, тізбектелген, жоспарланған іс-әрекеттерді орындауды, сондай-ақ зерттеу барысында алынған нәтижелерге жүйелі түрде мониторинг жүргізуді көздейтін үдеріс екенін мұғалімдер түсінді.

Білім алушының сыни ойлау дағдысын дамыту мақсатында *Н. Коптенова* ***«Оқу үдерісінде білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын қалай жетілдіруге болады?»*** тақырыбында зерттеу жұмысының қорытындысымен таныстырды. Сыныптағы сабақ үрдісі бойынша проблеманы анықтап, тақырып таңдалғаннан кейін, іс-әрекет жоспарлау, әрекет, бақылау және бағалау кезеңдерімен кезектесіп жүзеге асады. Кейбір жағдайларда бағалаудан зерттеу жалғасын табу керек екенін көруге болады. Зерттеу жұмысы қайта жоспарланып, екінші айналым жүргізіледі.

Зерттеу жұмысы бірнеше циклдан тұруы мүмкін және бір зерттеуге бір ғана емес екі немесе одан да көп мұғалім қатысуы мүмкін. Зерттеу жұмысы мектеп ішінде, бірнеше мектептер мұғалімдері ұжымында жүргізілуі мүмкін. Жұмыс аяғында барлық нәтижелер енгізіліп, диаграмма, кесте, баяндау арқылы оқушылардың білім деңгейі динамикасы көрсетілді.





Оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін бағалау критерийлері негізінде білім беру, білім алушылардың оқу нәтижесі туралы нақты ақпарат беру мақсатында *Ш.Казбаева* ***«Оқушының білім сапасын арттырудағы критериалды бағалаудың тиімділігі қандай?»***тақырыбында зерттеу жұмысының қорытындысымен таныстырды. *Критериалды бағалау* – оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушы, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушының оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс. Зерттеу жұмысы мұғалімге күнделікті оқу үдерісінде кездесіп жүрген проблеманы анықтап, оны шешу бағытында бірнеше (мақсатқа жеткенге дейінгі) айналымдық әрекет жасауға мүмкіншілік береді. Екінші сөзбен айтқанда, бұл жоба практика мен теорияны ұштастыратын жоба.Яғни, зерттеу оқыту мен оқу тәжірибесін анағұрлым жетілдіру мақсатында практиктің жеке жағдайында орындалады және соған бағытталған әрекеттерге негізделеді.

Функционалдық сауаттылықты дамытуда мәтінмен жұмыстың әдіс-тәсілдерін тиімді жүргізіп,заман талабына сай өскелең ұрпақтың өмірге бейімділігін арттыру мақсатында ***Қопа орта мектебінің ағылшын тілі мұғалімдері М. Ерсерік және А. Салимгерей «Ағылшын тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудағы мәтінмен жұмыстың тиімділігі қандай?»*** іс- тәжірибелерімен бөлісті.






Іс-тәжірибемен бөлісу барысында мұғалімдерге оқушылармен жұмыс істеу барысында оқу сауаттылығының деңгейлері ажыратып айтылды. Сонымен қатар мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлерін атап, оларға жеке тоқталды. Мәтінмен жұмыс бойынша оқушыларға сабақта қолданып жүрген жұмыс түрлері бойынша сабақ барысынан фотосуреттер мен видео жазбалар көрсетті. Соңында қазірге таңда сұранысқа ие онлайн платформаларға тоқталып, білім алушылардың платформалармен жұмыс жасап жатқанын фото дәлелдеме арқылы мұғалімдерге көрсетті.

Білім беруде жаңашылдыққа ұмтылыс жасай отырып, сабақты тиімді жоспарлауға бағдар беру, әріптестермен бірлесе талдау нәтижесінде оның заман талабына сай екеніне көз жеткізу және жаңаша білім беруге нұсқаулық жасау мақсатында ***«Сабақты тиімді жоспарлау мұғалімнің кәсіби шеберлігінің көрінісі»*** тақырыбында *шебер сынып* өткізілді. Шебер сынып *«Терең ойлану»* деп аталатын тренинг өткізуден басталды. Мұғалімдерге сұрақтар қойылды:
Мұғалімдердің тәжірибесінде тиімді сабақты ұйымдастыруда кездесетін қиындықтар қандай?
Сабақты жоспарлау үшін сіз ең алдымен не істейсіз? Сабақты жоспарлауда қандай да бір қағидаттарға сүйенесіз бе? Неліктен?
Сабақты жоспарлауда не нәрсеге көңіл бөлген жөн? Сабақтан кейін өзіңізге қандай сұрақтар қоясыз?
Мұғалімдер өздерінің пікірлерін айтып, талқылады. Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде өзін – өзі дамытуға, адамгершілік тұрғысынан өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру міндетін атқару мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен кәсіби білімділігін, шығармашылдығын дамыту туралы да айтылды. Берілген сөз қиындылары бойынша «Өзгеру», «Жаңару», «Жүйелеу» топтарына топтастырылды.

Ой шақыру мақсатында *«Үздік сабақтың алты белгісі»* ассоциациясын құру тапсырылды.
1.Сабақ сәтті болуы үшін жетекші рөл мұғалімде емес оқушыда болуы керек. 2.Оқыту орынды, ақпарат беретін және мақсатқа бағытталған болуы керек.
3.Оқушыларға сабақ ұнайды және оларды өздерінің оқулары қызықтырады. 4.Оқушылардың табысқа қол жеткізуі.
5.Бағалау оқыту мен оқуға тиімді әсер етеді. 6.Мұғалімнің сұрақтары оқушылардың ойлау қабілетін ашады, айқындайды және кеңейтеді.
Әр топ сабақ сәтті болуы үшін жетекші рөл мұғалімде емес, оқушыда болуы керектігі, ақпарат беретін және мақсатқа бағытталған болуы керектігі, бағалай оқыту мен оқуға тиімді әсер ететіні және мұғалімнің сұрақтары оқушылардың ойлау қабілетін ашатыны туралы айтылды.
«Сабақты жоспарлауда басшылыққа алатын қағидаттар» таныстырылымы жасалды. Еркіндік қағидаты: әрбір оқушының өзін таныта білуі мүмкіндігін шектемеу;
Серіктестік қағидаты: оқу үдерісінде мұғалім мен оқушының бір-бірімен түсініп, бірігіп әрекет жасауы, бірін-бірі қолдауы; Сенімділік қағидаты: оқушының табысқа жетуіне деген өзіне сенімділігі, мұғалімнің сабақта оқушылардың жоғары жетістікке қол жеткізе

алатынына сенім артуы; Толеранттық қағидаты: оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, оның өзіндік дамуына қолайлы орта жасау; Шыдамдылық қағидаты: қолайсыз жағдайларды шиеленістірмей, ашуға бой бермей эмоциялық сабырлық жасау.
Мұнда белсенді сабақты жоспарлау, сабақ жоспарлау барысында басшылыққа алынатын материалдар Дэвид А. Колб ұсынған сабақтың мазмұнды құрылымы туралы түсінік берілді. Сабақ мақсаты анық, түсінікті түрде тұжырымдалуы, сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөлшектерін қамтуы, жаттығулар мен тапсырмалар туралы толық ақпараттың ұсынуы, проблемаларды алдын ала көре білуге және анықталған дағдыларға қатысты шешім ұсынуы, қажетті материалдар мен ресурстарды пайдалануды жоспарлауы тиіс екенін мұғалімдер таныстырылым арқылы мағлұмат алды.

Бұл таныстырылымның нәтижесінде мұғалімдер сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылатынын, осыған орай оқу мақсаттары мемлекеттік стандарт болғандықтан, өзгертуге болмайтын, түсінді. Сабақ мақсаты оқушының сабақта не жасағанын көрсетпей, оның сол әрекеттерді орындау нәтижесінде не үйренетіндігіне болжау жасайтыны, оқушылардың әрекеттері Блум таксономиясының деңгейлері бойынша белгіленетіні және сабақ мақсаттары оқу мақсаттарының негізінде жасалатынын білді.

«Оқу жоспары оқушыға бағытталады» мұғалімдерге топтық жұмыс берілді.

1 топ: Мақсатты қоя білу – сәтті сабақтың кепілі 2 топ: Сәтті сабақтың құрылымы 3 топ: Сабақты жоспарлауда табыс критерийлері





Мұғалімдер топта талқылып, сабақ жоспарын құру ұсынылды. Сонымен қатар, дескрипторлар берілді. Сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкес келді; Бағалау критерийі сабақ мақсатына сәйкес құрылды; Сабақтың жоспарланған кезеңдерін оқу мақсатына негіздеп құрды.

Топтық жұмыстың нәтижесінде мұғалімдер оқу мақсаттары арқылы сабақтарды жоспарлау барысында сабақтың мақсаты ескеріліп, оқушыларға олардың не істейтінін және олар қандай нәтижеге қол жеткізуге болатынтығы айтылды.

Ой толғау кезеңінде «Оқу мақсаттарына сәйкес сабақты тиімді жоспарлау» бойынша 4 сыныптағы дүниетану пәні бойынша *«Менің өлкемнің өнеркәсібі мен ауылшаруашылығы»* тақырыбында қысқа мерзімді жоспар жасау тапсырылды.

1 топ: Сабақтың мақсаты, бағалау критерийлері, пәнаралық байланыс, алдыңғы білімді жоспарлау

2 топ: Сабақтың басы және ортасын жоспарлау

3 топ: Сабақтың соңы және рефлексия

Оқу мақсаты: 4.2.3.1 - өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық
іс - әрекетін талдау.





Мұғалімдер топта бірлесіп, берілген тапсырма бойынша сабақ мақсаты мен бағалау критерийлерін жоғары деңгейде құрып, олардың сабақты жоспарлауды түсінгендері байқалды.





Шебер сынып соңында мұғалімдерге *«Өзін – өзі тексеру»* әдісі арқылы кері байланыс жүргізілді. Сонда мұғалімдер «Сабақты қалай жоспарлау керек екенін білдім» деген сұраққа «жақсы» деп 100% жауап берген. «Смарт мақсат, күтілетін нәтиже,табыс критериін түсіндім» деген сұраққа «орташа» деп 5%-ы, «жақсы» деп 90%-ы жауап берген. «Күтілетін нәтиже, табыс критериін ажыратып, табысқа жетелейтін сұрақтар қоя аламын» деген сұраққа 100% жауап берген. «Шебер сыныптан үйренгенімді сабақта қолданамын» және «Шебер сыныптан үйренгенімді әріптестеріме үйретемін» деп 100% жауап берген.

Қопа орта мектебінің математика пән мұғалімі Г. Шанбаева «Математиканы оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында іс - тәжірибесімен бөлісті.




Математикалық сауаттылық – математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын білу, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеруі. Ой-өрісі, ақыл-санасы кең тұлғаны қалыптастыруда жаратылыстану пәндерінің орны өте маңызды. Біздің заманымызда математика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өздігінен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы өте зор. Бүгінгі күнде математика пәнін нәтижелі, сапалы оқыту ізденістері – пән мұғалімін толғандырып отырған маңызды мәселелердің бірі. Сыни тұрғыдан ойлау кезінде, бала өз заманының озық өнегесін санасына сіңіреді, функционалдық сауаттылығы жеткілікті болып, басқаның пікірін тыңдауға дағдыланады және өзі де пікір, ойын айтуға машықтанады.

«Математика» пәнін оқыту барысында математикалық сауаттылықты қалыптастыру мақсатында:

- оқушыларға анықтамалықтарды қолдану, оқу, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерден анықтамаларды, формулалар және басқа да тұжырымдарды іздеу;
- математикалық формулаларды қолдану, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларын өздігінен құрастыру;
- игерілген математикалық білім, білік, есептеу, өлшеу және графиктік дағдыларды пайдаланып практикаға бағытталған тапсырмаларды шешу;
- дәлелдемелі пайымдау жүргізу, талқылауға қатысу және логикалық негізделген қорытындылар жасау;
- математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу)
- математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру іскерліктерін үйренеді.

Мұғалімдердің рефлексивті ойлау, оқыту үдерісін жоспарлауда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағыталған тапсырмалар құрастырудың тиімді әдіс - тәсілдерін ұсыну мақсатында ***«Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын артырудың тиімді жолдары»*** тақырыбында *әдістемелік күн* ұйымдастырылды.

Қопа орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ж. Бакитжанова «Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мәтінмен жұмыстың тиімділігі» тақырыбында іс - тәжірибесімен бөлісті.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Бастауыш сыныпта оқушылардың фукционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады .

— оқу, жазу сауаттылығынан; — жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан; — математикалық сауаттылығынан; — компьютерлік сауаттылықтан;

— денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан; — құқықтық сауаттылығынан.

Оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында сурет бойынша әңгіме құрастыру, тақырып бойынша өлеңдер, «Сөз ойла, көп ойла», «Өлең шығарайық», «Бес жолды өлең» құрастыру жұмыстарын жүргіземін. Оқушылардың ізденушілік жұмыстарын дамыту мақсатында «Аквариумдағы алтын балық», «Балық сүйегі» әдістерін қолданамын. Мысалы: «Әдебиеттік оқу» сабақтарында Баяндаушы – әңгіменің мазмұнын айтады. Зерттеуші – әңгімедегі негізгіні анықтайды. Сілтемеші – сөздіктермен жұмыс жүргізеді. Сұрақ құрастырушы – сұрақтар дайындайды. Дәнекер – өмірмен байланыстырады. Бейнелеуші – әңгімедегі негізгі кейіпкерді суреттейді. Осындай жұмыстарды жүргізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырамын. Әдебиеттік оқу, дүниетану сабақтарында берілген тақырып бойынша эссе, ой толғау жазғызып отырдым. Балалар қандай қажетті мәлімет алғанын, оның өз өмірімен қандай байланысы бар екендігін талқылауға үйренді. Тақырып бойынша алған мәліметін қай кезде және қандай жағдайда пайдалануға болатындығын ортаға салып ой бөлісуге дағдыланып келеді. Болашақта әділ, еңбексүйгіш, отансүйгіш, ұлтжанды азамат болуға тырысады. Олар жас та болса, оқыған шығармалары арқылы өмірдің кейбір асу белестерінің қиындығымен таныса алады, пікір таласуға да жаттығады. Пікір таласа алу, өз пікірін орынды айтып, дәлелдей білу – адамның басты құндылықтарының бірі болғандықтан, шәкірттерімді осы құндылықтарды берік ұстауға үйретіп келемін.

Қопа орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Г. Кударова «Оқушылардың зерттеушілік дағдысын дамыта отырып, қазақстан тарихы пәнінен білім сапасын арттыру» тақырыбында іс - тәжірибесімен бөлісті. Зерттеу сұрақтары білім алушыларды тақырыптың белгілі бір аспектісімен таныстырып, оқыту жоспарына мазмұнды ұзын тізім жоспарына мазмұнды ұзын тізім етіп енгізуді болдырмау мақсатында әзірленеді. Әр білім алушы тиісті барлық ақпаратты тізімдеп жатқанша, білім алушыларға шешілетін проблеманы ұсынуға арналған сұрақтар әзірлеген дұрыс. Бұл проблеманы шешу үшін білім алушылардың пән мазмұнын білуге тиіс екендігі сөзсіз.





Оқытушы өзінің пән бойынша білімдері мен педагогикалық білімдерін пайдалана отырып, білім алушыларға бұл сұраққа жауап беру үшін қандай әдісті қолданған дұрыс болатынын шешеді. Тарих сабағын оқыта отырып, жаңа иновациялық технологияларды тиімді пайдаланып,өзіндік жұмыс және тарихи диктант,тірек сызбалар, кластерлер, хронологиялық таблицалар, пікірталас сынақ осы тәрізді әдіс-тәсілдерді білім сапасын арттыру мақсатында түрлендіре отырып қолданған тиімді. Бұл жұмыстар оқушылармен тығыз байланыста болуға, оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, оқушының танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыруға, оқушы тарапынан белсенділік танытып, дербестік көрсетуіне, өзіне деген сенімділігін қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылардың алған білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау жүйесін дамытып, тиянақты білім алуына жол ашады. Сабақта оқушының жеткен жетістігін баса көрсетіп, оның пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқушыларды өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге баулу, шығармашылық қабілеттерін шыңдайды.

Желілік қоғамдастығының жоспары бойынша **білім алушылардың функционалдық оқу сауаттылығын арттыру жолдарын таныту** және PISA бағдарламасы бойынша мұғалімдерге оқушының функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған оқу нәтижелерін жетілдіру мақсатында ZOOM платформасы арқылы тірек мектеп мұғалімдеріне ***«Жаратылыстану - математикалық бағыт сабақтарында функционалдық ойлау дағдыларын қалыптастыру»*** тақырыбында *әдістемелік күн* ұйымдастырылды.

«Мұғалімнің фукционалды сауаттылығы – сапалы білім берудің кепілі» тақырыбында ***Мусина Гүлжанат Әбдісадыққызы мен Коптенова Нұрсұлу Мұхтарқызы коучинг*** өткізді. *Мақсаты:* Мұғалімдерге оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруда коллабаративті орта, дағды қалыптастыруына бағыт беру; Сын тұрғысынан ойлауды іс-тәжірибесіне енгізуге ықпал жасау.

Оқу нәтижесі: Мұғалімдердің сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздеуі;

- PISA тапсырмаларын сыни ойлау арқылы бірлескен топтық жұмыста шешімін анықтауға үйренеді;
- Бағдарлама негізінде мәтінді жаңа форматта талдауға үйренеді, істі тәжірибесінде пайдалануға қадам жасайды.

Коучингтің тақырыбын ашу мақсатында «*Миға шабуыл» әдісі* арқылы *«Функционалдық сауаттылық дегеніміз не?», «Функционалды сауатты адам деп аталу үшін оқушы қандай дағдыларға ие болуы керек?»* сұрақтары қойылды.





1-топ мұғалімдер функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарымқатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. 3 – топ мұғалімдері функционалдық сауаттылық баланың белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады – деп жауап қайтарды.

Практикалық бөлім кезінде ***«PISA халықаралық зерттеуінің талаптарына сәйкес жаратылыстану пәндері бойынша дидактикалық материалдар мен оқу тапсырмалары»*** тақырыбында қатысушылармен оқытудағы функционалдық сауаттылық тапсырмаларын шешу жолдарымен топтық жұмыс ұйымдастырылды.

Коучинг соңында *«Менің ойым» әдісі арқылы кері байланыс* жүргізілді. Осы жүргізілген шеберлік сабақтан кейін біздің түйгеніміз, функционалдық сауаттылықты сын тұрғысынан ойлау арқылы дамыту жүргізу үшін берілген тақырыпты ашуда қарапайым тапсырмадан күрделі тапсырмаға көше отырып, бір тақырыпты бірнеше стратегия арқылы ашуға мүмкіндік ала отырып, тақырыпты жан-жақты ашуға және әртүрлі тыңдаушылардың әртүрлі дағдыларын дамытуға көз жеткіздік. Болашақта осы СТО стратегияларын қолдану барысында осы шеберлік сабақты рөлдік ойындар, көрініс, АКТ мүмкіншіліктерімен байланыстыра жүргізіп, тыңдаушылардың өздерінің образға кіру және ақпаратты сараптау дағдыларын дамытуды мақсат етіп ұйымдастыруды жоспарладық

Қопа орта мектебінің физика пәні мұғалімі Г. Амандық «Физика пәнінен кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың талдау дағдысын дамыту» тақырыбында өзінің *іс - тәжірибесімен* бөлісті. Пәнаралық байланыс оқушылардың бір пәннен алған білімін екінші пәнге қолдануға мүмкіндік береді.

Жаңа инновациялық технология білім беру саласын дамытуды,яғни оқыту үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде дамытуды, оқушының өзіндік іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау - білім беруде жеке оқытуды дамыту мен пәндердің бір-бірімен байланысын жүзеге асыруды көздейді.

Пәнаралық байланыс тиімділігі: 1-оқушыларға берілетін ғылыми білім негіздерінің бірлігін, пәнаралық байланысын сақтау;
2-жеткіншектердің ойының тиянақталуына, қиялдауына, ұғымды меңгеруге, ойда сақтауына мүмкіндіктер тудырып, жағдай жасау;
3-оқушылардың шығармашылық тұлғасын қалыптастыруда, оқытудың тиімді әдістерін іздестіру жолдары, пәнаралық байланысты күшейтуге септігін тигізеді.

Физика сабағында биофизикалық материалдарды қолдану оқытудың білімділік, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерін жүйелі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы «Тербелістер мен толқындар» тарауын өткенде тербеліс тірі организмдерге де тән құбылыс. Айналадағы дыбыс құлақтың мембранасын тербелтеді, соның нәтижесінде біз дыбысты естиміз. Адамның жан дүниесін тебіренте әсерлі сезімге бөлейтін музыка, музыкалық аспап ішегінің, күй табақтың тербелісінің нәтижесі. Ақырында, жүрегіміздің соғуы, дем алған кезіміздегі өкпеміздің ұлғайып-кішіреюі, тоңған денеміздің тітіркенуі, жүрген кезіміздегі аяғымыздың қозғалысы – барлығыда тербелістің тірі организм табиғатына тән екендігін көрсетеді. Адамның денесіндегі тербелістерге қатысты, адам организмінің күйін зерттеуге бағытталған ауқымды жұмыстар-инженерлік ізденістердің жемісі. Бұл мәселелердің көпшілігі жасанды жүрек, өкпе, бүйрек жасаудан бастап, теңіз толқындарымен күресу мәселеріне дейінгі барлық шаралар-тербелісті процестермен тығыз байланысты.

Қопа орта мектебінің математика пәні мұғалімі Г. Шанбаева, Ш.Исатаева **«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыта отырып, математика пәнінен білім сапасын арттыру»** тақырыбында өзінің іс - тәжірибесімен бөлісті. Математика пәнін оқыту процесінің негізгі мақсаты – арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты жүйелі түрде пайдаланып оқушылардың интеллектісін, шығармашылық ойлауын, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту болып табылады. Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру – оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. *Математикалық сауаттылық дегеніміз* - математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің, оқушылар дүниенің ғылыми бейнесін меңгеру. - математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну,әртүрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту,есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда мектептеріміздің білім саласында тұрған басты мәселенің бірі болып табылады. Себебі оқушының кез-келген сабаққа деген қызығушылығы болмаса, онда оның алған білімі тұрақты болмайды. Олай болса, А.П.Конфоровичтің «Математиканың қорғаның тек күштілер мен батырлар ғана бұза алады» деген сөзін ұстана отырып, жалықпай, үлкен төзіммен, алдымызға келген шәкірттерге олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, жақсы тәрбие, терең білім беру үшін аянбай еңбек ете берейік. Қазақстанның одан әрі Мәңгілік Ел болып өркендеуі үшін, жан – жақты дамуы үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту арқасында талай асулардан абыроймен өтеміз деп және мұғалімдер тек қана адал салиқалы еңбек етіп, функционалдық сауаттылығы бар тұлға тәрбиелеп шығаруға міндеттіміз.

Қопа орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі Ұлықбек Қалиолла «Дене шынықтыру оқу қызметінде инновациялық әдіс - тәсілдерді қолдану» тақырыбында өзінің іс - тәжірибесімен бөлісті. Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады. Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық

технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.

Мысалы, дене шынықтыру сабағында 3-4 сыныптарына сергіту сәтін алатын болсақ, өз тәжірибемде 4-сыныптарға өткізген «Эстафеталық жарыстар» атты сабағымда, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында, қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталдым, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарладым. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісінде болатына көз жеткізеді. Ойлау қабілетін дамыту тұрғысында 4- сыныптар арасында «Көңілді мәре» сайысы оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақ көрермендердің көңілінен шықты. Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиалық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырдым. Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылды. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды.

№3 Хромтау орта мектебінің *«Ынтымақ»* қоғамдастығы. Жетекшісі Коптенова Н.М

«Ынтымақ» қоғамдастығының жұмыс жоспары қоғамдастық мүшелеріне таныстырылды. Мектепте құрылған ынталы топтардың жұмысын бақылау, оларға бағыт - бағдар беру барысында жұмыстар жүргізілді. Жоспар бойынша қоғамдастықтың мүшелерінің міндеттері бөлініп, мақсаттары айқындалды.

Қоғамдастық құрамындағы мұғалімдер санаттары:

- Біліктілік арттырудың деңгейлік курстарында сертификатталған мұғалімдер

Мектебімізде бірнеше жылдан бері *«Ынтымақ»* қоғамдастығы жұмыс жасап келеді. Қоғамдастықтың құрамында 12 біліктілік арттырудың деңгейлік бағдарлама курстарында сертификатталған мұғалімдер. «Ынтымақ» қоғамдастығы *ФОКУС ТОП* және *LESSON STUDY* екі бағыт бойынша жұмыс жасайды. Бұл екі бағыт бойынша жұмысты деңгейлік бағдарлама бойынша сертификатталған мұғалімдер жүргізеді. Мектебіміздегі барлық мұғалімдерді осы сертификатталған мұғалімдер топ жетекші ретінде 6 – 8 адамнан бекітіліп, топтар құрылып, жұмыстар жүргізеді. Оқу жылының басында әр топтың жұмыс жоспары бекітілді. Сол жоспарға сай топ жетекшілері жұмыстанып келеді. Фокус топтың басты қызметі – мектеп ішіндегі әріптестердің біліктілігін жетілдіру, кәсіби құзырлығын дамыту. Бірінші бағыт *фокус топта* топ жетекшілері өз тобының мүшелеріне кәсіби әңгіме,отырыс, дөңгелек үстел, тренинг, іс-тәжірибе және зерттеу жұмысы арқылы *Action Research/ic - әрекетті зерттеу/* жұмыстарын топ мүшелеріне үйретеді және өздері де зерттеу сұрағын алып, сол сұрақ бойынша зерттеу жұмысын жүргізеді. Екінші бағыт *Lesson study* тәсілі бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Lesson study - дің мақсаты – оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттерді жоспарлау және іске асыру. Lesson study –де топ жетекшілері өз тобының мүшелеріне бойынша зерттеу сабағын бірлесіп жоспарлау, бақылау, талқылау, сауалнама алу, сұхбаттасу, есеп жазып, мониторинг жұмыстарын үйретеді және жүргізеді. Мектепте фокус

топ пен Lesson study бағытындағы жұмыстар білім алушылардың білім сапасын көтеруге бағытталған.

Екі бағыт бойынша жұмыстың басымдық жақтары:

- Жаңа әдіс – тәсілдерді іс – тәжірибеге енгізе отырып, мектептің әдістемелік жұмысын жетілдіру және мұғалімдердің тәжірибелерімен алмасу;
- Білім жүйесін дамытуға арналған оқу кеңістігін ұйымдастыру;
- Мұғалімдерді бөлінген көшбасшылық принциптеріне сай жұмыстарға тартып, қабілеттерін дамытуға мүмкіндіктер туғызу.

Күтілетін нәтиже:

- Бірлескен тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылады;
- Бірлескен зерттеу топтары қалыптасады;
- Кәсіби біліктіліктерін жетілдіріп, бірлескен іс – шаралар жүзеге асады;
- Мұғалімдер іс – тәжірибелерімен алмасады;

Мектептегі «Ынтымақ» қоғамдастығы – оқушылар жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін бірнеше мектеп арасында оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіруге бағытталған көптеген іс-әрекеттерді жоспарлау, іске асыру мақсатында бірлескен *Фокус топ* және *Lesson Study* тобы ретінде нәтижесін беруде.

Отырыста 2023 – 2024 оқу жылындағы қоғамдастықтың жұмыс жоспарымен таныстырылды. Онда қоғамдастықтың тақырыбын, мақсатын, басымдылықтары және күтілетін нәтижелері анықталды.

Мектебімізде Lesson study- дың зерттеу тақырыбына байланысты оқыту жане бақылау дағдыларын дамыту мақсатында *"Lesson study - сабақты зерттеу әдісі"* такырыбында жоспардан тыс отырыс өткізілді. Отырыста топ жетекшілеріне Lesson study үдерісінің қадамдары, зерттеу сабақтарын жоспарлау, бақылау, сабақтан кейінгі талқылау және Lesson study туралы есеп жазу үлгісіне түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, сабақты бірлесе жоспарлау, бақылау жане талқылау кестесі түсіндірілді. Lesson study -ден кейінгі талқылау критерийлерінің ерекшеліктері көрсетілді. Жақсарту кажет болган сабақтың кезеңдеріне қандай өзгерістер енгізуге болатыны талқыланды.






1.Семинар – практикум: «Lesson study әдісін сабақта қолданудың тиімділігі».

Мақсаты*:* Мұғалімдердің кәсіби деңгейін жоғарлатуда, бірлесіп оқушыларды жан — жақты зерттеу арқылы жұмыс жасайтын педагогикалық тәсіл туралы білуге, тәжірибе алмасуға бағыттау.

Күтілетін нәтиже:

-Lesson Study тәсілімен танысады;
-Lesson Study тәсілін іске асыру барысымен танысады;
-Бұл тәсілдің мұғалімдер мен оқушыларға, оқу мен оқыту сапасын көтеруге мүмкіндік беретін тиімді жақтарымен танысады;
-Lesson Study тәсілін тәжірибеге енгізеді.

Түйінді идеялар: Визуалды және ауызша түрдегі негізгі ақпарат ұстаздардың тәуелсіз ойлауына және олардың ой қорыту, өзіндік түсініктеме беру қабілетіне ықпалын тигізеді. Топпен болашақта оқушыларды зерттеу сабағын жүргізудегі тиімді жолдарын қарастырады.

Ресурстар: Экран (интерактивтік тақта),презентация, үлестірмелі материалдар, А4, А3 қағаздары, маркерлер, бейнекөрініс, бағдаршам, стикерлер

Коучинг: «Lesson Study тәсілі сабақты зерттеу әдісі».

Семинардың алғашқы бөлімінде ***«Lesson Study тәсілі сабақты зерттеу әдісі»*** тақырыбында *коучинг* өткізілді. Коучингті әуелі тренингтен бастадық. ***Тренинг. «Менің мінезім»*** *Мақсаты:* Өзіне деген сенімділігін, өзін тануға деген қабілеттерін анықтау. Әрбір қатысушы білезіктей шеңбер сызып, оны төртке бөледі.Әр бөлікке төмендегі жануар,аң, құс аттарын жазып шығады. Түйе, Жылқы, Сиыр, Қой, Ешкі, Ит, Мысық, Тауық, Қаз, Аққу, Қарлығаш, Үйрек, Бұлбұл, Арыстан,

Қасқыр, Түлкі, Тауешкі, Тасбақа, Жылан, Балық. Соңында үйде, жұмыста, жолдастарының арасында, өзіндік баға деп бөлінген бөліктерге жазылған жануарлар, құстар адамның сол бөлікке қатысты мінездемелермен танысады. Шаттық шеңберінде бір-біріне тілек тілек айтылып, психологиялық ахуал тудырылды. Нәтижесінде: кез келген адам бір-біріне жақсы лебіз сөздер тілеп, жақсы көңілмен жұмыс істеуге бағытталды. *«Мозайка»* әдісі арқылы қатысушылар сурет қиындыларынан композиция құрастыру арқылы 3 топқа бөлінді. ***Қызығушылығын ояту кезеңінде «Пікірлер себеті» әдісі арқылы*** коучингтің тақырыбы ашылды.






Топ мүшелері «Lesson Study» сөзіне ассоциация құрды. «Қошемет» әдісі арқылы бағаланды. Мұғалімдерге ***«Lesson Study»*** тақырыптық слайд арқылы түсінік берілді. Мұғалімдер зейін қойып тыңдады, пікір алмасты, сұрақтар қойды.«Lesson Study» дегеніміз мұғалімнің кәсіби білімдерін оқыту мен оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған сабақтағы іс-әрекеттерді зерттеудің педагогикалық тәсілі. «Lesson Study» - де ең бастысы сабақты зерттеу немесе сабақты зерделеу үдерісі болып табылады. Бұл үдеріс барысында ынтымақтастағы мұғалімдер оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтай мақсатында оқушылардың оқу үдерісін зерделейді. /МАН, 96 бет 2 деңгей/ ***Мағынаны тану кезеңінде*** **мұғалімдер *«Көкейде жатқан көрікті ой...»*** айдарымен әр топқа тапсырма берілді.

1-топ: Lesson Study-дің басты мақсаты қандай? 2-топ: Lesson Study сабақта қалай жүргізіледі? 3-топ: Бірінші *Lesson Study-ді* жоспарлау және «бақылаудағы» оқушыларды анықтау. Постерді салу және қорғау барысында әр топқа постердің критериалары ұсынылды. Бақылаушы постер салғанда топтардың қатысуларын қадағалап жүрді. Мұғалімдер тапсырмаларын ынтымақтастықпен зерттеп, зерделеп берілген тапсырмаларды топтарында бірлесіп орындады. Әр топтан шығып өздерінің жобаларын қорғады. «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау жүргізілді.





2.Шеберлік сынып: «Іс-әрекеттегі (ACTION RESEARCH) зерттеу – оқытуды жақсартудың кепілі».

Деңгейлік бағдарлама идеялары аясында қазіргі таңда мектебімізде «Іс-әрекеттегі зерттеу» тәсілі іске асырылып жатыр. Мектебімізде мұғалімдердің іс – әрекетті зерттеуші дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдарын табу өте маңызды. Мектептегі «Іс-әрекеттегі зерттеуді» жүргізу барысында мұғалімдердің әсіресе деректермен жұмыс жүргізуінде кедергілер мен қиындықтар туындайды. Мұғалімдер кейде қажетті

деректерден гөрі, зерттеу мәселесіне жанама қатысы бар деректерге сүйенеді. Мектебімізде іс – әрекетті зерттеудің сапалы жүргізілуіне және нәтижелілігіне өз ықпалын тигізеді деген оймен әріптестерге ***«Іс-әрекеттегі (ACTION RESEARCH) зерттеу – оқытуды жақсартудың кепілі»*** тақырыбында шеберлік сынып өткізілді.

Мақсаты:

- Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілінің мақсаты мен міндеттерімен таныстыру;
- Іс-әрекеттегі зерттеу тәсілі арқылы зерттеу жүргізе білуге машықтау;
- Жұмыстың баламалы бағыттарының идеяларын ұсыну және онымен бөлісу





Шеберлік сыныпқа 20 мұғалім қатысты. Шеберлік сынып «Алақан» тренингтен басталды. Жасыл түсті алақанды көрсетеді, бір- біріне қол беріп танысады.

Сары түсті көрсеткенде бір -біріне тілек айтады. Көк түсті алақан көрсеткенде есімінің алғашқы әріпі бойынша өз бойындағы жақсы бір қасиетін атайды. Мұғалімдер өз қалаулары бойынша төрт топқа топтастырылды. *Шебер сыныптың тақырыбын ашу мақсатында:*

Іс-әрекеттегі зерттеу туралы алғаш американдық психолог Курт Левин айта бастады. «Егер өз бойыңа жақсы қасиеттерді ұялатқың келсе, ең алдымен ақыл-ойыңа, іс-әрекетіңе жүгіну қажет» А.Байтұрсынов. «Іс-әрекеттегі зерттеу-адамның тәжірибесін, тәжірибе туралы түсінігін және тәжірибе жүргізілетін жағдайды түсінуін өзгертеді» С.Кеммис. Мұғалімдердің қызығушылығын оятуда «Ротация» әдісі жүргізілді. Төрт топқа төрт түрлі сұрақтар берілді.

1.Lesson Study тәсілі мен «Іс-әрекет негізінде зерттеу» әдісінің айырмашылығы қандай?
2.Іс-әрекетті зерттеудің негізгі мақсаты қандай?
3.Іс-әрекетті зерттеудің кезеңдері
4.Іс-әрекетті зерттеудің тиімділігі қандай?

1 топ: Lesson Study тәсілі мен «Іс-әрекет негізінде зерттеу» әдісінің айырмашылығы түсіндірді.
2 топ: Оқу үрдісінде іс-әрекетті зерттеудің негізгі мақсаттарын толық түсіндірді.
3 топ: Іс - әрекетті зерттеудің кезеңдерін сипаттады.
4 топ: Іс-әрекетті зерттеудің тиімділігі туралы өз ойларымен бөлісті.






Проблемалық сұрақтарға ой қозғалып, мұғалімдер іс-әрекеттегі зерттеудегі деректерді басқару және талдау қадамдарын түсінді.

Практикалық бөлімде *«Мұғалімнің зерттеуі қандай болуы керек?»* тақырыбында топтық тапсырма берілді. Әр топ өздеріне қатысты бір проблеманы анықтап, зерттеу тақырыбын, зерттеу сұрағын, зерттеу мақсатын, күтілетін нәтиже, әрекет жоспарын құрды.

Мәселе: Оқушылар сабаққа нашар қатысады.

Тақырып: Топтық жұмыстарды пайдалану арқылы оқушылардың тәртібін жақсарту.

Зерттеу сұрағы: Топтық жұмыстар арқылы сабаққа қатыспайтын оқушыларды қалай ынталандыруға болады?

Күтілетін нәтиже: оқушылардың сабаққа қызығушылығы артады, топта жұмыс жасауға дағдыланады, оқушылардың тәртібі жақсарады.

Жоспар құру: топтық ереже құру, топқа бөлу әдістерін үйрету, алдын-ала тапсырма беру, рольдерді бөлу, бірлескен топтық жұмыстар ұйымдастыру және т.б.

Нәтижені талдау: Кері байланыс алу, рефлексия жасау, видеоға түсіру, оны талдау.





Мұғалімдер өз ойларын дәлелдерімен жеткізіп, тұжырымдап, қорытындылады.
«Оқу үдерісінде білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын қалай жетілдіруге болады?» тақырыбында зерттеу жұмысы мұғалімдерге үлгі ретінде ұсынылды. *Зерттеу жұмысының мақсаты:* Білім алушының сыни ойлау дағдысын дамыту.
Күтілетін нәтиже: Тапсырманы орындау арқылы сыни ойлай алады. Зерттеу жұмысының қалай жүргізілгені туралы толық түсінік берілді.






Шебер сынып соңында *«Пирамида»* кері байланысы жүргізілді.

- Еске сақтау керек маңызды бір нәрсе
- Сіз көбірек білгіңіз келетін екі нәрсе
- Сіз бұрыннан білетін үш нәрсе
- Сіз үйренген төрт нәрсе

• қауіпсіздік мен құпиялылықты сақтау шараларын ойластыру, қосымша көшірмесін жасау

3. ***Әдістемелік күн: "Тілдік пәндер сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары».***

Мектебімізде "Ынтымақ" қоғамдастығының жоспарына сай қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі пәндері бойынша ***"Тілдік пәндер сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары»*** тақырыбында әдістемелік күн өткізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жумабаева К.Т. **«Оқушылардың жазылым дағдыларын қалай тиімді қалыптастыруға болады?»** тақырыбында іс - әрекетті зерттеу жұмысын ұсынды. *Мақсаты:* Оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытуда жүргізілген жазба жұмыстарының түрлері айқындау. *Күтілетін нәтиже:* Жазбаша сөйлеу тілінің дамуы сөйлесім әрекетінің түрлерімен (тыңдалым, айтылым, оқылым, тілдесім) бірлікте қалыптасады.






«Жазылым» термині «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. Жазылым — тілдік тұлғалардын графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген, лингвистикалық, психологиялық,

физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік матералының мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет. Жазылым алдында қолданылатын тиімді әдістер сұрақ қою және талқылау, топтастыру, болжау т.б. Жазылым тапсырмалары: диктант, шығарма, мәтін, мазмұндама ,эссе т.б.

9-сынып: күрделі жоспар құру, әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру, жағдаятты талқылау, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе), перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу, тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;

Бастапқы сауалнама алынды.

1.Төмендегі тілдік дағдылардың қайсысы сізге қолайлы? А) айтылым в) тыңдалым с) оқылым


2.Оқыған мәтініңізді өз сөзіңізбен баяндап жаза аласыз ба? А) иә в) жоқ с) кейде


3. Жазылым барысындағы қай тапсырманы ұнатасыз? А) жинақы мәтін в) жоспар құру с) эссе

4. Жазылым тапсырмаларын орындауда қандай әдісті көбірек қолданасыз? А) жоспар арқылы в) өз бетінше жазу с) тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы

5. Сіз үшін мәтіннің қай түрімен жұмыс жасау жеңіл ? А) тұтас мәтін в) графиктік мәтін с) аралас мәтін

6. Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын өз бетіңізше жалғастырып жаза аласыз ба? А) иә в) жоқ с) кейде







Тізбектелген сабақтар топтамасы:

3/Сабақтың тақырыбы: Экспоның елімізге әкелген пайдасы 9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу(аргументативті эссе). Көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді талқылап, біріне таңдау жасайды, аргумен тативті эссе жазады.






Соңғы сауалнама алынды.

1.Төмендегі жазылым тапсырмаларының қайсысы ұнайды? А) мәтіндерді редакциялау в) өз көзқарасын білдіру с) жоспар құру


2.Оқыған мәтініңізді өз сөзіңізбен баяндап жазуда қандай кедергілерге тап боласыз? А) мазмұнын есте сақтамау в) өзіндік пікірдің жетіспеушілігі с) стильдік ерекшеліктерді сақтау

3. Жазылым тапсырмаларын орындауда сіз үшін қандай әдіс тиімді ? А) болжау в) баяндау с) жоспарлау

4. Эссе жазуда нені басты назарда ұстайсыз ? А) эссе мазмұны мен құрылымының сақталуын в) сөз саны мен орфографиялық норманы с) эссенің стильдік ерекшеліктерін

5. Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын өз бетіңізше жалғастырып жазуды қаншалықты деңгейде үйрендіңіз?

А) өте жақсы в) жақсы с) орташа



Зерттеу нәтижесінде:

- Тиісті стильді пайдалана отырып, алуан түрлі тақырып бойынша өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазуды үйренді

- Тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материал мазмұнына шығармашылық түрде жауап жазады
- Эссе жазу; т. б. машықтары қалыптасты

Қорытынды:

Жазылым үдерісін жоспар-нобай-түзету-жетілдіру түрінде модельдей отырып, әрі оқушыларға осы ретпен жұмыс істеуге жағдай жасай отырып,жазылым жаттығуы үшін талап етілетін барлық дағдыларға тоқталып, ойлануға мүмкіндік беретін жағымды ахуал қалыптастырады.

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Урынбаева Л.А. ***«Ағылшын тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын қалай дамытамын?»*** тақырыбында зерттеу жұмысы бойынша ой бөлісті. *Мақсаты:* Ағылшын тілі сабағында диалогтық оқыту, рөлдік ойындарды қолдану, мәтіндермен жұмыс және бейнебаяндарды пайдалану арқылы оқу сауаттылығын дамыту.





Бүгінгі таңда біздің мемлекетіміз үшін қазіргі заман талаптарына байланысты өзіндік көзқарасы, саяси түсінігі бар, білімді әрі жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі туындап отырғаны сөзсіз.Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі -оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы:

• Ақпаратты табу;

• Мәтінді интерпретациялау;

• Рефлексия және бағалаудан тұрады.

Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі. Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Оқуды түсіну дегеніміз не және ол неліктен маңызды?


Сауалнама сұрақтары:

1 Мәтін дегеніміз не?

2 Диалогтік оқыту дегенді қалай түсінесіздер?

3 Әңгіме дегеніміз не?

4Сұрақты қалай қою керек?



Мәтіндерді шет тілінде оқу – оқушылардың сөздік қорын молайтып қана қоймай, олардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады. Сыни оқу оқушыларға әлемді түсінудің әртүрлі идеялары мен тәсілдерін кездестіруге мүмкіндік береді, оларды неге сенетіні және неліктен сенетіні туралы ойлануға мәжбүр етеді. Оқушылардың оқу сауатталығын арттыру барысында, мұғалім олардың дүниеге деген көзқарасын өзгертіп қана қоймай, өз білімін келешекте қолдануға жол салады.

Қорытынды:

- Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту арқылы оқушының білімге деген ынтасын дамытып өз ойын еркін жеткізе білу қабілетінің белсенділігін қалыптастырды.
- Оқушы еркін тілде сөйлеп өзінің сыни көзқарасын білдіріп, басқаларға жеткізе алатын, бәсекеге қабілетті тұлғаға айналды.
- Оқушылардың оқуға деген қызығушылығы артты.
- Оқушылар бір-біріне пікірлерін еркін айтуға және тыңдауға үйренді.

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мутигулина Н.С. ***"Орыс тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мәтінмен жұмыстың тиімділігі қандай?"*** тақырыбында зерттеу сұрағы бойынша өз іс - тәжірибесімен бөлісті. Оқушылардың оқудағы іс-әрекеті ойлау, сөйлеу, өз ойын еркін жеткізу, шығармашылық қабілетін жетілдіру, өз бетінше білім алу үдерісінде бірлесе әрекет ету арқылы мәтінмен жұмысты дамытуға болатындығы талданды.






Мақсаты: Оқушының әр түрлі мәтінмен сауатты жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: Мәтін түрлерімен сауатты, толық жұмыс жасау арқылы білімін практикада, күнделікті өмірде пайдалана алады.

Бастапқы сауалнама:

- Қай стильде жазылған мәтінді тез, жақсы түсінесің?
- Барлық 5 стильде жазылған мәтінді жақсы түсінемін
- Әдеби стильді, публицист, ғылыми стильді жақсы түсінемін
- Мәтінмен жұмыс кезінде неден қиналасың немесе не істей аласың ?
- Мәтінді ықшамдай аласың ба, абзац, тірек сөзді таба аласың ба? мазмұндаймын
- Мәтін мазмұнын жеткізе аласың ба, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, жауап бере аласың ба?
- Тақырыбын, идеясын, бейнелі сөздерді анықтаймын...



Тізбектелген сабақтар талдамасы:

1-сабақ мақсаты: «Әдеби стиль» жөнінде толық теориялық ақпарат беру, талдау; А.С.Пушкиннің «Капитанская дочка» повесін талдау арқылы оның неге әдеби стильге жататын дәлелдеу;


2-сабақта Публицистикалық стиль туралы толық ақпаратпен танысып, талдау, сол стильде жазылған мәтіндермен жұмыс жасау;


3-сабақта ғылыми стильдегі мәтіндермен жұмыс жасап, оның белгілері мен ерекшеліктеріне тоқтала отырып, қорытынды жасау.






«Интервью» әдісі





Қорытынды:

- Оқушы мәтін мазмұнын түсінеді,біледі; өзіне қажетті пайдалы ақпарат алады;
- Алған ақпаратқа байланысты ойын түйіп, пайымдайды;
- Ой-пікірін еркін жеткізу арқылы байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптасады, ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры көбейеді, тіл байлығы молаяды;
- Шешім қабылдап, қорытынды жасайды;
- Белгілі бір пікірге көзқарасы қалыптасады, өз білімін практикада жүзінде өзін қоршаған ортада пайдалана алады.

Ұсыныс: мәтінмен жұмыс түрлерін жүйелі жүргізу; фукционалды сауаттылығын арттыратын тапсырмаларды жиі орындау.

Соңында іс - әрекетті зерттеу жұмыстарына кері байланыс берілді. Мұғалімдер Action Research оқушылардың білім сапасын дамытудың, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екеніне көз жеткізді.

Білім беруде жаңашылдыққа ұмтылыс жасай отырып, сабақты тиімді жоспарлауға бағдар беру, әріптестермен бірлесе талдау нәтижесінде оның заман талабына сай екеніне көз жеткізу және жаңаша білім беруге нұсқаулық жасау мақсатында ***«Сабақты тиімді жоспарлау мұғалімнің кәсіби шеберлігінің көрінісі»*** тақырыбында *шебер сынып* өткізілді.

Шебер сынып ***«Терең ойлану»*** деп аталатын тренинг өткізуден басталды. Мұғалімдерге сұрақтар қойылды:

- Мұғалімдердің тәжірибесінде тиімді сабақты ұйымдастыруда кездесетін қиындықтар қандай?
- Сабақты жоспарлау үшін сіз ең алдымен не істейсіз?
- Сабақты жоспарлауда қандай да бір қағидаттарға сүйенесіз бе? Неліктен?
- Сабақты жоспарлауда не нәрсеге көңіл бөлген жөн?
- Сабақтан кейін өзіңізге қандай сұрақтар қоясыз?

Мұғалімдер өздерінің пікірлерін айтып, талқылады. Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде өзін – өзі дамытуға, адамгершілік тұрғысынан өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру міндетін атқару мұғалімнің педагогикалық шеберлігі мен кәсіби білімділігін, шығармашылдығын дамыту туралы да айтылды. Берілген сөз қиындылары бойынша «Өзгеру», «Жаңару», «Жүйелеу» топтарына топтастырылды.

Ой шақыру мақсатында ***«Үздік сабақтың алты белгісі»*** ассоциациясын құру тапсырылды.

1.Сабақ сәтті болуы үшін жетекші рөл мұғалімде емес оқушыда болуы керек.
2.Оқыту орынды, ақпарат беретін және мақсатқа бағытталған болуы керек.
3.Оқушыларға сабақ ұнайды және оларды өздерінің оқулары қызықтырады.
4.Оқушылардың табысқа қол жеткізуі.
5.Бағалау оқыту мен оқуға тиімді әсер етеді.
6.Мұғалімнің сұрақтары оқушылардың ойлау қабілетін ашады, айқындайды және кеңейтеді.

Әр топ сабақ сәтті болуы үшін жетекші рөл мұғалімде емес, оқушыда болуы керектігі, ақпарат беретін және мақсатқа бағытталған болуы керектігі, бағалай оқыту мен оқуға тиімді әсер ететіні және мұғалімнің сұрақтары оқушылардың ойлау қабілетін ашатыны туралы айтылды.

«Оқу жоспары оқушыға бағытталады» мұғалімдерге топтық жұмыс берілді.

1 топ: Мақсатты қоя білу – сәтті сабақтың кепілі
2 топ: Сәтті сабақтың құрылымы
3 топ: Сабақты жоспарлауда табыс критерийлері






Мұғалімдер топта талқылып, сабақ жоспарын құру ұсынылды. Сонымен қатар, дескрипторлар берілді. Сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкес келді; Бағалау критерийі сабақ мақсатына сәйкес құрылды; Сабақтың жоспарланған кезеңдерін оқу мақсатына негіздеп құрды.

Топтық жұмыстың нәтижесінде мұғалімдер оқу мақсаттары арқылы сабақтарды жоспарлау барысында сабақтың мақсаты ескеріліп, оқушыларға олардың не істейтінін және олар қандай нәтижеге қол жеткізуге болатынтығы айтылды.

Ой толғау *кезеңінде* ***«Оқу мақсаттарына сәйкес сабақты тиімді жоспарлау»*** бойынша 4 сыныптағы дүниетану пәні бойынша *«Менің өлкемнің өнеркәсібі мен ауылшаруашылығы»* тақырыбында қысқа мерзімді жоспар жасау тапсырылды.

1 топ: Сабақтың мақсаты, бағалау критерийлері, пәнаралық байланыс, алдыңғы білімді жоспарлау
2 топ: Сабақтың басы және ортасын жоспарлау
3 топ: Сабақтың соңы және рефлексия

Оқу мақсаты: 4.2.3.1 - өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс - әрекетін талдау.






Мұғалімдер топта бірлесіп, берілген тапсырма бойынша сабақ мақсаты мен бағалау критерийлерін жоғары деңгейде құрып, олардың сабақты жоспарлауды түсінгендері байқалды.







Шебер сынып соңында мұғалімдерге ***«Өзін – өзі тексеру»*** әдісі арқылы кері байланыс жүргізілді. Сонда мұғалімдер «Сабақты қалай жоспарлау керек екенін білдім» деген сұраққа «жақсы» деп 100% жауап берген. «Смарт мақсат, күтілетін нәтиже,табыс критериін түсіндім» деген сұраққа «орташа» деп 5%-ы, «жақсы» деп 90%-ы жауап берген. «Күтілетін нәтиже, табыс критериін ажыратып, табысқа жетелейтін сұрақтар қоя аламын» деген сұраққа 100% жауап берген. «Шебер сыныптан үйренгенімді сабақта қолданамын» және «Шебер сыныптан үйренгенімді әріптестеріме үйретемін» деп 100% жауап берген.

Сабақ жоспарлауда мұғалімнен көп ізденушілікті, шығармашылықты талап етеді, сондықтан әр мұғалім сабақ жоспарын құрған кезде «Мен не ұтамын?», Оқушым не ұтады?» деген қағиданы естен шығармаған дұрыс. Сабақ жоспарын осы бағытта негіздеп құру қажет екенін мұғалімдердің осы шебер сынып барысында толығырақ түсініктері қалыптасты деп айтуға да болады. Оқу мақсаттары нені оқып-білу және нені бағалай алу керектігін көрсетеді. Егер нәтижесінде неге қол жеткізуіміз керектігін білмесек, оқу мен оқытудың табыстылығын бағалау да мүмкін емес. Бағалау критерийлерін нақты анықтамай қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізу мүмкін емес. Сабақтың жоспарын құру барысында мұғалім белсенді оқу

әдістерін ұтымды қолдану арқылы оқу мақсаттарының орындалуына барынша қол жеткізуді ұстанады. Мұнда оқу-танымдық үдерістің табыстылығына әсер ететін ынталандыру, жағымды психологиялық орта орнату, оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру сияқты маңызды мәселелерді басты назарға алу керек.
«Математика пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдары қандай?»тақырыбында II деңгей мұғалімі **Қайырмағамбетова Бакзада Мерзинқызы** зерттеу жұмысы бойынша іс – тәжіриесімен бөлісті.







Әрбір сабақта оқушыларға әртүрлі деңгейде логикалық тапсырмалар беріліп отырды.
1.Теңдік орындалатындай етіпжақша қойып,жақша ішіндегі өрнектің мәнін табыңыз 15-35+5:4=5)40 B)12 C)53 Д)20 E) 15
2. айдың ұш сенбісі жұп сандарға сәйкес келеді.Осы айдың 22-сі аптаның қай күні болатынын табыңыз: A)сейсенбі B) дүйсенбі C)жұма Д) сенбі E) сәрсенбі
3. 0,1,2, және 3 цифрларын пайдаланып,бір цифр қайталанбайтын неше екі таңбалы сандарды жазуға болады? A)8 B)9 C)6 Д)7 E) 5
4. 19 бен 209 –дың арасындағы және осы сандарды қоса есептегенде неше натурал сан болатынын табыңыз. A)188 B)190 C)191 Д)192 E) 189
5. 55-тен кіші барлық натурал сандардың жазылуында 4 цифры неше рет кездеседі? A)12 B)16 C)14 Д)11 E) 10



Функционалдық сауаттылықты дамытудың тиімді жолдарының бірі – құзыреттілікке бағытталған тапсырма. Сонымен қатар практикалық мазмұндағы есептерді шешу математиканы оқуға қызығушылықты оятуға бағытталған. Мұндай тапсырмалар білім мен дағдыға негізделген және жинақталған білімді практикалық іс-әрекетте қолдана білуді талап етеді. Сабақтар оқушылардың логикалық, алгоритмдік, кеңістіктік ойлауын, зейінін дамытуға бағытталған. Осылайша, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, атап айтқанда, математикалық сауаттылығын дамыту міндеттері білім берудің негізгі деңгейінің білім беру мазмұны мен түрлі салаларда қолданылатын

қолданбалы математикалық дағдыларды жетілдіруге бағытталған қосымша курстардың оңтайлы үйлесімі жағдайында жүзеге асырылады.

«Ынтымақ» қоғамдастық бірлестігінің белгіленген жоспары аясында **«Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары»** бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік күні өтті. Әдістемелік күнге қоғамдастық мүшелері мен бастауыш сынып мұғалімдері қатысты.


«Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мәтінмен жұмыстың тиімділігі қандай? тақырыбында бастауыш сынып мұғалімі ***Жаппакова Ақтолқын Жолболсынқызы*** зерттеу сабағын жүргізді. Сыныпта 26 оқушы бар. Зерттеу мақсаты бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту барысында мәтінмен жұмыс істеу, талдау, әдіс-тәсілдерін қарастыру.






Күтілетін нәтиже:мәтінмен жұмыс істеу функционалдық оқу сауаттылығының өзіндік талдауы әдіс тәсілдерін қолдану. Мәтінмен жұмыс істеу функционалдық оқу сауаттылығының өзіндік талдауы әдіс тәсілдерін қолдану. Мәтінмен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру кезең- кезеңімен жұмыстанамыз. Мәтінмен жұмыс істеудің бастапқы дағдыларын қалыптастыру.Мазмұндау, бөлікке бөлу,жоспар құру, тірек сөздер пайдалану,кейіпкерлерді анықтау, оларға мінездеме беру, іс- әрекеттерін сипаттау болды. 2 «А» сыныбынан бастапқы диагностика алынды. Қатысқан оқушылар саны – 26. Оларға сұрақтар қойылды.

1) Әңгімені өздігіннен дауыстап оқи аласың ба?
2) Мәтінді рөлдерге бөліп, мәнерлеп оқи білесің бе?
3) Тыңдаған мәтіндері бойынша сұрақтарға жауап бере аласың ба ?
4) Мәтінді бөліктегре бөліп, жоспар құра аласың ба?
5) Мәтінді өз бетімен мазмұндай аласың ба?





Қорытынды: Әңгімені өздігіннен дауыстап оқи аласың ба? деген бірінші сұрақ бойынша «ия» деп 80% жауап берген, ал 20% «білмеймін» жауап берген.Екінші сұрақ бойынша «ия» 60% , «жоқ» деп 30%, ал 10% «білмеймін» жауап берген.Үшінші сұраққа 80% «ия» деп жауап берген, ал 20% «білмеймін» деген жауап қайтарған.Мәтінді бөліктегре бөліп, жоспар құра аласың ба? сұрағына «ия» 60% , «жоқ» пен «білмеймін»20% жинаған. Мәтінді өз бетімен мазмұндай аласың ба?деген сұраққа «ия» 70%, «білмеймін» 30% жинаған. Нәтижесі оқушылардың көбі әңгімені дауыстап оқи алатыны және тыңдаған мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бере алатынын байқадым.Оқушылармен жеке жұмыстар жасалды.Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. Мысалы. мәтінді бөліктерге бөліп, мазмұндауға қиналатынын айтты. «Дені саудың жаны сау» бөлімі бойынша тізбектелген үш сабақ өткізілді.


Бірінші зерттеу сабағы әдебиеттік оқу пәнінен тақырыбы «Тазалық – денсаулық кепілі/ Таңның тәртібі» Оқу мақсаты: 2.1.3.1 – шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау. «Бір ауыз сөз» әдісі арқылы шығарманың мазмұнын өз оймен айтты және оқиғаның соңын болжап берді.«Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы денсаулық жайында мақал – мәтелдер

шешті.Оқушылар өленді түсініп оқып, мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтады.Мәтінді мәнерлеп оқып, тақырыбына сүйене отырып, оқиғаның соңын өз сөздерімен мазмұндап берді.«Сергек жүру үшін не істеу керек?» деген сұраққа жауап беріп қорытынды жасалды.





Екінші зерттеу сабақтың тақырыбы: Тісіңді түзете біл. Оқу мақсаты: 2.1.2.1-шығарманың мазмұнын бөлікке бөлу және өз сөзімен үзіндісін мазмұндау, талдау.Күтілетін нәтиже: шығарманы бөліктерге бөледі және өз сөздерімен мазмұндайды. Оқушылар тіркестерді пайдаланып, өзінің тісі туралы әңгімеледі. Сауатты оқуды қалыптастырудың әртүрлі тәсілдері жүргізілді.. Біріншіден, бұл мәтіннің қарапайым бірліктеріне: сөзге, ұсынысқа, абзацқа назар аудару; екіншіден, мәтін құрылымын және оның логикалық байланыстарын талдаусыз мәтінді түсіну мен түсіндіру мүмкіндіктеріне назар аударылды. Оқушыға сұрақтар қоя отырып, мәтінмен (автормен) диалог жүргізуді үйренедіОсы жерде мәтінмен жұмыстың тиімділігі «Оқы, талда» әдісі арқылы сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қойып, өз ойларымен сұраққа жауап берді.Өз беттерімен талдау жұмыстарын жасады.Топпен жұмыс кезінде бір –бірін тыңдап, қарапайым жеңіл сұрақтар қойылды.Мәтінді «спираль» әдісі арқылы оқып, талдады.«Жамалдың өкініші» мәтінін бөліктерге бөліп,мазмұндау, талдау жұмыстары жүргізілді.






Үшінші зерттеу сабағының тақырыбы «Жақсылықты бағала». Оқу мақсаты: 2.1.3.1 –тірек сөздер пайдалану, кейіпкерлерді анықтау, оларға мінездеме беру,іс-әрекеттерін сипаттау.Күтілетін нәтиже: керекті ақпаратты теріп алады,тірек сөздерді пайдаланып мінездеме береді.Оқушыларға түрлі құстар мен жануарлардың суреттері таратылды.Ертегі мен мысалдарда бұл кейіпкерлер қалай сипатталатынын өз ойларымен бөлісті.«Қасқыр мен тырна» өленін тыңдады. «Түртіп алу» әдісін қолданды.Қажетті ақпараттарды өздеріне жазып отырды. «Хабар бер» әдісі арқылы қасқырға сипаттама берді.Мәтінмен жұмыста «Доп лақтыру» әдісі тиімді өткізілді.Оқушы өз бойындағы жақсылықты айта отырып, қасындағы досының жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп отырады.Мәтінмен жұмыста қасқыр мен тышқанның іс-әрекеті бойынша пікір айтты. Оқиғанын дамуын, аяқталуын айтты. Мәтінмен жұмыс кезінде іштей оқу, ізденіп оқу, танып оқу түрлері өте тиімді. Мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту арқылы шығармашылық ізденістерін, өзіндік ой-пікірлерін жетілдіру, игерілген ақпарат арқылы сыни ойлауы мен метатанымдық қабілеттерін арттыратынына көз жеткізді.







Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында жалпы сыныптан қорытынды дианостика алынды.

1) Әңгімені өздігіннен дауыстап оқи аласың ба?
2) Мәтінді рөлдерге бөліп, мәнерлеп оқи білесің бе?

3) Тыңдаған мәтіндері бойынша сұрақтарға жауап бере аласың ба ?
4) Мәтінді бөліктегре бөліп, жоспар құра аласың ба?
5) Мәтінді өз бетімен мазмұндай аласың ба?



Сауалнаманың қорытындысы: Әңгімені өздігіннен дауыстап оқи аласың ба? деген сұрақ бойынша «ия» деп 100% жауап берген.Мәтінді рөлдерге бөліп, мәнерлеп оқи білесің бе? деген сұрақ бойынша «ия» 90% , «жоқ» деп 10%, жауап берген. Тыңдаған мәтіндері бойынша сұрақтарға жауап бере аласың ба ? деген сұраққа 90% «ия» деп жауап берген, ал 10% «білмеймін» деген жауап қайтарған.Мәтінді бөліктегре бөліп, жоспар құра аласың ба? сұрағына «ия» 80% , «жоқ» пен «білмеймін»10% жинаған. Мәтінді өз бетімен мазмұндай аласың ба?деген сұраққа «ия» 80%, «білмеймін» 20% жинаған. Мәтінмен жұмыстың нәтижесінде оқушылар мәтінді рөлдерге бөліп, мәнерлеп оқып, сұрақтарға жауап береді және мәтінді өз бетімен мазмұндауды үйренді.

Мәтінмен жұмыстың тиімді жақтары.

- оқуға деген ыгтаның артуы;
- топта бірлесе жұмыс істеуге ынталануы;
- нақты сұрақ қоюды үйренеді;
- өз ойын еркін жеткізеді;
- мәтін мазмұнын түсініп, айтып беру деңгейін жоғарлатады;
- пікір айту қабілеттері дамиды.

Ал тиімсіз жақтары:

- кітапты өз бетімен оқымауы;
- жауапкершіліктің төмендеуі;
- өз пікірін дәлелдеуге қиналады;

Жоғарыда айтылған жұмыстардың барлығынан көретін нәтижеміз, тұлғаның; сөздік қоры молаяды, ізденімпаздыққа үйренеді, ойлау қабілеті артады, ойын еркін айтады, белсенділігі артады, шығармашыл жұмыс істейді, қиялы ұшталады, тапқырлыққа үйренеді.

Сонымен қатар оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал –түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер тиімді екенін білдік.

ҰСЫНЫС:

- оқушылардың оқу икемділігі мен дағдыларын арттыру мақсатында мәнерлеп оқу көңіл бөлу.

Жоспарға сай **«Гуманитарлық пәндер сабақтарында оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудың тиімді жолдары»** әдістемелік күн өтті. Бұл әдістемелік күнге 10 мұғалім қатысты.

1.***«Тарих пәнінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалай дамытамын?»*** III деңгей мұғалімі Қазбаева Шайзада Қалауқызы зерттеу жұмысымен бөлісті. Зерттеу жұмысында нысан ретінде 9«б» сыныбы алынды. Мақсаты: Тарих сабағында тақырыпты меңгертуде заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы білім алушылардың білім сапасын арттырып, бәсекеге төтеп бере алатын, білім деңгейі жоғары, ізденушілік – зерттеушілік қабілеті дамыған жеке тұлға тәрбиелеу. Оқушылардың адамзат қоғамының ежелгі заманынан бүгінгі күнге дейінгі даму тарихынан жүйелі білім негіздерін қалыптастыру. Мақсатқа жету барысында төмендегі міндеттер алынды:

1. Білім алушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, оларға адамзат жинаған әлеуметтік рухани, адамгершілік тәжірибесін меңгерту
2.Оқушыларды өз халқы мен басқа халықтардың мәдениеті мен тарихын, бүкіл адамзаттың мәдени мұрасын сақтауға тәрбиелеу

3. Білім алушылардың бойында Қазақстандық патриотизм мен азаматтық сезімді қалыптастыру.Ең алдымен оқушылардан 6-сұрақтан құрылған сауалнама алдым.

№	Сауалнама сұрақтары	ия	жоқ
1	Мектепте білім алғысы келетіндердің ниеті ынталандырыла ма?	10/50	5/25
2	Күрделі тапсырмаларды орындау қиындық туғыза ма?	12/60	2/10
3	Мектепте қалыптасқан жағдай оқу үдересіне ықпал ете ме?	8/40	7/35
4	Мұғалім қойған міндеттер сені шын мәнінде ойлануға жетелей ме?	7/35	4/20
5	Оқудың тәсілдері мен жолдарын мұғалім таңдауға мүмкіндік бере ме?	10/50	4/20
6	Мектеп мұғалімдерін білім алушы ретінде қабылдайсыз ба?	9/45	3/15





Оқушылардың сабақ барысында қандай әдіс-тәсілдермен жұмыстанғанды зерттеу үшін. Болғаннан кейін 4 тізбектелген сабақ өткіздім.1 сабағымның тақырыбы: “Қазақстан қайта құрудың бастапқы кезеңінде”Сабағымда оқушылармен картамен жұмыс,жылдар сөйлейді тапсырмаларын қолдандым“ Қазақстандағы 1986жылғы Желтоқсан оқиғасы” тақырыбында екінші сабағымды өткізілді.

Бұл сабақта оқушылармен тарихи сынақхат пен ,дереккөздер мен,терминдермен, ойлан тап кестесімен жұмыстар жасадым.






Оқушылар сабаққа белсене араласты. “Қайта құру жылдарындағы демократиялық процестер” тақырыбында үшінші сабағымды өткіздім.Бұл сабағымда Тарих сабағын оқытуда суретті пайдалану әдісін қолдандым.Оқушылармен сабақтың тақырыбына байланысты салыстыру кестесін бердім.Оқушылар тапсырманы толық орындай білді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің жариялануы тақырыбында төртінші сабағымды өткіздім.Сабақта Адамзат күнтізбесі тапсырмасын орындаттым.Оқушылар Н.Ә.Назарбаев пен .Абылай ханды салыстырды.Тапсырманы толық орындады,сабақ мақсатына жеттік. Оқушылардан сауалнама алынып қортынды жасалды.Оқушылар сабақтағы тапсырмаларды орындауда белсенділік танытты.Сабақ жоғары деңгейде өтті.Тізбектелген төрт сабағымды өткізіп болғаннан кейін оқушылардан екінші сауалнама дайындап,алдым.Бұл сауалнаманың нәтижесінде оқушы деңгейінің артқандығы,қызығушылығының жоғарлағаны байқалды.






Алынған сауалнаманың қорытындысы бойынша білім алушылар тарих пәнінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің барлық түрін де таңдап,белгілеген.Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген

өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз. Демек, жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы.

2. «Оқушылардың тарих сабағында логикалық ойлауы мен ауызша сөйлеу әрекетін қалай дамытамын?» тақырыбында ***Баймуратова Гулназ Алимбайқызы*** зерттеу жұмысын негізге ала отырып, өз тәжірибесімен бөлісті.



Тарихтың алдына қойған басты міндеттерінің бірі - ұрпақтардың рухани байланысын нығайту, орыс дәстүрлерін сақтау және жаңғырту, оқушыларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру. Тарихи білімнің негізі – факт. Тарихи білім берудегі нақты материалдың өзіндік құндылығы айқын, әйтпесе тарих әлеуметтанулық схемалар жиынтығына айналады. Дегенмен, тарихты зерттеудің мақсаты азды-көпті фактілер жиынтығын меңгеру ғана емес, сонымен бірге оқиғалардың барысын, олардың ішкі байланысын, тарихи үдерістің заңдылықтарын ұғыну болып табылады. Зерттеудің мақсаты: логикалық тапсырмаларды қолдана отырып, оқушылардың **т**анымдық-шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамыту болып табылады. *Міндеттері:*


1.Баланың өз бетімен ізденіп, шығармашылық ойлау қабілетін арттыру.

2.Іздену-зерттеу тапсырмалары арқылы ойдың шапшаңдығы мен икемділігін дамыту.

3.Оқушылардың өз білімін шыңдай түсу бағытында логикалық тапсырмаларды жүйелі қолдану;

Осыған байланысты білім алушылардың оқу материалын меңгеруінің, терең білімі мен жоғары танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың ең тиімді жолы тірек сызбаларды, символдық белгілерді, кестелерді қолдану арқылы логикалық ойлауын дамыту болып табылады, өйткені тарихтағы оқу материалының күрделілігі мен көлемділігі оның тұтастығын айтарлықтай қиындатады. қабылдау және түсіну. Осылайша, менің іс-әрекетімнің мақсаты - балаларды ақпаратты өңдеу барысында оны тиімді меңгеруге үйрету.

Зерттеу кезеңін сауалнама алудан басталды.





Іс әрекетті зерттеу барысында Қазақстан тарихы пәнінен 6 б сыныбы алынды. «Мен жұмысты орындау қиын болған кезде маған әрі қарай не істеу керектігін шеше аламын, мен орындауға тиісті тапсырмаларды мұқият ойлаймын, мен мәтіндік жұмыстарды жақсы орындай алмаймын, маған өз ақылымды қолдану ұнайды » деген сұрақтар төңірегінде зерттеудің басында және соңында сауалнама алынды. Әскери тарихта Шыңғысхан есімі талантты әскери қолбасшы, дарынды стратег және тактик ретінде сақталды. Шыңғысхан әскери қолбасшы ретіндегі таланты ретінде қалыптасқан жағдайға байланысты соғыс тактикасын өзгерте алуы деп танылғандығы туралы толық ақпарат бергеннен кейін зерттеу сұрағына : Неліктен Шыңғыс хан әскерлері Отырарды алты ай бойы ала алмады? *Оқу мақсаттары:*

6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау

6.3.1.6 – картаны қолдану арқылы XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердегі саяси үдерістерді түсіндіру

Дескриптор:

- Отырар қаншалықты жақсы қорғанғанын айту.
- Отырардың моңғол әскерлерінің басып алуынан аман қалуы туралы 2 болжам келтіру.
- Моңғолдар неліктен жеңіске жеткендігіне 3 себепті анықтау.

Сонымен қатар, сабақта оқу мақсатына сәйкес 6.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін сипаттау. Интерпретация сәйкес, келесі тапсырмалар ұсынылды.



Осындай тапсырмаларды беру арқылы оқушыларға сыни тұрғыдан және шығармашылықпен ойлау, ақпаратпен сауатты жұмыс істей білу (белгілі бір тапсырманы орындауға қажетті фактілерді жинақтай білу, талдау жасай білу) сияқты қасиеттер ашылады. Осы мақсаттарға сүйене отырып, мен өз жұмысымда оқушылардың интеллектуалдық даму деңгейін, олардың қабілеттері мен бейімділіктерін ескере отырып, оқытудың логикалық тәсілін қолданамын.

- Сондықтан балаларды оқыта отырып, мен келесі шарттарды орындауға тырысамын:
- Оқушыларды белсенді танымдық үдеріске тарту;
- ынтымақтастықта жұмыс істеу;
- алған білімдерін тәжірибеде қолдану.

Менің ойымша, тарих сабағында тірек сызбалармен және кестелермен жүйелі түрде жұмыс жасау балалардың салыстыру, жалпылау, пайымдау, әр сабақтың материалында, оқулықтың абзацында негізгі ойларды бөліп көрсете білу қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. , балаларды жаттаудан және мағынасыз жаттаудан босату.

«**Жаратылыстану-математикалық бағыт сабақтарында функционалдық ойлау дағдыларын қалыптастыру»** тақырыбында ZOOM платформасы арқылы ЖМБ мұғалімдерінің әдістемелік күні өткізілді. **«**Функционалдық сауаттылық - сапалы білім берудің кепілі» тақырыбында шебер класс өтті.

1.«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру сапалы білім кепілі» тақырыбында I /ілгері/ деңгей мұғалімі Мусина Гүлжанат пен II/негізгі/ деңгей мұғалімі Коптенова Нұрсұлу Мұхтарқызы функционалдық сауаттылық бойынша тәжірибелерімен бөлісті.





Әуелі «Миға шабуыл» әдісінде «Функционалдық сауаттылық деген не?», «Функционалды сауатты адам деп аталу үшін оқушы қандай дағдыларға ие болуы керек?» сұрақтарына жауап беріп, өз ойларымен бөлісті. «Функционалдық сауаттылық деген не?» және ФС дамытуға арналған тапсырмаларды әзірлеу алгоритмінің үлгісімен таныстырылды.

«Ынтымақ» қоғамдастығының жоспарына сай **«Эстетикалық бағыт сабақтарында сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыру»** дене тәрбиесі, көркем еңбек, музыка пәндері мұғалімдерінің әдістемелік күні өткізілді.

«Оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары қандай?» тақырыбында музыка пәнінің мұғалімі Бодыкова Жанаргүл Тағыбергенқызы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында зерттеу жұмысын ұсынды. Жоспары бойынша 6 «в» сыныбына зерттеу жұмысын жүргіздім. Бұл сыныпты 5-ші сыныптан бері класс жетекшісі болғандықтан, оқушылардың мінез-құлқы, сабақ үлгерімі маған жақсы таныс.Жалпы сыныптың, атмосферасы жақсы, қазіргі таңда 16 оқушы бар.

«Оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары қандай?» негізге ала отырып МАН-қа сүйендім. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасының Үшінші (базалық) деңгей бағдарламасын зерделеу және меңгеруге көмектесетін негізгі материал болып

табылады. Зеттеуді оқушылардан бастапқы сауалнама алудан бастадым. Бес сұрақтан құралған сауалнамаға 16 оқушы қатысып,1 сұрақ.Соңғы кезде сенің үлгерімің жақсардыма? Ия-75%,жоқ-0%,кейде-25%. 2 сұр. Сен мұғалімнің сабақ түсіндіруін ұғасыңба? Ия-50% жоқ-0%, кейде-50%. 3 сұр. Сабақ кезінде өз ойыңды еркін айтып жеткізе аласың ба? Ия-80%, жоқ-5%, кейде-15%. 4 сұр. Оқушылармен бірге шығармашылық жұмыс жасап үлгересің бе? Ия-80%,жоқ-0%, кейде2%. 5 сұр. Саған жаңа технологиялар ұнайма? Ия-70%,жоқ-5%,
кейде-25%.жауап берді. Жалпы сауалнама сұрақтарын зерттеу тақырыбыма сәйкестендіріп алдым. Сауалнама нәтижесінде пайыздық көрсеткіштерге қарап отырып,сыныптағы оқушылардың шығармашылық қабілетінің жақсы екенін байқалады.Барлық сұрақтарға «Ия» деген жауап басымдылық танытып жоғары пайызды көрсетіп тұр. «Жоқ» деген жауап мүлде жоқ деседе болады. «кейде» деген жауапқа енді 20-25% жауап берген. Әрі қарай іс-тәжірибемді үшінші тоқсанда тізбектелген сабақтар топтамасындағы үш сабағымды өткіздім. Бірінші сабақ тақырыбы: музыка және бейнелеу өнері.Мақсаты:-музыканың көркемдік бейнесін шығару кезінде музыкалық және басқада өнер туындыларының әсерлеуші құралдарын салыстырады;-тыңдаған музыканы талдап,түрін,стилін және жанрын анықтайды.Бұл тақырып бір-бірімен тығыз байланысты. Сабақтың басы миға шабуыл сұрақтар қоюмен басталды.-Бейнелеу мен музыка қалай байланысады ?, - Бүгінгі тақырып қандай болуы мүмкін? Оқушылар сәл кідіріңкіреп ойланып барып жауап берді. Оқулықтағы мәтінмен жұмыс жасалып,оқушылардың музыкалық шығармашылық қабілеттерін оята отырып, онда қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде табиғатпен сырласып өмір сүргендігі, сол замандағы қолөнер бұйымдары ою-өрнектері тұнып тұрған бейнелеу екендігін және әжелеріміз әндетіп отырып кесте тігіп,ою ойып құрақ құрағандығын аңғартады.Күйші композиторлар табиғаттың барлық болмысын музыка тілі арқылы шебер жеткізе білген.Оқушыларға пейзаж,тұрмыстық жанр түрлерін ұғындырып дәптерге жазып алды.АКТ-дан Құрманғазының «Сарыарқа» күйі тыңдалып оқушылар талдау жүргізді.Қазақтың а

тақ ты суретші Ә.Қастеевтің шығармшылығы туралы бейне баян көрсетілді. Оқушылар сабақ барысымен жақсылап ақпараттанған соң тапсырмаларды экран бетіне көрсеттім,балалар дескрипторға сүйене отырып шығармашылық тапсырмаларды таңдап орындай бастады. «Ә.Қастеевке топтастырып», «Ою мен күйге Венн диаграмма» жасап оқушылар өз жұмыстарын оқып талдап берді.Бір-бірін басбармақ әдісімен бағалап сұрақтар қойды. Музыканы бейнелеумен сәйкестендіру тапсырмасын экраннан табиғаттың суреттерін көрсетіп, музыканы тыңдату арқылы оқушылар тапсырманы ауызша орындап жауап берді.Осы тапсырмаға оқушылар аса қызығушылықпен белсенді қатысты,Ротация әдісімен табиғат туралы әр түрлі әндерге попури орындалды.Ән үйрену барысында қаз.хал. әні «Дедімай-ау» әні үнтаспадан тыңдатылып үйретілді. Оқулықтан сөзіне қарап отырап,хормен орындалды.Сабақтың қорытынды кезеңінде рефлексия «сұрақ –жауап» әдісімен сұрақтар қойылып оқушылардың ой пікірі, жауабы тыңдалды. Балалар сабақтың өте қызықты өткенін және көңіл-күйлері көтеріліп, шығармашылық тапсырмалар мен ән орындаулар ұнағанын айтып, ән үйрену барысында қиындау болғанын алға тартты.Зерттеу жұмысымның екінші және үшінші сабақ тақырыптары «Интеллектуалды музыка» деп аталды. Екі сағатқа берілген осы тақырыптың тәрбиелік мәні жоғары, шығармашылыққа толы сабақ болды. Мақсаты:- тыңдаған музыканы талдау және өнердің түрлерін,стилін жанрын,оның ішінде басқада өнермен байланысын анықтайды.

Сабақ барысында қызығушылықты ояту кезеңіндегі ұйымдастыру бөлімінде балалармен бір-бірімізге «Жағымды сөз» айту тренингімен бастадым. Жаңа сабақты шығармашылығынан басталды Оқушыларға жалпы «Интеллектуалды музыка» деп күрделі құрылымды,терең мағыналы,ойлы шығармаларды айтамыз.Мұндай туындылар орындаушыдан асқан шеберлікті және тыңдаушыдан да мол түсінікті қажет етеді.Оларды тыңдап түсіну үшін арнайы дайындық керек,сонымен қатар тыңдарманның ой-өрісі,сана–сезімі жоғары деңгейде болуы тиіс екендігін ұғындыра отырып ақпараттандырып алдым.Мысалы: Абайдың әндері мен Дәулеткерейдің күйлерін осындай шығармалар қатарына жатқызуға болады. Бейне таспадан Абайдың «Сегіз аяқ» әнін тыңдалды,оның мағнасымен орындалу стилін оқушылар талдады.Ән үйретіліп, бірнеше мәрте орындалды. Жаңа тақырыптармен ақпараттандырғаннан кейін оқушыларға шығармашылық тапсырма берілді.Оқушылар композитор Абай мен Дәулеткерей күйшінің шығармашылығын «Венн диограмма» әдісіне салды, «Романс» сөзіе синквейнге жасады.Екінші сабақта осы тақырыпты әрі қарай өрбітіп, әннің келесі шумақтары үйретіліп талданды. Абайдың осы әні неліктен «Сегіз аяқ» деп аталады? деп, оқушыларға тақырыпқа байланысты әр түрлі бағыттаушы сұрақ қойылды.Оқушылар сұраққа жүйелі түрде жауап беріп белсенділік танытты. «Сегіз аяқ» әніне топтастырды, келесі топтар «иетеллектуалды музыка» сөзіне кластер жасады. Шығармашылық тапсырмаларын әр топ таныстырылым жасап бір-бірін басбармақ әдісімен бағалады. Сабақты қорытындылау кезеңін «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қорытындыладым.Жалпы,оқушылардың музыка сабағында шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары әр түрлі болып келеді.Бұл эстетикалық пән болғандықтан, балалардың ән айту,музыка тыңдау қабілеттері ерте жастан,яғни бастауыш сыныптарда анықталады.Баланың өнерге қабілеті байқала бастағаннан-ақ, оны әрі қарай дамытып,жеке жұмыстар жасау қажет.Дауыс жаттығуларын жасата отырып, дауысының тембрін (бояуын) анықтаймыз.Оқушының дауысына қиындық келтірмейтіндей етіп,өз дауысына лайықтап репертуар (музыкалық шығармалар) таңдалады.Жеке қосымша сабақтарға шақырып дайындап,байқауларға қатыстырамыз. Сөйтіп оның шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамытып, «сахна» дейтін киелі жерге шығарып,өз қорқынышын өзі жеңе алатындай етіп өнерге баулимыз.Сабақ барысында ондай талантты оқушылар өзінің дауысымен,орындау мәнерімен,тіпті жүріс-тұрысымен де ерекшеленіп көрініп тұрады.Топ арасында басқа балалар музыкалық шығармаш. тапсырмаларды қиындықпен орындаса, бұндай балаларға шығармашылық тапсырмалар еш қиындық туғызбайды, жылдам әрі тез орындап аса белсенді қатысады.Көңіл-күйлері үнемі көтеріңкі жүреді,және музыка пәніне деген қызығушылықтары көзқарастарынан-ақ байқалып тұрады.Олар үнемі ыңылдап ән айтып,музыка әлеміне кіріп кеткендей күйде, шығармашылықтың адамы екені байқалып тұрады. Әрі қарай оқушылардан зерттеу жұмысымның соңғы қорытынды сауалнамасы алынды: 1.Жеке жұмыс жасауға дағдыландыңба? Ия-80%, жоқ-5%, кейде-15%, 2.Жеке жұмыс жасау барысында мұғалімнің бағалауымен келісесіңбе? Ия-90%,жоқ-0%,кейде-10%. 3.Орындаған тапсырмаң көңіліңнен шығама? Ия-70%,жоқ-15%,кейде-15%.

Сауалнаманың қорытындысы жақсы нәтиже көрсетіп отыр.Балалар оқу үдерісінде оқушының жұмысына, мұғалімнің айтқан сыни пікірлерімен көзқарасын байыппен тыңдап және қойған бағалауынада келісушілік танытады. Әрдайым өз ойларын ашық айтып, шығармашылыққа бейім тұрады.Осыдан кейін оқушылар сабақ барысында қателіктер жібермеуге тырысып,өздерінің орындаған тапсырмаларына, бағыттаушы сұраққа берген толық жауаптарына көңілдері толып аса жауапкершілікпен қарайды. Кластағы үлгере алмай отыратын кейбір оқушылар бар, оларға өз тарапымнан қайта түсіндіріп,жеңіл тапсырмалар бердім. Жалпы зерттеу жұмысымды қорытындылай келе,сауалнамалармен тізбектелген сабақтар өткізу барысында байқағаным, менің класымда шығармашылыққа қабілетті оқушылар бар екені байқалады. Былтырғымен салыстырғанда ,биылғы оқу жылында олардың музыка жағынан дауыс диапазондары ашылған. Зерттеу нәтижесінде оқушылардың көбі өз өнерлерін көрсете білуді, бірін-бірі бағалауды үйреніп,жауапкершілікті сезіне білді.Сыни ойлауға талпынып,сабақ барысында бірлесіп жұмыс жасауға

қалыптасты.Алдағы уақытта өзім бақылаушы мұғалім ретінде класта оқушыларды шығармашылыққа үйретететін білім ортасын құруды дамытамын.Сабақ барысында сәтті шыққан тұстары көп болды, тапсырмаларды уақытқа сәйкес ықшамдап алып,оқушылардың біразын сөйлетіп ой-пікірін, тапсырмаларын тыңдай алдым. Сәтсіз шыққан тұстары: Ән үйрену барысында,класта үлкен АКТ құралдарының болмауы, ноутбукпен көрсетуге, музыканы талдауға,үйренуге тура келді.

«Кәсіптік бағдар беру» бірыңғай әдістемелік күніне орай **«Жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру мәселелері»** тақырыбында II деңгей мұғалімі Иманов Нұрбек Қиятұлы 10 сыныпқа өткізген тренинг арқылы жұмысымен бөлісті.

Жалпы білімнің басты үш міндеті бар олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету, және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенгенсайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу – ең көкейкесті мәселеге айналып отырғаны дәлелденді.Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттай білу.

Мақсаты: Оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарастарын дамыту, адал мамандық таңдауда дұрыс бағдар беру.

Міндеті:

- Мамандықтарды талдай білуге үйрету.
- Оқушының өзінің қабілетін, бейімін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуге үйрету;






Мамандық таңдау мәселесі — адам өміріндегі ең күрделі және жауапты қадам. Мамандық таңдау әрбір адамның мұқиятылығы мен жауаптылығын қажет етеді. Мамандық таңдау барысында жас түлек «Мен қалаймын», «Менің қолымнан келеді», «Маған керек» деп, өз қабілеттіліктерін, ішкі сенімдері мен нақты мүмкіндіктерін ескеру қажет.Ұнайтын мамандықты таңдау және өмір бойы өзіңізді қамтамасыз ету үшін алдымен адам өзін танып, мұқият зерттеу қажет. Ең алдымен қызығушылығыңызды, бейімділігіңізді, мінез сипаты мен физикалық мүмкіндіктеріңізді жақсы түсіне алу керек. Негізгі қасиеттеріңіз бен байқалмайтын қасиеттеріңізді анықтау қажет. Ары қарай өзіңізге сәйкес келетін мамандықтарды таңдау кедергі туындамайды. Осыдан кейін ғана мектеп бітіруші жас түлектің «Сен де бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та бар қалан» - деп Абай атамыз айтқандай өмірден өз орнын тауып, болашақта жақсы маман иесі болуына жарқын жол ашылады.

Осыдан кейін оқушыларға мамандық таңдау мәселесіне байланысты түрлі сұрақтар қойылып, оқушылар ол сұрақтарға жазбаша жауап береді. Ситуациялық сұрақ. (Оқушылар өз пікірлерін ортаға салады). 1.Мен хирургпын. Шарты: Ауруханада 5 емделуші бар. Олар: 1.Бес айлық қыз бала. 2.Алты жасар дарынды бала. 3.Көп балалы ана (10 баласы бар, 70-тегі ана) 4.Қаңғыбас 5.Құрылысшы. Жүрек біреу. Осылардың қайсысына операция жасар едің. Біреуін ғана таңдауың қажет. Таңдау арқылы оқушылар өздерінің рухани байлық дәрежесін анықтайды. Тест. 1.Мамандық бір ақ рет бірдола таңдалады деген дұрыс па? иа/жоқ 2.Мамандық таңдау қалтаның қалыңдығына байланысты ма? иа/жоқ 3.Мамандық таңдау адамның қабілетіне, бейімділігіне байланысты ма? иа/жоқ 4.Отбасы мен достарыңның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға бола ма? иа/жоқ 5.Қартайғанда мамандық таңдауға бола ма? иа/жоқ 6.Жақсы білім алу үшін, қымбат оқу орнына түсу керек пе? иа/жоқ 7.Ақша болса мамандық керек емес деген пікірмен келісесің бе? иа/жоқ 8.Мамандық таңдаудағы басты өлшем – қызығу мен қоғамдық сұраныстың сәйкестілігі ме? иа/жоқ 9.Таңдайтын мамандығыңды болашақ табысың анықтай ма? иа/жоқ 10.Мамандық

таңдау – күн көрістің қамы ма? иа/жоқ 11.Мамандық таңдауда психологтың көмегі қажет пе? иа/жоқ






Қоғамдастық жоспар бойынша жоспарланған іс – шаралар уақытында өткізілді. Қоғамдастық аясында әдістемелік тұрғыда мұғалімдер зерттеу жұмысымен, іс – тәжірибемен бөлісті. Мұғалімдер қоғамдастығында ортақ мақсаттармен біріккен, проблемаларды бірлесіп шешетін, өз құзырын дамытатын, креативті ойлайтын мұғалімдердің ортақ жұмысы жүзеге асырылды. Оқыту нәтижесінде Блум таксономиясын қолданып, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің әдіс-тәсілдерін үйренуге дағдыландыру жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстарға талдаулар мен мониторингтер жүргізілді.

2023-2024 оқу жылына міндеттер:

1.«Педагогикалық даму» қоғамдастығы құрамындағы мектептер жұмысын жалғастыру
2.Педагогтердің зерттеушілік-ізденушілік дағдыларын дамытуға бағытталған Lesson Study, Action Research үдерістерін жүзеге асыратын фокус топтар жұмысының сәтті жүруіне әдістемелік көмек беру
3.Педагогтердің біліктілігін арттыру жұмыстарын жалғастыру
4.Жас мамандар «Дебат» клубын құру
5.«Аға буын аманаты» жобасын жүзеге асыру
6.Облыс көлеміндегі тәжірибе тарату шараларын ұйымдастыру

2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының қорытынды талдауы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім беру ұйымдарына «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу туралы 2023 жылғы 19.09 №294 , Облыстық білім басқармасы 2023 жылғы 20.09. №398 бұйрығы негізінде Біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сынды ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімінің № 710 Н/Қ бұйрығын негізге ала отырып, мектеп директорының 2023 жыл 25.09 № 216 /3 Н/Қ бұйрығы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасын » іске асыру жөніндегі бекітілген кешенді жоспарға сәйкес төменде аталған жобалар бойынша жетекшілер тағайындалды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы жүргізетін жетекшісі – Талтанова А.А.
«Балалар және театр» жобасы жүргізетін жетекшісі – Махмудова А.А.
«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс) жобасы жүргізетін жетекшісі – Исмагулова Ж.С.
«Ұшқыр-ой алаңы» жобасы жүргізетін жетекшісі – Бітімбай А.С.
«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы жүргізетін жетекшісі – Иманбаева Д.Е
«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы жүргізетін жетекшісі – Сермагамбетова Г.А.
«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы жүргізетін жетекшісі – Жубаназарова Г.Е.
«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы жүргізетін жетекшісі – Бодыкова Ж.Т.
«9 ай- 9 іс-шара» жобасы жүргізетін жетекшісі – Сәндібекова Г.Е.
«Ата-аналар мектебі» жобасы жүргізетін жетекшісі – Кулумгарина Р.Ж.
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын**»** іске асыру жөнінде сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізумен қатар сыныптан тыс жұмыстарды да ұйымдастырды.
Биылғы оқу жылында 1-11 кластар бойынша барлығы - 38 класс комплект , I ауысымда -24 класс /503 оқушы/
II ауысымда -14 класс /311 оқушы/ . Мектептегі сыныптан тыс іс-шараны ұйымдастырып, кешенді бағдарламаның жүзеге асырылуына тікелей 38 сынып жетекші ықпал етті.
Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектептен тыс спорттық, шығармашылық үйірмелерге және мектепішілік үйірмеге қатысатын барлық оқушылар саны – 780 , мектепте барлық оқушы
саны -816 спорт-632 , шығармашылық үйірмелер -148, Барлығы-95%
Баскетбол- 33, Волейбол- 31, Теннис- 105, Басқа да спорт түрлері /ганбол/- 30, Футбол- 69, Шахмат – 154, Ұлттық ойындар /асық, бес тас, тоғызқмалақ/- 210, Шығармашылық бағытындағы үйірмелер /домбыра/- 33, Театр-18, МТБО үйірмелер /жас биолог/ - 27, Дебат -70, Спорттық секциялар – 396, Музыка мектебі – 34,
Тіл үйірмелері – 58, Мектептен тыс білім беру орталығы – 48, Зерек орталығы – 22.






Білім күніне арналған "Мектебім - мейірім мекені" тақырыбында 1-11 сыныптар бойынша салтанатты жиын және ашық тәрбие сағаттары өткізілді. 1-сыныптар арасында «Мектепке алғашқы қадам» , «Сәлем, жаңа оқу жылы» , «Мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып – өмірдің жаңа кезеңі» тақырыптарында республикалық челлендж ұйымдастырылды. Челленджге биылғы оқу жылында 1-сыныпқа қабылданған - **95** білім алушы белсене қатысты.
Отбасылық құндылықтарды , туған елдің мәдени- рухани жерлерін қастерлеуге баулу мақсатында 2-4 сыныптар арасында «Жазғы каникулдан жарқын естелік», «Менің жазғы демалысымдағы көңілді сәттерім», 5-8 сыныптар арасында «Менің саяхатым», «Менің туған өлкем», «Жазғы демалыстағы мен жасаған игі іс» челлендждері түсірілді. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіре отырып, халқымыздың тәлім-тәрбиесі ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, ата ақылымен берілетіндігін , өзіндік ұлттық құндылықтарымызды балалардың бойына дарыту мақсатында "Отбасы" күніне жоспар құрылып, 1-11 сыныптар арасында «Ұрпақ жақсысы -ұядан» тақырыбында апталық өткізілді. Ана тілінің қадір-қасиетін біліп, өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін ұғындыру мақсатында ұйымдастырылған " Мәңгілік ел-Мәңгілік тіл" атты тіл айлығында 1-11 сыныптар бойынша «Тілім - менің тірегім**»** тақырыбында тәрбие сағаттары ,
"Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл", ақын, жазушы әрі философ Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниеге келуіне 165 жыл толуына орай оқушыларға ақынның

өмірі мен шығармашылық жолын таныстыру мақсатында танымдық сағат, 7- 8 сыныптар арасында «Полиглот» интеллектуалдық сайысы , сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды.







.

20.09 күні Мектеп парламентінің сайлауы өткізілді. Мектеп парламентінің президенттігіне үміткер 10 сынып білім алушылары Дузбай Абдуллах , Сарбасов Аян, Куралбаев Мирас өз бағдарламаларын қорғады.









Сайлау қорытындысы бойынша мектеп парламентінің президенті Сарбасов Аян -58% ұпай жинады.

Қазан айының алғашқы аптасында аталып өтетін қарттар күніне орай «Үлкендер жолы – ұлылық , ұрпағы жүрер ұғынып!» тақырыбында сыр-сұхбат ұйымдастырылды.

Аталған шараға ардагер ұстаздар : Утегенов У. К, Изтлеуов С.И , Ситекенов О , Утебаева А.Ж, Тоқсамбаева Р.Б қатысып, мектеп оқушыларының дайындаған мерекелік концертін тамашалап, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.





Қарттар күніне орай Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Қарттарым-асыл қазынам" тақырыбында акция өткізілді . Акция барысында қала көшелерінде серуендеп жүрген ата - әжелерге домбыра мен ашық хаттар таратылды.

Ұстаздар мерекесіне арналған "Ұстаз аты - биік, әрі мәңгілік" атты мерекелік шара өткізілді.

Табиғаттың алуан түрлі құбылыстары мен тылысым тірлігін зерделеу, күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту мақсатында 1-11 сынып білім алушылары арасында " Армысың алтын күз" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.





1-11 сынып білім алушылары арасында "Бірлігіміз жарасқан Қазақстан" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді

Оқушыларға Қазақстан тәуелсіздік жолында не бір «тар жол тайғақ кешулерден» өткенін, тәуелсіздік жолында елі, жері үшін күрескен батырларымыздың ерлігін, өрлігін, білімділігін көрсету егеменді болуын паш ету мақсатында «Тәуелсіздік

елімнің ерлік жолы» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Ата - бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау, осы жолда Президент Қ.Ж.Тоқаевтың кемел саясаты мен ерен еңбегін таныту, өскелең ұрпаққа тәуелсіздік ұғымын кеңінен түсіндіріп, насихаттау.

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай оқушылар мен ұстаздарға Қазақстан туралы,оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру, Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, көрсету, оқушыларды өз елін сүюге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, өз ана тілін сүюге, әдемі сөйлеуге үйрету мақсатында «Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім» тақырыбында додокаэдро ұйымдастырылды.

“Ана - тіршіліктің тірегі “ атты мерекелік кеш өткізілді.Мерекелік кештің басты мақсаты: Нәзік жанды аруларымызға , аяулы ұстаздарымызға қуаныш сыйлау, көңілдерін көтеру. Оқушылардың аналарға, қыздарға деген ізгі ниеттерін көрсету, құрметтерін арттыру.




1 -11 сынып оқушыларына және мектепалды даярлық тобына “Қош келдің Жаңа жыл!” атты мерекелік шара өткізілді. Ұлу жылын қарсы алуға асыққан оқушылар жасыл шырша жанында Аяз ата мен Ақшақарды қарсы алып, өнерлерін көрсетіп, әннен шашу шашып, би билеп, тақпақтар айтып, «Жаңа 2024 жыл баршамызға мол бақыт пен зор денсаулық әкелсін»-деп ізгі тілек тілеген мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілерінің жылы лебіздеріне ризашылық білдірді.




Ана тіліміздің мәртебесі мен ұлттық дәстүрімізді ұлықтау мақсатында «Бір мақал – бір бауырсақ » акциясы ұйымдастырылды . Акцияға мектеп оқушылары мен педагогтер белсене қатысты. Акция барысында түрлі тақырыптарда мақал-мәтелдер айтылды, қатысушыларға бауырсақ үлестірілді.





Ұлттық мәдениетті дәріптеу мақсатында 1-11 сыныптар бойынша «Қош келдің, әз-Наурыз» тақырыбында мерекелік сыныптан тыс шара ұйымдастырылды.

18 мамыр Халықаралық мұражай күніне орай 5 «ә» ,10 «ә» сынып оқушылары Хромтау аудандық тарихи- өлкетану мұражайына барды. Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Мұражай ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде

өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді.





Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.

Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу мақсатында Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен "Абайлаңыз,балалар!" тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына жол ережелерін түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

“Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары” тақырыбында “Қамқорлық” акциясы өткізілді. Акция барысында оқушылар қамқорлық рамкасымен суретке түсу арқылы бір-біріне деген жылулық пен мейірімділікті орнатты .









"Таза Қазақстан" республикалық экологиялық акция аясында 11сынып түлектері мектеп директоры Ш.Т.Отаров және ардагер ұстаз Каирмагамбетова Б.М мектеп ауласына ағаш отырғызды. Білім ұясының айналасы жасыл желектер мен гүлге толды. Алдағы уақытта көгалдандырылған аймақты баптауға мектеп оқушылары атсалысатындарын айтты.





Мемлекет басшысының экологиялық “ТАЗА ҚАЗАҚСТАН” акциясын қолдау мақсатында “Ағаш егу” челленджіне бастауыш сынып мұғалімі Халыкова Г.У. ұйымдастыруымен 1 “б” сынып білім алушылары мен ата - аналары ұйымшылдықпен қатысып, өз үлестерін қосты .

«Құстар - біздің досымыз!» тақырыбында іс-шара өтті. Іс-шараға 6- сынып оқушылары мен әкелері қатысты.
Шара барысында оқушылар әкелерімен бірігіп қанатты достарымызға арнап ұя жасады.

Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Құстар - біздің досымыз!» акциясы өткізілді. Акция барысында Өзін-өзі басқару ұйымының экология фракциясы өздері жасаған ұяларды ағаштарға орналыстырды. Акцияның мақсаты: оқушыларды қоршаған ортаны аялауға, жан - жануарлар мен құстарға қамқор болуға үйрету.





«Сымбат» қыздар клубының жұмыс жоспарына сай Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, инабаттылық , кешіпейілділік сұлулық , жан - жақты ұлттық қасиеттерді және жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында 8-10 сынып білім алушыларының арасында “Қыз тәрбиесі - Қоғам тәрбиесі” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.





Білім алушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мақсатында "Білім артық па? Байлық артық па?" тақырыбында Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымымен дебат сайысы өтті

Адал ұрпақ жобасы аясында «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында 5-9 сыныптар арасында 26.02-01.03 күндері аралығында сурет көрмесі өтті.Мақсаты - Өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамыту және сыбайлас жемқорлық фактілеріне теріс көзқарасқа, жемқорлыққа қарсы қоғамдық пікірді қалыптастыру.
Оқушылар сурет салу арқылы тақырыпты жақсы түсінгендерін көрсете білді.
“ Жемқорлыққа жол жоқ “ атты бейнеролик түсірді. Мақсаты : Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениеті қалыптасқан, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.
Балалардың өмірге қажетті білік-дағдыларын тереңдете отырып,ұлттық әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрге баулу, сәлемдесу, қонақ күту,сыйластық, үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқор болу тәрізді әдептілік қағидаларын меңгерту арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында 9 сынып оқушыларымен "Әдеп- ең қымбат мирас" тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

10.01.2023ж.Ш.Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары аграрлық -техникалық колледжінің арнайы пән оқытушысы
Бимағамбетов Асқар Жумаханович арнайы мектебіміздің 9-11класс оқушыларына кәсіптік бағдар беру
мақсатында түсіндірме жұмысын жүргізді.





Білім алушылардың құқықтық мәдениет деңгейін көтеру мақсатында мектебімізде түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен әңгімелесу, дәрістер, кездесулер өткізіліп мектептің /hssh3m/ инстаграмм парақшасына жарияланып, ата-аналар мен мектеп оқушыларының назарына ұсынылып отырды.

2023 жылдың 23 қазан күні Хромтау аудандық прокуратурасының прокуроры А.Б.Елеусизова және білім бөлімінің бас маманы А.С.Сабанбаева 10-11 сынып оқушылары арасында кездесу өтті. Кездесу барысында есірткіні қолданудың зияны туралы әлеуметтік бейнеролик көрсетілді. Нашақорлық пен интернет алаяқтықтың алдын алу мәселесі бойынша, әкімшілік құқықбұзушылық пен қылмыстық құқықбұзушылық және кәмелетке толмағандардың арасында жол-көлік оқиғаларының алдын алу шаралары бойынша айтып түсіндірді.

2024 жылдың 26 ақпан күні «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу», «Жол қозғалысының ережелері және жол қауіпсіздігі» тақырыбында жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында 5-8 сынып білім алушыларына Хромтау ауданы ПБ ЖПҚБ Ювеналдық полиция тобының учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Ізгілік Мөлдір Алдиярқызы , Хромтау ауданы ПБ ЖПҚБ Ювеналдық полиция тобының учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Жубаназарова Алмагүл Қарашқызы және патрульдік полиция тобының инспекторы полиция капитаны С. Сарин ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізді. 8-9-10 кл оқушыларымен Хромтау ауданы ПБ ЖПКБ бастығы міндетін атқарушы полиция майоры Қ.Т.Мырзагелдиннің қатысуымен кездесу өтті.





Жастар арасында құқықбұзушылық, нашақорлық, лудоманияның алдын алу мақсатында Хромтау ауданының
ПБ орынбасары, полиция майоры Байгазин Нурбек Серикович 11- сынып оқушыларымен кездесті

Хромтау аудандық прокуратурасының прокуроры А.Б.Елеусізова, Хромтау ауданы ТЖБ- нің басшысы, азаматтық қорғау майоры А.Е.Алмагамбетов, Хромтау ауданы ПБ ЖПҚБ КТІЖ аға УПИ полиция майоры
К.Т. Мырзагелдин, аудандық білім бөлімінің әдіскері Б.С.Тұрар «Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережесі » тақырыбында 8-11-сынып оқушыларына түсіндіру жұмыстарын жүргізді.
- Жалпы қауіпсіздік ережелері (жолда жүру ережелері, мотоцикл, электр. самокат, квадроцикл, т.б.);
- Түнгі мезгілде көшеде жүрмеу; - Зорлық-зомбылықтың алдын алу; - Ұсақ құқық бұзушылықтың түрлері.
”Жаз мезгіліндегі суға шомылу қауіпсіздік ережесі” бойынша Хромтау ауданының ТЖБ - нің бастығы, азаматтық қорғау майоры А.Е.Алмагамбетов түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: Оқушыларға жазғы демалыста өзен мен көлдің жағасында қауіпсіздікті сақтау ережелерін білу; Жаз мезгілінде табиғат апаты болғанда адам өміріне қауіпті жағдайда өз өмірін сақтап қалуға және қасындағы адамдарға көмек көрсете білуге, жанашырлық пен табандылыққа тәрбиелеу.





“Хромтау аудандық Дін істері орталығы” КММ-нің басшысы Бигембетов Досхан Әлімханұлы оқушылармен дәстүрлі діндер мен дәстүрлі емес діни ағымдарды ажырату қажеттілігі туралы танымдық кездесу өткізді.
Аслан Берікұлы Жастардың діни сауаттылығын арттыру, теріс діни ағымдардан сақтануын қамтамасыз ету, сондай-ақ , исламның дінмен және дәстүрлермен тығыз байланысын түсіндіре отырып , оқушыларға еліміздің дінге қатысты ұстанымын түсіндірді.

2023-2024 оқу жылына мектеп директорының 2023ж 31.08. №195/2 Н/Қ бұйрығы негізінде Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің құрамы бекітілді.
Отаров Ш.Т-төраға, мектеп директоры
Кулумгарина Р.Ж –төрағаның орынбасары , мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Жубаназарова Г.Е –хатшы

Мүшелері: Изгалиева М.К –педагог –психолог ,Исмагулова Ж.С –әлеуметтік педагог ,Казбаева Ш.К – құқық пәнінің мұғалімі ,Утетлеуова Б.Б – мектеп медбике , Талтанова А. А- кітапханашы , Бердалина А.Е – ӘБ жетекшісі, Аблаева З.Р – тәлімгер ,Елдесбаева Ж – ата-ана ,Сисекенова Е –оқушы

Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің жылдық жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесі –бұл кәмелетке толмағандар арасындағы құқықтық тәрбие мен құқықбұзушылықтың алдын алу , оқушылардың құқықтық санасы мен рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Кеңес отырысы ай сайын уақытылы өткізілді, күн тәртібіндегі қаралған мәселелер хаттамаға түсірілді.

2023 ж 03.10 күні Хаттама №2 кезектен тыс отырыста іс-әрекеттері есепке қоюға негіз болған 11 сынып білім алушылары Искаков Нұрасыл , Аяопов Аман мектепішілік есепке алынды. 2024 ж 26.02. Хаттама №8 7ә сынып білім алушысы Нұрмұхамедов Еркін мектепішілік есепке алынды.

Мектепішілік есепте тұрған білім алушылармен жүргізілген жұмыс

ДТІЖО Кулумгарина Р.Ж тарапынан педагог –психолог Изгалиева М.К 27.09.2023ж Аяопов Аман мен Искаков Нұрасылды жеке психологиялық кеңеске қабылдауға сұраныс жасалды. Сұраныс жасаудың себептері: білім алушылардың тәртібінің өзгеруі. 11 а сынып білім алушысы – Аяопов Аманның тәртібін, сабақ үлгерімін, қосымшаға уақытылы қатысуын сынып жетекшісі Бисембаева Камшат Төребековна қадағалады.

Аман - мектепішілік **«Баскетбол»** үйірмесіне қатысты, жаттықтырушысы Абилов Болатбек Каирбаевич.

11 ә сынып білім алушысы Искаков Нұрасыл -мектепішілік **«Бірлік»** еріктілер клубының мүшесі , мектепте **«Футбол»** үйірмесіне қатысты , жаттықтырушысы – Сагиндыков Бауыржан Байгалиевич .

Нұрасыл Спорттық сауықтыру кешеніндегі **«Еркін күрес»** үйірмесіне қатысты , Жаттықтырушысы Жолмұратов Асылан Кабенович. Нұрасыл- бірнеше рет облыстық, республикалық, халықаралық спорттық сайыстарға қатысып, жүлделі орын иеленді.

Сынып жетекшісі Акниязова Гүлназ Конысовна Нұрасылдың сабаққа қатысымын , қосымшаға уақытылы келуін қадағалады. 2024 ж 25.01 күні Хаттама №6 11 сынып білім алушылары сынып жетекші мен үйірме жетекшілері тарапынан берілген қолдаухат негізінде мектепішілік есептен шығарылды.

Оқушылардың сабаққа қатысымы , себепсіз сабақтан босатылуы күнбе-күн қадағаланып отырды.

Төменде аты-жөні көрсетілген оқушылардың ата-аналарын мектепке шақырып жеке түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Зейнолла А-11 кл , Аманғос М -11 кл , Жақсылықов А -8 б кл, Әзи Р -8 б кл,

Сабитов М -6 ә кл, Қуат А -7а кл /сабақтан себепсіз қалғаны үшін/, Искаков Н -11ә кл, Аяопов А -11а кл , Жанабергенова А- 11 кл, Алмағамбетова Н- 11 кл, Қонысбаева Н -8а кл , Сейдильдина П -10 ә кл.

Қолайсыз отбасы-3 , ондағы бала саны- 6

Қолайсыз отбасында тәрбиеленіп отырған білім алушылардың тұрмыс жағдайы актіленіп, пән мұғалімдері , сынып жетекші, педагог-психолог тарапынан жеке жұмыстар жүргізілді.

Қолайсыз отбасында тұрған үш ата-ана :


1.Реймова А /балалары -Төретай Ж 1б кл , Төретай А -2 ә кл /

2.Сақыпкереева С /балалары - Сақыпкереев Д - 4б кл , Сақыпкереева Ж -1б кл /

3.Уталина А. /балалары-Темірбек Наргиза - 4а кл, Төрегалиева Райнұр -3а кл/

Хромтау аудандық санитариялық –эпидемиологиялық бақылау басқармасының 2023 жылдың 12 қазандағы №24-24-271/1246 хаты негізінде, 2023-2024 жылдардағы тұмау ауруының эпидемиологиялық кезеңі басталуына және қызылша, көкжөтел, вирусты гепатит А ауруларының алдын алу мақсатында эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру бойынша іс-шаралар жоспары аясында 17-19.10 күндері аралығында “Қызылша мен қызамықтың алдын алу”, “Тұмаудың алдын алу”, “Сарып” “Туберкулез” тақырыптарында 2-11 сынып оқушыларынан диктант алынды. Қатысқан оқушы саны - 430 .

2-4-сыныптар арасында “Туберкулез-аса жұқпалы ауру” тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты мен міндеті: ”Өзіңді туберкулезден қорға!” Ұлттық бағдарламасының басты мақсаты туберкулездің жеке және қоғамдық алдын алу шаралары, алғашқы белгілері, жұқтыру қаупі мен ауру салдары туралы халықты ақпараттандыру , денсаулығына жауапты болуға тәрбиелеу, өзін-өзі сақтайтын тәлімділікке дағдыландыру, міндетті түрде профилактикалық тексерудің маңыздылығын насихаттау түсіндіру болып табылады.


Мектеп медбикесі Утетлеуова Б.Б 1-11 сынып білім алушыларына “Туберкулез-бүкіл әлемге төнген қауіп” тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.





Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, ағзаның қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және ағзаның қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізу мақсатында 6-8 сынып білім алушыларына “Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті” тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Дұрыс тамақтанудың ережелері мен негізгі шарттары, дұрыс тамақтанбаудың зияны туралы топтық тапсырмалар орындалды.






«Оқуға құштар мектеп» жобасының жетекшісі Талтанова А.А Жалпы балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында **«**Әжемнің ертегілері», «Кел ,бірге оқиық!» , «20 минут оқы да , 3 минут эссе жаз», «Бір сынып-бір кітап» акциясы, «Әдебиет әлемі» талдау, «Бір отбасы – бір кітап» , «Менің отбасым оқиды» ,«Отбасының сүйікті кітаптары» сынды тақырыптарда 1-11 сыныптар бойынша іс-шаралар ұйымдастырды.

